

ISSN (Print) 2616-678X  
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov Eurasian  
National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ФИЛОЛОГИЯ сериясы**

**Серия ФИЛОЛОГИЯ**

**PHILOLOGY SeriesE**

**4(145)/ 2023**

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2023

Astana, 2023

Бас редакторы: **Жанат Аймұхамбет**

*филология ғылымдарының докторы, проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан*

Бас редактордың орынбасары: **Маншук Ескиндирова**

*PhD, доцент м.а., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан*

#### Редакция алқасы

<b>Айтуғанова Сәулеш</b>	ф.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Аскарарамиз</b>	ф.ғ.д., проф., Баку мемлекеттік университеті, Баку, Әзербайжан
<b>Әбдуәлиұлы Бекжан</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Әліпбай Бибол</b>	PhD, оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Аширбаев Самихан</b>	ф.ғ.д., проф., Ә. Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Бейсембаева Жанаргуль</b>	ф.ғ.к., доцент м.а., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Балтабаев Хамидулла</b>	ф.ғ.к., проф., Мырза Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Биженова Айгүл</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Беженару Людмила</b>	ф.ғ.к., проф., Яссы мемлекеттік университеті, Яссы, Румыния
<b>Гасанов Заур</b>	PhD, Әзербайжан ұлттық академиясы, Баку, Әзербайжан
<b>Екижи Метин</b>	доктор, проф., Еге университеті, Измир, Түркия
<b>Ескеева Мағрипа</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Жақыпов Жантас</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Жан Динжин</b>	PhD, проф., Миньцзу Қытай университеті, Пекин, Қытай
<b>Жарқынбекова Шолпан</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Жунусова Жаңылдық</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Қамзабекұлы Дихан</b>	ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., проф., «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің директоры, Астана, Қазақстан
<b>Қасқабасов Сейіт</b>	ҚР ҰҒА академигі, Алматы, Қазақстан
<b>Қасымбекова Нурилла</b>	ф.ғ.к., доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Кемеңгер Қайырбек</b>	ф.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Коста Петер</b>	PhD, проф., Потсдам университеті, Потсдам, Германия
<b>Минуллин Ким</b>	Татарстан Республикасы ҒА корреспондент мүшесі, ф.ғ.к., проф., Татарстан Республикасы Ғылым академиясының Ғ.Ибрагимов атындағы тіл, әдебиет және өнер институтының директоры, Қазан, Ресей
<b>Мусурманов Әркин</b>	ф.ғ.д., проф., Самарқан университеті жанындағы «Ұлы Жібек жолы» ғылыми орталығының директоры, Самарқан, Өзбекстан
<b>Наврозова Нурида</b>	ф.ғ.д., Баку мемлекеттік университетінің профессоры, Баку, Азербайжан
<b>Негимов Серік</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Нұрғали Қадияша</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Райхл Карл</b>	ф.ғ.д., проф., Бонн университеті, Бонн, Германия
<b>Риверс Уильям Патрик</b>	PhD, проф., Тіл және халықаралық білім бойынша бірлескен ұлттық комитеті, Вашингтон, АҚШ
<b>Саркенова Қарлығаш</b>	ф.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Сәтенова Серіккүл</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Тәжібаева Сәуле</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Тұрысбек Рақымжан</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Чернявская Валерия</b>	ф.ғ.д., проф., Лингводидактика жоғары мектебі, Санкт-Петербург, Ресей
<b>Шашкина Гульжан</b>	ф.ғ.к., доц., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Шәріп Амантай</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Янковски Хенрих</b>	PhD, проф., А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ. Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413) E-mail: vest\_phil@enu.kz Журнал менеджері: **Жуматаева А.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген. 19.02.2021 ж.

№KZ53VPY00032637 қайта есепке қою туралы куәлігі.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 10 дана. Басуға 30.06.2023 ж. қол қойылды.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Editor-in-Chief: Zhanat Aimukhambet**

*Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

**Deputy Editor-in-Chief: Manshuk Eskindirova**

*PhD, Acting associate professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

**Editorial board**

<b>Aituganova Saulesh</b>	Can. of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Askarov Ramiz</b>	Doctor of philology, Prof., Baku State University, Baku, Azerbaijan
<b>Abdualiuly Bekzhan</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
<b>Ashirbayev Samihan</b>	Doctor of philology, Prof., A. Navoi Tashkent State University of Uzbek Language and Literature, Tashkent, Uzbekistan
<b>Baltabaev Hamidulla</b>	Can. of philology, Prof., Mirzo Ulugbek Uzbek National University, Tashkent, Uzbekistan
<b>Beisembayeva Zhanargul</b>	Can. of philology, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Bezhenaru Lyudmila</b>	Doctor of philology, Prof., University UAIC, Iasi, Romania
<b>Bizhkenova Aigul</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Chernyavskaya Valeriya</b>	Doctor of philology, Prof. Higher school of linguodidactics and translation, Saint Petersburg, Russia
<b>Gassanov Zaur</b>	PhD, Azerbaijan National Academy of Sciences, Baku, Azerbaijan
<b>Yeskeyeva Magripa</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Henryk Jankowski</b>	PhD, Prof., Adam Mickiewicz University, Poznan, Poland
<b>Kaskabassov Seit</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Kasymbekova Nurilya</b>	Can. of philology, Acting assoc. professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
<b>Kamzabekuly Dikhan</b>	Doctor of philology, Prof., Academician of NAS RK, Director of the Republican newspaper «Egemen Kazakhstan», Astana, Kazakhstan
<b>Kosta Peter</b>	PhD, Prof., University of Potsdam, Potsdam, Germany
<b>Kemenger Kaiyrbek</b>	Can. of philology, assoc. professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Metin Ekiji</b>	PhD, Prof., Ege University, Izmir, Turkey
<b>Minnullin Kim</b>	Doctor of philology, Prof., Corresponding member of Academy of Sciences of the Republic of Tatarstan, Director of G.Ibragimov Institute of Language, Literature and Art, Kazan, Russia
<b>Musurmanov Erkin</b>	Doctor of philology, Prof., Director of the Great Silk Road Research Center of Samarkand State University, Samarkand, Uzbekistan
<b>Navruzova Nurida</b>	Doctor of philology, Prof., Baku State University, Baku, Azerbaijan
<b>Negimov Serik</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Nurgali Kadisha</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Nurieva Fanaza</b>	Doctor of philology, Prof., Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
<b>Reichl Karl</b>	Doctor of philology, Prof., University of Bonn, Bonn, Germany
<b>Rivers William Patrick</b>	PhD, Prof., Joint national Committee on languages and international education, Washington, USA
<b>Sarekenova Karlygash</b>	Can. of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Satenova Serikkul</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Shashkina Gulzhan</b>	Can. of philology, assoc. professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Sharip Amantay</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Tazhybayeva Saule</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Turysbek Rakymzhan</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Zhakypov Zhantas</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Zharkynbekova Sholpan</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Zhang Dingjing</b>	PhD, Prof., Minzu University of China, Beijing, China
<b>Zhunusova Zhanyldyk</b>	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan

**Editorial address:** 2, Satpayev Str., of. 402, Astana, Kazakhstan, 010008

**Tel.:** +7(7172) 709-500 (ext. 31-413) **E-mail:** vest\_phil@enu.kz **Managing Editor:** *Zhumatayeva A.*

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

**Owner:** Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilyov Eurasian National University»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan. Rediscount certificate № KZ53VPY00032637 dated 19.02.2021.

**Periodicity:** 4 times a year **Circulation:** 10 copies. Signed in print: 30.06.2023

**Address of printing house:** 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

Главный редактор: **Жанат Аймухамбет**  
доктор филологических наук, профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Зам. главного редактора: **Маншук Ескиндинова**  
PhD, и.о. доцента., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

#### Редакционная коллегия

<b>Айтуганова Саулеш</b>	к.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Аскарлов Рамиз</b>	д.ф.н., проф., Бакинский гос.университет, Баку, Азербайджан
<b>Абдуалиулы Бекжан</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Алипбай Бибол</b>	PhD, преподаватель, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Аширбаев Самихан</b>	д.ф.н., проф., Ташкентский гос.университет узбекского языка и литературы им. А. Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Бейсембаева Жанаргуль</b>	к.ф.н., доцент м.а., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Балтабаев Хамидулла</b>	к.ф.н., проф., Узбекский национальный университет им. Мирзо Улутбека, Ташкент, Узбекистан
<b>Бижкенова Айгүл</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Беженару Людмила</b>	к.ф.н., проф., Ясский гос.университет, Яссы, Румыния
<b>Гасанов Заур</b>	PhD, Национальная академия наук Азербайджана, Баку, Азербайджан
<b>Екижи Метин</b>	доктор, проф., Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Ескеева Мағрипа</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Жақыпов Жантас</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Жан Динжин</b>	PhD, проф., Китайский университет Миньцзу, Пекин, Китай
<b>Жаркынбекова Шолпан</b>	ф.ғ.д., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Жунусова Жаңылдык</b>	ф.ғ.д., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Камзабекулы Дихан</b>	академик НАН РК, д.ф.н., проф., директор республиканской газеты «Егемен Қазақстан», Астана, Казахстан
<b>Каскабасов Сеит</b>	академик НАН РК, Алматы, Қазақстан
<b>Касымбекова Нурия</b>	к.ф.н., и.о. доцента, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Кеменгер Каирбек</b>	к.ф.н., доцент, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Коста Петер</b>	PhD, проф., Потсдамский университет, Потсдам, Германия
<b>Минуллин Ким</b>	д.ф.н., проф., член-корреспондент Академии наук Республики Татарстан, директор Института языка, литературы и искусства им. Г.Ибрагимова, Казань, Россия
<b>Мусурманов Эркин</b>	д.ф.н., проф., директор научного центра «Великий шелковый путь» Самаркандского гос. университета, Самарканд, Узбекистан
<b>Наврузова Нурида</b>	д.ф.н., проф., Бакинский гос.университет, Баку, Азербайджан
<b>Негимов Серик</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Нурғали Қадиша</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Райхл Карл</b>	д.ф.н., проф., Бонн университеті, Бонн, Германия
<b>Риверс Уильям Патрик</b>	PhD, проф., Совместный национальный комитет по языкам и международному образованию, Вашингтон, США
<b>Сарекенова Карлыгаш</b>	к.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Сатенова Серикгуль</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Тажибаева Сауде</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Турысбек Рахымжан</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Чернявская Валерия</b>	д.ф.н., проф., Высшая школа лингводидактики и перевода, Санкт-Петербург, Россия
<b>Шашкина Гульжан</b>	к.ф.н., доц., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Шәріп Амантай</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Янковский Хенрих</b>	PhD, проф., Университет им.Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413) E-mail: vest\_phil@enu.kz Менеджер журнала: **Жуматаева А.**

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на переучет №KZ53VPY00032637 от 19.02.2021 г.

Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 10 экземпляров. Подписано в печать 30.06.2023 г.

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн. 31-413)

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.  
Филология сериясы, №4(145)/2023**

**МАЗМҰНЫ**

**ЛИНГВИСТИКА**

<b>Бегимова Г.А., Абдиров Ө.Қ.</b> Қазақ тіліндегі «бай-кедей» тақырыбындағы мақал-мәтелдердегі бинарлық оппозиция	8
<b>Ереханова Ф.Т., Сатылханова Г.А., Жорабекова А.Н.</b> Жалқы есімдердің қысқаша сипаттамасы	19
<b>Жусупов А.Е., Молдахметова З.Н.</b> Қажетке орай түсініктемесі шығатын Қазақстанның топонимия атласы (құрастыру бойынша бастапқы жұмыс)	35
<b>Кашкеева А.Б., Құлжанова Б.Р.</b> Халық танымындағы табудың лингвомәдени қызметі	45
<b>Мамырбек Г.М., Сейітбекова А.А.</b> «Хұсрау уа Шырын» мәтінін транскрипциялау мәселесі	55
<b>Мухатаева К., Майкотова Ф., Мергенбаева Қ.</b> Қазақстандағы латын әліпбиіне көшудің мемлекеттік тілді жаңғыртудағы рөлі	66
<b>Нугуманова Ә.Н., Жүнісова Ж.Н.</b> Тіл біліміндегі <i>саяси дискурс</i> ұғымының көпқырлылығы	79
<b>Нұрдаулетова Б.И., Аманқосов О.</b> Серікбол Қондыбай негіздеген «теңіз жылқыларының» түркілік генезисі (Маңғыстау сакралды мәтіндері негізінде)	87
<b>Сағымжанова Т.Б., Сағындық Н.Б., Алкая Е.</b> «Хұсрау-Шырын» поэмасы және түркі халықтарының эпикалық мұрасы	99

**ӘДЕБИЕТТАНУ**

<b>Асқарова А.Ш., Құлманов Қ.С.</b> Қазақ әңгімелеріндегі мистикалық мотивтер	109
<b>Жанбершиева Ұ., Оралова Г.С., Төлебаева А.Т., Камипшева Г.А.</b> Сыр сүлейлерінің (Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар) мысал өлеңдеріндегі Шығыстық дәстүр	121
<b>Қорғанбеков Б.С.</b> Дулат Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесінің танымдық және көркемдік мәні	132
<b>Мельнова К. В., Оспанова Ж.Т.</b> Қазіргі әдебиеттанудағы фэнтези жанрының ауқымы мен жан-жақтылығы	143
<b>Нұрғали Қ.Р., Уайсбаева А.Г.</b> Авторлық дүние суреті көркем шығарманы гендерлік талдау контекстінде (Л. Улицкаяның «Жасыл шатыр» романы бойынша)	153

**ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

<b>Байгунисова Г.И., Бейсембаева Ж.А., Абайдулла М.Е.</b> Қазақстанда ағылшын тілін оқытудағы көрнекі ойлаудың негізгі идеялары	161
<b>Жусупова Р.Ф., Амренова А.С., Абикар Нур Ш.</b> Университеттің дарынды студенттерін анықтау және олардың ағылшын тіліндегі дағдыларын дамыту	172
<b>Қошанова Ж.Т., Ахметова Т. А.</b> Қазақ тілін деңгейлеп меңгертуге бағытталған тапсырмалар жүйесінің сипаттамасы	188
<b>Тусупбекова М.Ж., Қасымбекова Н.С., Тажитова Г.З.</b> Ағылшын тілін оқытудағы когнитивтік көрнекілік (S. Gorlin «Nuclear English» оқулық негізінде)	197

**Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University.  
Philology Series, №4(145)/2023**

**CONTENTS**

**LINGUISTICS**

<b>Begimova G.A., Abdirov O.K.</b> Binary opposition in proverbs and sayings in the Kazakh language “rich-poor”	8
<b>Yerekhanova F.T., Satylkhanova G.A., Zhorabekova A.N.</b> Brief characteristics of proper names	19
<b>Zhussupov A.E., Moldakhmetova Z. N.</b> Toponymic atlas of Kazakhstan with tooltips (preliminary compilation work)	35
<b>Kashkeyeva A.B., Kulzhanova B.R.</b> Linguocultural function of taboo in cognition of nation	45
<b>Mamyrbek G.M., Seitbekova A.A.</b> The problem of transcription of the text «Khusrau ua Shirin»	55
<b>Mukhataeva K., Maikotova G., Mergenbayeva K.</b> The role of the transition to the Latin alphabet in Kazakhstan in the modernization of the state language	66
<b>Nugumanova A.N., Zhunussova Zh.N.</b> Multidimensionality approaches to the study of <i>political discourse</i>	79
<b>Nurdauletova B.I., Amankosov O.</b> Turkic genesis of “seahorses” according to Serikbol Kondybai (based on sacred texts of Mangistau)	87
<b>Sagymzhanova T.B., Sagyndyk N.B., Alkaya E.</b> The poem “Khosrov-Shirin” and the epic heritage of the Turkic peoples	99

**LITERATURE STUDIES**

<b>Askarova A.Sh., Kulmanov K.S.</b> Mystical motives in Kazakh stories	109
<b>Zhanbershiyeva U., Oralova G.S., Tulebayeva A.T., Kamisheva G.A.</b> Eastern traditions in fables of storytellers of the land of Syr	121
<b>Korganbekov B.S.</b> The cognitive and artistic value of Dulat Isabekov’s story “We Have Not Seen War”	132
<b>Melnova K.V., Ospanova Zh. T.</b> Diversity and Multiplicity of Fantasy Genre in Modern Literary Criticism	143
<b>Nurgali K. R., Uaisbayeva A. G.</b> Author’s Worldview in the Context of Gender Analysis of Literary Works (based on the Novel «Green Tent» by L. Ulitskaya)	153

**METHODS OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

<b>Baigunissova G. I., Beisembayeva Zh. A., Abaidulla M. Y.</b> Principle Ideas of Visible Thinking in Teaching English in Kazakhstan	161
<b>Zhussupova R.F., Amrenova A. S., Sh. Abikar Nur.</b> Identifying and Fostering Gifted University Students Across English Language Skills	172
<b>Koshanova Zh.T., Akhmetova T.A.</b> Description of the system of tasks for levelly learning the kazakh language	188
<b>Tussupbekova M.Zh., Kassymbekova N.S., Tazhitova G.Z.</b> Cognitive visualization in teaching English (on the example of the textbook «Nuclear English» by S. Gorlin»	197

СОДЕРЖАНИЕ

ЛИНГВИСТИКА

<b>Бегимова Г.А., Абдиров О.К.</b> Бинарная оппозиция в пословицах и поговорках на казахском языке «богатый-бедный»	8
<b>Ереханова Ф.Т., Сатылханова Г.А., Жорабекова А.Н.</b> Краткая характеристика имен собственных	19
<b>Жусупов А.Е., Молдахметова З.Н.</b> Топонимический атлас Казахстана с всплывающими подсказками (предварительная работа по составлению)	35
<b>Кашкеева А.Б., Кулжанова Б.Р.</b> Лингвокультурная функция табу в когнитии народа	45
<b>Мамырбек Г.М., Сеитбекова А.А.</b> Проблема транскрипций текста «Хусрау уа Ширин»	55
<b>Мухатаева К., Майкотова Г., Мергенбаева К.</b> Роль перехода на латинский алфавит в Казахстане в модернизации государственного языка	66
<b>Нугуманова А.Н., Жунусова Ж.Н.</b> Многоаспектность понятия <i>политический дискурс</i> в лингвистике	79
<b>Нурдаулетова Б.И., Аманкосов О.</b> Тюркский генезис «морского коня» по Серикболу Кондыбаю (на основе сакральных текстов Мангистау)	87
<b>Сагымжанова Т.Б., Сагындык Н.Б., Алкая Е.</b> Поэма «Хосров-Ширин» и эпическое наследие тюркских народов	99

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

<b>Аскарлова А.Ш., Кудманов К.С.</b> Мистические мотивы в казахских рассказах	109
<b>Жанбершиева У., Оралова Г.С., Толебаева А.Т., Камишева Г.А.</b> Восточные традиции в баснях-стихах сказителей земли Сыра (Турмагамбет, Жусип, Омар)	121
<b>Корганбеков Б.С.</b> Познательное и художественное значение повести Дулата Исабекова «Мы не видели войны»	132
<b>Мельнова К. В., Оспанова Ж.Т.</b> Диапазон и многогранность жанра фэнтези в современном литературоведении	143
<b>Нургали К.Р., Уайсбаева А.Г.</b> Авторская картина мира в контексте гендерного анализа художественного произведения (на материале романа Л.Улицкой «Зеленый шатер»)	153

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

<b>Байгунисова Г.И., Бейсембаева Ж.А., Абайдулла М.Е.</b> Основные идеи визуального мышления в преподавании английского языка в Казахстане	161
<b>Жусупова Р.Ф., Амренова А.С., Абикар Нур Ш.</b> Определение одаренных студентов университета и развитие их навыков английского языка	172
<b>Кошанова Ж.Т., Ахметова Т.А.</b> Характеристика системы заданий для уровня изучения казахского языка	188
<b>Тусупбекова М.Ж., Касымбекова Н.С., Тажитова Г.З.</b> Когнитивная визуальность в обучении английскому языку (на примере учебника S. Gorlin «Nuclear English»)	197



Г.А. Бегимова, Ө.Қ. Абдиров

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
E-mail: [gukjik\\_76@mail.ru](mailto:gukjik_76@mail.ru), [orken1996@mail.ru](mailto:orken1996@mail.ru)

### Қазақ тіліндегі «бай-кедей» тақырыбындағы мақал-мәтелдердегі бинарлық оппозиция

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тіліндегі «бай-кедей» тақырыбындағы мақал-мәтелдердің бинарлық оппозициясы қарастырылған және мақаладағы «бай-кедей» ұғымының мәні мен қарсылық деңгейін анықтауды мақсат етеді. Дәл осы тақырыптағы осыған дейін зерттеулер түсіндіру деңгейінде болса, мұнда мағыналық қарсылық деңгейін бағалауға ұмтылыс жасалады. Мақалада теориялық тұжырымдар мен гипотезалар, паремиялардың уәждемесіне байланысты классификациялар секілді тұрақты ұғымдардан бөлек, кей сөздердің этимологиясынан да хабар беріледі. Қазіргі кезеңде лингвофольклорлық зерттеулерді жүргізу арқылы текстологиялық мәселелерді шешу этнолингвистика үшін өте өзекті. Зерттеу барысында лингвофольклорлық бірлікті салыстырмалы және сипаттамалы-тарихи, анализ және синтез, індетте зерттеу әдіс-тәсілдері қолданылған. Паремия ішіндегі жеке бірліктерді қарсы позицияға қойып зерттеу де қарастырылды. Нәтижесінде «бай-кедей» ұғымдарының шығу тегінен бастап, перифериялық нүктелерін анықтай алдық. Зерттеу мен оның нәтижелері этнолингвистика, лексикология, паремиялогия саласына қызығушыларға маңызды болмақ. Зерттеу нәтижесі мен тұжырымдарын прагма-когнитивистикалық зерттеулерде, паремиялық сөздіктерде пайдалануға болады.

**Түйін сөздер:** мақал-мәтел, бинарлық оппозиция, паремия, этнолингвистика.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-8-18>

**Кіріспе.** Жалпы тіл біліміндегі «қарсылық» түсінігінен алар қазақ тілінің де үлесі баршылық. Себебі қазақ тілінің тілдік әлемінде де бинарлық оппозициядағы тілдік бірліктер өте көп. Соның бірі – «бай-кедей» бинарлық оппозициясы. «Бай мен кедей қарама-қарсы ұғым ба, сатылы түсінік пе?»-деген тексерісті сауал да осы тұстан шығады. Бір нүктеден бақыласақ тек қарсылықты көреміз (қарсы нүктелердің саны да тұрақты емес). Алайда ол нүкте абсолютті қарсылыққа ұшырай ма не ортадағы әлденені де шарпып өтеді ме? Біз гипотетикалық тұрғыда мақал-мәтелдердегі мағына қарсылығының шамасын (яғни «А\*Б» арасындағы мағына алшақтығын) өлшеу үшін бірінші мүшесі  $a_1$ , екінші мүшесі  $a_2 = a_1 + d$  (қазақ тілінің синтаксистік ережесімен интеграциялап жатқандықтан « $d + a_1$ » деп алмастырып пайдаланамыз) болатын арифметикалық прогрессияға салып көреміз (Мұндағы  $d$  - тұрақты сан). Мысалы, Егер  $a_1 =$  «бай адам»,  $d =$  «өте» болса,  $a_2$  неге тең? Шешімі:  $a_2 =$  өте + бай адам = өте бай адам болар еді. Прогрессия ережесі мағыналық деңгейде толық орындалуы үшін «адам» сөзі нейтралды ортада яғни «0»-де тұруы қажет. Себебі «Егер  $d > 0$



болса, онда арифметикалық прогрессия өспелі, егер  $d < 0$  болса, онда кемімелі болады» деген ережені шетке ысыра алмаймыз. Демек,  $a_1$  = «кедей адам»,  $d$  = «өте» болса,  $a_2$  = өте + кедей адам = өте кедей адам болуы қажет. Біз дәл осы тәсілмен мақал-мәтел ішіндегі мағына қарсылығының дәрежесін нақты айқындаймыз деуден аулақпыз. Себебі ұғымдардың «ядросы» мен «перифериясы» деген ең ұтымды терминдер бізге дейін анықталып қойған. Біздің көксейтініміз: «Мағыналық қарсылық осы секілді жүйеге бағынса, біз шамалай алатын бірізділікке қолжеткізер ме едік?!»-деген ниет. Алайда бұл әзірге жосыққа көне салатын шаруа болмай тұр. Өйткені қазақ тіліндегі ұғымдардың ядро-перифериялық қатынастағы сөздігін көзіміз шалмады. Осы себепті біз мағыналардың қайшылық деңгейін толық анықтай алмаймыз. Тек долбарлау мен жекелеген сөздердің өзіміз шамалаған қарсылық дәрежесін ғана көрсете аламыз. Материялық шамалардың қарсылық деңгейін өлшеу үшін арнайы өлшем бірліктер бар. Мағынасы да сонымен шамаланады. Ал көп жағдайда абстракт ұғымдарды материялық өлшемге сала алмауымыз да мағыналардың қарсылық дәрежесін анықтауға кедергі келтіреді. Біздің жағдайда тек қолда бар лингвобірліктердің мағыналық күзіретіне сеніп, оларға сатылы тізбек жасай аламыз.

Қарсылықтарды байқау салыстырудың және адамзаттың экзистенциялық әрекеттерінен туған қабілет. Салыстыру арқылы табиғаттың, бізден күшті құбылыстардың сырына үңіле бастадық. Әр күштіден құдай іздеп, оңан ұмтылу адамзатқа тән әрекеттердің бірегейі болып кетті. Жазбамыздың барысында аталған мәселеге басқа қырынан келеміз. Біз осынау іздену әрекетіндегі салыстыруды жиі пайдаланып, қарсымыздағы материяларды топ-топқа жіктей бастадық. Заттарды пайдалы-зиянды, жақсы-жаман, үлкен-кіші, т.б. белгілеріне байланысты ғана емес, табиғаттағы заттарға бір бүтін тұтас дүниедегі бір-бірімен байланысты бөлшектер, құбылыстар ретінде күрделірек классификацияларға топтастыру да әрекетімізді күрделендіре түсті. Айта кететін жай, салыстырулар сол кезеңдердегі адам қай деңгейде болса, сол дәрежеде жүзеге асып жатты. Философиядағы (инь-янь, бар-жоқ, ақ-қара, идеализм-материализм т.б.) түсініктер де осы салыстырудың жемісі деп білеміз. Ал лингвистикада осындай сөздер мен мазмұндар қайшылығын бинарлық оппозиция ретінде қарастырып жүрміз.

**Зерттеу әдістері.** Бұл мақалада мақалдарды бинарлы қатынас тұрғысынан талдау негізгі зерттеу әдісі ретінде алынып отыр. Мақалдың стереотипті және жағдаяттық мазмұны мен ондағы лексикалық бірліктердің мәні, синтаксистік қатынасы жайын тереңірек түсіну үшін, тіпті індетте зерттеу үшін де осы әдістің қажеттілігі туып отыр. Біздіңше, екі ұғымның мазмұн салмағын анықтау мүмкіндігі де қарсы қойғанда пайда болады. Әуелде айтып өткен арифметикалық прогрессия әдісі де осынау қарсылықтың қаншалықты деңгейде екенін анықтаудың болжалды амалы еді. Жалпы дуалды түсініктерді зерделеуге арналған бинарлық оппозиция жолы біз ойлап тапқан әдіс емес-ті. Сонымен қатар маңызды лексикалық бірліктерге тереңірек түсінік беру мақсатында компоненттік талдау да жасалды. Компоненттік талдау жолымен қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріндегі «бай-кедей» концептуалды оппозициясы номинанттарының сөздік дефиницияларын саралау сөздердің базалық бөлігінің семантикалық құрылымын анықтауға мүмкіндік берді. Түсіндірме сөздіктер әлемнің тілдік бейнесінде қалыптасқан ұлтқа тән ерекшелікті көрсетеді, концептінің ядролық негізінің дамуын, өзгерісін анықтайды. Адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасында болмыстың заңдылықтарын тану жолындағы алғашқы қадамдары ертеден келе жатқан классификациялардан айқын көрінеді. Архаикалық қоғамды зерттеуші ғалымдардың айтуына қарағанда, алғашқы қауымдық ойлауда дүниені классификациялаудың көптеген түрлері болған. Кейбір ежелгі классификациялар қазіргі логика тұрғысынан бір-біріне ешқандай қатысы жоқ болып көрінетін заттар мен ұғымдарды топтастырып, жүйелеуімен ерекшеленеді. Бір қарағанда жуыспайтын құбылыстар болып көрінеді, ал архаикалық қауымның тарихи дамуы тұрғысынан қарайтын болсақ, бұл классификацияларда жүйелі ойлау іздері сайрап жатыр. Жалпы алғанда бинарлық оппозиция ұғымы қарама-қарсылықты сипаттайтын ұғым. «Қай тараптан, қай призмадан қарағанда?» деген сауалға «жағдаят жауап береді» дер едік. Себебі қауым бойындағы

көзқарас санқырлы және өзгермелі. Бұл жеке біздің емес, бізге дейінгі Әбу Насыр Әл-Фараби секілді ғұламалардың жазбаларында да қарастырылған мәселе: «Олар бірден-бір иегерде бірден-бір қатынаста, бірден-бір уақытта бола алмайтын, осындай екі қарсы жатушылар. Бір-біріне қарсы жататын нәрселердің төрт түрі бар: 1) ара қатысты нәрселер, 2) қарама-қарсы нәрселер, 3) айырылу және иелену, 4) мақұлдау және терістеу. Осылардан қарама-қарсылыққа тоқталсақ, олар екі түрлі болып келеді, бір жағдайда олардың арасында ешқандай орташа жоқ, мысалы жұп және тақ, ал екінші жағдайда – олардың арасында ортақ әдене бар (Мысалы, ақтық пен қаралықтың, жылылық пен суықтықтың арасын көмес көпір жалғап жатыр). Олардың ортасында аралық (буын) бар, қашан екі қарама-қарсылықтардың біреуі бойындағы қайсыбір иегерге тән болмаса, онда соңғы олардың екеуінен де айырыла алады, осылай, мысалы, су, себебі онда суық пен жылыну қашанда болу міндетті емес, кейбір жағдайларда ол жылы да емес, суық та емес болады және де оған олардың арасындағы орташа бірдеме тән» [1, 201].

Қарсылықты құрылымдардың шығу тарихы Прага лингвистикалық мектеп өкілдерінің жемісі, ол мектеп 1926 жылы Прага үйірмесінде бастау алған мұнда ір орыс және чех лингвистері Н.С.Трубецкой, В.Матезиус, Р.Якобсон, Б.Трнка, Б.Говранек, И.Вахех кейін В.Скаличка, И.Коржинек және т.б. жаңа мектептің бағдарламалық іс-әрекеті атақты тезисте беріліп 1929 жылы жарық көрген. Қазіргі лингвистикада бинарлық оппозиция мәселесі едәуір зерттелген және антонимиямен бір мазмұнда қарастырылады. Дегенмен, мақал-мәтел сияқты түйінді, күрделі құрылымдардың мәселелерін қарастыру үшін бұл салаға қайтадан мойын бұрып отырмыз.Тіл білімінде ғалымдар болымсыздықты «оппозиция» деген түсінікпен байланыстырады. Әлемдік ғылыми ортада алғаш рет осы терминді енгізген ғалым, орыс ғалымы Н.С.Трубецкой болатын. Қазіргі уақытта бинарлық оппозиция «әлемді ұтымды сипаттаудың әмбебап құралы, онда бір мезгілде екі қарама-қарсы ұғымдар қарастырылады, олардың бірі қандай да бір сапаны бекітеді, ал екіншісі – жоққа шығарады»(Мысалы, бай – бай емес) деп түсініледі. Н.С.Трубецкой бір-бірінен айырмашылығы бар, бірін-бірі жоққа шығаруымен бірге ортақ қасиеті барын айтып, үш типті оппозицияны көрсеткен. Олар: привативті (қос мүшелі), градуалды (басқышты, сатылы); эквиполентті (тепе-тең) [2, 7].

А.Я. Гуревичтің айтуынша, бинарлық оппозиция адам санасының категорияларын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай әмбебап ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты және адамдарға қоршаған шындықты қабылдауға көмектесетін «әлем моделін» құрайды [3,7]. Адамдардың санаттары Д.Браунның зерттеулерінің бірінде егжей-тегжейлі зерттелген. Нәтижесінде кез-келген ұлттың өкілдері келесі бинарлы оппозицияларды ажырататыны анықталған: еркек-әйел, қара-ақ, жақсы-жаман [4, 394].

Бинарлық оппозициялық жұптар классификациясын лингвистикалық әдіс-тәсілдер қатарында қолдану тілдік фактілерді логика-философиялық, логика-когнитивтік, логика-мәдениеттанымдық тұрғыдан талдауға жаңаша реңк үстемелеп, лингвистикалық ғылыми талдаудың әдістемесін белгілі дәрежеде жасауға ықпал етеді. Мысалы, тілдік санамыздағы ұғымдарды классификациялау кезінде бинарлы классификацияның жинақтаушы әсері барын байқаймыз.

Ғалым Т.В.Цивьян бинарлық оппозиция ретінде әлемдік ұғымдарды іштей:

1) Кеңістіктің құрылысына байланысты – жоғары-төмен, көк жүзі-қара жер, жер-жер асты әлемі, оң-сол, шығыс-батыс, солтүстік-оңтүстік, т.б.

2) Уақытқа байланысты – күн-түн, жарық-қараңғы, жаз-қыс, көктем-күз, т.б.

3) Түске байланысты – ақ-қара, қызыл-қара, т.б.

4) Табиғат және мәдениет оппозициясы тұрғысынан – дымқыл-құрғақ, шикі-піскен, табиғи-жасанды, т.б.

5) Әлеуметтік категорияға қатысты (жас мөлшерлік, қоғамдық әртүрлі мағынада) – еркек-әйел, үлкен-кіші, жас-кәрі, қыз-ұл, жат-жақын, т.б.

6) Дүние бейнесін айқындауға байланысты киелі-қасиетті-пенделік, бұ дүниелік-бақилық, т.б. деп бірнеше жұпта қарастырған [5, 37]. Осы аталған қатардағы әлеуметтік

категорияға қатысты бинарлық оппозициялар халқымыздың фольклорынан, оның ішінде мақал-мәтелдерден көрініс табады. Мәселен:

Кедей бай болсам дейді,  
Бай құдай болсам дейді [БС].

Жоғарыда келтірілген мысал мен мақала кіндігіне айналып отырған «бай-кедей» ұғымдары және оларға қатысты мақалдардың мазмұны біздің назарымызды өзіне бұрып отыр. Себебі нарықтық қоғамда өмір кешіп жатқан біздің халықтың түсінігінде «бай-кедей» ұғымдарының қандай күй кешіп жатқаны түсініксіз. Себебі аталған сөздердің семалық қатпары тым қалың. Нақтырақ айтсақ пайда болуы мен эволюциясы тереңнен бастау алады. Біз аталған ұғымдардың пайда болуы мен олардың таңбалануы мен таңбалық жаңа мағына үстеулері параллельді түрде жүзеге асты деген ойдамыз. Онымен қоса «жоқ, кедей, жарлы» ұғымдарының қарама-қайшылығы ретінде «бар, бай, би, бек» түсініктері әр кезеңдегі мақал-мәтелдерде де бинарлық оппозицияда қолданылды деп білеміз. Сондықтан да «бай-кедей» қайшылығына байланысты мақал-мәтелдерді зерделеуде жоғарыда көрсетілген ғалымдардың классификацияларына сүйеніп, бинарлық оппозиция әдіс-тәсілдерін мейлінше пайдалануға тырысамыз. Сонымен қатар анализ-синтез, сипаттамалы және салыстырмалы-тарихи әдістерді де ішінара қолданамыз. Зерттеудің кіріспе және қорытынды бөліктерінде зерттеудің мақсат-міндеттері мен олардың нәтижесін түсіндіру үшін функционалды лингвистиканың тәсілдері мен терминдері қолданылады.

**Әдебиетке шолу.** Қазақ мақал-мәтелдеріндегі бай-кедей тақырбын зерделеу ХІХ ғасырдағы Абай Құнанбайұлы шығармашылығынан бастау алды десек те болады. Қазір жалпы жұрттың аузында Абайдың 45 қара сөзі деп айтылып жүрген ғақлияның 29-сөзінде: «Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын. Егер онысы жалға жүргеніңде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол - ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек - ол арлы адамның ісі», - деп жарлылық жайлы қазақ мақалын өзінше талдап, баға беруге тырысады [6].

ХХІ ғасырдың алғашқы ширегіне тән бинарлық ұғымдар жөніндегі талдауларды негізінен шетелдік зерттеулерден көбірек байқайтынымыз жасырын емес. Бірақ ол отандық ғалымдар аталған тақырыпты мүлдем қозғамай жүр деген сөз емес. Тек осы қазақ тіл білімі ауқымында жасалған зерттеулердің әлі де жеткіліксіз екенін аңғартады. Соңғы жылдарда жарық көрген зерттеулердің ішінде Э.Н. Дүнгенбай, Ж.К. Отарбекова, З. Каймаздың авторлығымен жарық көрген «аманат пен қиянат» ұғымдарының оппозициясына концептілік талдау жасаған мақаласына, Б. Сүйерқұл мен А.А. Құрманәлі Чакыроғлуның «бақыт және бақытсыздық» тақырыбындағы қазақ мақал-мәтелдеріне жасалған зерттеуіне тоқталып кетуге болады. Бірінші мақалада тілдік маңызы бар терминдердің концепт тұрғысында зерттелу маңыздылығы тұрғыда айтылған, соның ішінде қазақ ұлтының дүниетанымдық ерекшелігін көрсететін концептілердің бірі «аманат» концептісі тарқатып жазылған. Онымен оппозициялық жұп құрайтын «қиянат» та қоса зерделенген. Авторлар аманат пен қиянат ұғымдарына кеңінен мағыналық талдау жасай келіп, Алматы қаласы, Түрксіб ауданында орналасқан «№83 Гимназия» КММ-да білім алатын 16-18 жас аралығындағы оқушылар арасында ассоциациялық әдіске негізделген әлеуметтік сауалнама жүргізген [7, 147-157]. Зерттеу нәтижесі мен оған жасалған анализге көз жүгірте келе зерттеу қос ұғымдағы мағыналық ядролардың ара жігін анықтауды мақсат тұтқан деп ойлаймыз. Кейінгі зерттеу еңбегінде қазақ тіліндегі «бақыт-бақытсыздық» ұғымдарына байланысты мақал-мәтелдер сараланған. Мақаланың мақсаты қазақ мақал-мәтелдерінде кездесетін «бақыт-бақытсыздық» ұғымдарының арасындағы қарама-қайшылық пен байланысты анықтау [8, 129-132]. Зерттеу паремиялық бірліктер жайында болғандықтан, біз үшін қызықты әрі маңызды болып қала бермек. Әлемдік ғылыми кеңістіктегі аталған тақырыпта қазақ тіл біліміне қатысты зерттеулердің аздығы бізді алаңдатады. Бұл дегеніміз

ұлттық ғылыми контентті жетілдіруге дер кезінде көңіл бөлмесек, уақытқа есе жіберіп аламыз деген сөз.

**Талқылау.** Тіліміздегі «жоқ» сөзінің жоқ-жітік, кедей ауыс мағынада актив қолданыста екенін білеміз. Бұл қазіргі қазақ тілі тұрғысынан алып қарағанда да сөздік ашуды талап етпейтін деігейдегі түсінікті ұғым. Ал «кедей» сөзі – жарлы, жоқ сөздерінің мәнін актив түрде таңбалап жүрген, кірме сөз:

КЕДЕЙ (пар. гедәй بادگ)

1. Жарлы.
2. Қайыршы, тіленші [9].

КЕДЕЙ парсы тіліндегі мағыналары «жарлы», «қайыршы, тіленші». Қазақ тілінде «байларға қарама-қарсы қойылатын әлеуметтік топ өкілдері» ұғымында да қолданылады. Көне түркі тілінде бұл мағынада «шығай» сөзі қолданылған. Көне «шығай» сөзі қолданыстан ығысып, орнына парсы тілінен енген «кедей» сөзі актив қолданысқа ие болды. «Шығай» сөзі қазақ тілінде «шық бермес Шығайбай» тіркесінде ғана сақталған [10].

Кедейлік тек қазақта емес барлық елде кездесетін құбылыс, алайда барлық қоғамдағы бай-бақуаттылардың көзқарасы қазақ байларындай бола қойған жоқ. Қазақ байы бір өзі ауылындағы жарлы-жақыбайларының жағдайын жасап отырған. Кедей болу қай дәуірдегі көзқараста болсын керемет дүние емес. Қазақтың бай, бек, би болуға оң көзқарасы мен оны құрмет тұтқандығын шен беру, ел басқару ісі мен ат қою дәстүріндегі «бек, бай, би» формаларының кісі есімдеріне жалғануынан байқай аламыз. Бір қызығы, дәл осы құбылыс мақал-мәтелге келгенде кері сипат алған. Мақал-мәтелдердегі байлардың образы көбінесе теріс сипатта көрінеді. Олай болуының бір себебі «бар» сөзінен өрбіген «бай, бек, би» сөздерінің универсалдылығында болуы мүмкін.

Барлық азия халықтарының тілінде ұшырасатын осы сөздің этимологиясына алғашқылардың бірі болып тоқталған ғалым А. Н. Самойлович болды. Ол көптеген ескерткіштерді, әртүрлі халықтардың тілін зерттей келе бай (бэй) сөзінің бар ~ бар-вар сөздерінен шығып, содан әрқилы өзгерістерге ұшыраған деп көрсетеді. Өз зерттеуінде чуваш тіліндегі пуйан, монғол және маньчжур тілдеріндегі бајан, бајандур деген тайпа атауын, Вајигқи топонимдерін мысалға келтіріп, аталған сөздердің барлығын этимологиялық тұрғыдан тамырлас деп қарайды. Автор бау, бауап, рауап, бар деген сөздердің «бай, ауқатты» деген осы күнгі әлеуметтік ұғымдардың бастапқы мағынасы емес екенін ескертеді. «Значение «богатый» вытеснило более древние значения или возобладало над ними в раннюю пору феодализма в языках тюркской системы...» деп жазады ғалым [11, 25-32]. Сонда ғалым біздің қазіргі түсінігіміздегі «бай» деген ұғымның кейін пайда болғандығын меңзеп тұр. Ал алғашқы мәні әдеттегі «жоқ» деген ұғымға бинарлы оппозициядағы «бар» деген мағынаны білдіргендігі. Демек, «бай» сөзінің «бек, би» нұсқалары да осы «бар» деген ұғымнан туындаған. Тілдердің даму, таралу заңдылықтарына сәйкес бұл сөз де санқилы дыбыстық, мағыналық өзгерістерге ұшырағанымен, түпкі семантикалық байланысын сақтап қалған. Оны тіпті тіліміздегі мақал-мәтелдерден де байқаймыз:

Барлық жарастырады,  
Жоқтық таластырады [БС].  
Барлық-байлық не дегізбес,  
Жоқтық не жегізбес [БС].

Алтай тобындағы барлық тілдерде кездесетін «бай» сөзі жайлы кейінгі кезеңдерде ғалымдардың қызығушылығын туғызып, зерттеу нысанына айналдырды. Осы тақырыпты құмық тіліндегі нұсқасымен салыстыра арнайы қарастырған ғалым С.М.Лабазанова: «Таким образом, лексема бай в тюркских языках имеет разветвленную семантическую структуру. Появившись в общеалтайскую эпоху, она сохранилась почти во всех тюркских языках. Многообразие значений постепенно угасает с востока на запад. В азербайджанском и турецком языках данная лексема не представлена, в этих языках значение «богатый»

передается словами *bahalı* и *zengin*. В монгольских языках имеются следующие соответствия тюркскому бай: *bajo* // баян «богатый», «богач», в хазарских диалектах *baju*, баялаг «богатый», в калмыцком байн «богатый», байн күн «богач», байжх «богатеть», байлг «богатство», «достаток», в бурятском баян «богатый», баялиг «богатство». Слово «бай в разных фонетических вариантах известно во всех тунгусо-маньчжурских языках, кроме эвенкского: в ороцком, удэгейском, ульчском, орокском байан «богатый», «богач», нанайском баја «богатый», «богач», в маньчжурском баја «разбогатеть» и бајан «богатый», «богач» [17, с. 29], в эвенкийском бай имеет два значения: 1) богатство, 2) богатый, абаян три: 1) богач, 2) богатство, 3) богатый [9, с. 48,52]»-деген пікір білдіреді [12].

Осы тұста «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» жырынан белгілі фольклорымыздағы «Баян Сұлу» деген атаудағы «баян» сөзі қазақ тілінде «бай» сөзімен бір алаңда жұмсала бермейтінін аңғарамыз. «Баян» нұсқасы екіншілік ілкі мағынада алтайлық тілдік топтың ішінде буряттар мен мәнжурлерде ғана сақталғанын. Тіліміздегі «ханым» деген сөздің орнында ілкі кезеңдерде «бай» сөзінің жұбы баян(*bajo* – бай) қолданылуы мүмкін деп топшылаймыз. Өйткені Түркия түріктерінің тілінде әлі күнге дейін «*baуan*» сөзі «ханым, ару, бике» деген мағыналарда жұмсалады.

**Нәтижелер.** Халықтың тұрмысы сөзінде, сөзі тұрмысында астасып жатады. Мақал-мәтел сол сөз саптаулардың електен өткен формасы. Адам өмірінде қандай жағдаят көбірек болса, сонан алынған тәжірибе мақалға айналып кете барады. Халықтың сан ғасырлар бойы сана сұрыптауынан өткеріп келген, моральдарының жиынтығы және сол арқылы туындайтын көзқарас та осы мақал мағынасына жасырынады. «Бай» мен «байлық» ұғымына қатысты мақалдардың көбі теріс мағынаға толы. Мысалы, «Ақы – арсыз, Бай – қырсыз.». Мақалда жомарт арсыз ал, бай кісі ұры келетінін меңзейді. Жомарттың «ақы/ахы» деген көнерген нұсқасы қазіргі қолданысымызда кездесе бермейді. Көне жазба ескерткіштеріміздің бірі Игүнекидің «Ақиқат сыйы» атты еңбегінде «Ахы бол саңа сөз дүснәм келмәсүн (Жомарт бол, саған жаман сөз жуымасын) [Ақиқат сыйы, 231], Ахы бол ахылық сені севдүрүр (Жомарт бол, жомарттық сені сүйкімді етеді/сүйдірер) [Ақиқат сыйы, 260] [13, 71]. Мақалдың екінші бөлігіндегі «қырсыз» сөзіне біздің әдеби сөздікте түсіндірме берілмеген. Алайда бауырлас ел, Түркия түріктерінде «ұры» мағынасында актив қолданыста [14]. Мақалдың мағынасы мен лексикалық құрамына қарай ертеректе пайда болған мақал болуы мүмкін деп топшылай аламыз. Қазақ даласындағы ордалар мен хандықтарда хан билігімен қатар билердің билігі де үкімді болғанын жоққа шығара алмаймыз. Ноғай ордасының Едіге би, Оқас би, Ахмет би, Мұса би, Шейх-Мамай би сынды даңқты билеушілері соған дәлел. Бұл тұстағы билердің қызметінен олардың бір аймақтың «қожайыны» екені аңғарылады. Алайда Ноғайлы кезеңінен кейін билікке келген билерді байқамаймыз. Содан бергі билер функциясы қазылық қызметке көбірек ұқсайды. Ноғайлы кезеңінен XIX ғасыр аралығындағы мақалдарға келесілерді жатқызамыз: «Бай Құдай ұрарында жортуыл болады, Жарлы Құдай ұрарында қатынын тастайды», нұсқасы – «Биді Құдай ұрарында жортуыл бастайды, Биені Құдай ұрарында құлын тастайды[БС]. Өйткені билердің биліктегі рөлі мен қазылық қызметтегі абыройы XVIII ғасырдың ортасына дейін, нақтырақ айтсақ, Абылай хан тұсына дейін жоғары дәрежеде болды. Одан соң хан ордасындағы мәртебесі төмендеген билерге халық көзқарасы да өзгере бастағандай көрінеді. Жоғарыдағы мақалдардан сол құбылыстың алғашқы белгілерін байқаймыз. Мақалдарды фольклорлық бірлік ретінде алып қарап, шығу тарихын анықтаудың да текстологиялық маңызы бар екенін осындай жағдайда байқаймыз. «Байлық» жайында қаншама пікір болса, «бай» жөнінде де соншама мол көзқарас кездеседі. Біз зерттеуімізде «Бабалар сөзі» көптомдығында жинақталған мақал-мәтелдерді қарастырып отырмыз. Мысалы, «Артық байлық аздырар, Артық күлкі тоздырар.», «Бай мейірінен – күн мейірі.», «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін.», «Семіз – көркем, Бай – шешен.», «Ескі бай аяншақ келер, Жаңа бай мақтаншақ келер.», «Ескі байдан жұрт қалмас, Жаңа байдан шөп қалмас.», «Көпті қысқан бай болар. «Мал, дүние, байлық – қолдың кірі.», «Жаман бай Құдайдан қорықпайды, ұрыдан қорқады.»

«Базары жақын байымас, Бай бауырын танымас, Сауда досқа қарамас.», «Батыр – аңғырт, Бай – салғырт.» [БС]. Байқағанымыздай, бәрінің мағынасы негативті сипатта. Бұған әсер еткен факторлардың мәні неде екенін қарастырсақ, түрлі факторлар ортаға шығады. Соның бірі қарапайым халықтың немесе әлеуметтік төменгі тап өкілдердің жоғарғы таптағы бай, билерге деген ішкі қыжылы. Отаршыл Ресейдің мұрагеріндей болған КСРО саясаты да байлар мен кедейлер ортасына жік салып, бір ауылды ұйытып отырған байларды ең сорақы образға айналдырып жіберді. Әуел бастан ел аузынан табылып жүрген, кейін келе Ресей саясатының ықпалынан бүлінген би, болыстың қысымынан пайда болған «Бай болып көргенім жоқ, Жарлы болып өлгенім жоқ.», «Байлар ашты тоқ санар, Аш жаманын жоқ санар.», «Ауылдан шыққан күні, Байға қонба, сайға қон.», «Бай пәле болады, Сай пана болады.» секілді мақал-мәтелдер де әлі күнге дейін фольклорлық бірліктеріміздің санын арттырып тұр. Көрсетілген мақалдар XIX ғасырдың айнала шенінде пайда болуы мүмкін деген ойымыз уәжді. Оған дәлел: «Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малдан айырылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағындық. Әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жиюға күшім жетімді болсын деп, қызметке болыстық, билікке таластық.»-деп кезең көзқарасын бейнелейтін Абай ғақлиясы [15, 175].

Осы қатардан мазмұндық орын алатын «Бай байға құяды, Сай сайға құяды.» деген паремияға XX ғасырдың басындағы қоғам пікірін мысалға салған Ахмет Байтұрсынұлының тікелей қатысы және бар. Демек, Ахмет дәуірінде таптық күрестің толқыны қаттырақ байқалды. Біздің топшылауымызша, «Байлық мұрат емес, Жарлылық ұят емес.», «Кедейдің келді заманы, Құрыды байдың амалы.» деген сияқты мақалдар XIX-XX ғасырларда пайда болған. Тіпті сөздерінің өзі бұл паремиялық бірліктің функциясы мен адресантынан хабар беретіндей көрінеді. Солай десек те, «бай» сөзінің тіліміздегі мағынасы негативті сипатта ғана дамымағанын ұмытпауымыз қажет. Өйткені фольклорымыздағы Байбөрі, Тоқтарбай және тарихымыздағы Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбайларға ел қошеметі мен халықтың құрметі әлі де ерек. Тіпті шын аты Ерасыл болған батыр тұлғалы жігітке «Қабанбай» атауын беру де ел құрметінен туған әрекет еді. Алайда мұнан шығатын тағы бір түйткілді ой «бай» сөзінде «титудық, ерлік, бақуаттылық» және «ер жігіттік» семалары жатыр. Ал оның «би», «бар», «бек» нұсқаларының өзінде де біршама сема сақталған. Бұл жайлы зерттеуші С.Қоңдыбай: «Бек» сөзі өзінің титудық мәнін жойып, тек адам есімін жасау дәстүрінің жиі қолданылатын формантына айналды, мысалы, Қазыбек, Нұрбек, Алтынбек сияқты есімдер тізімі – осының куәсі. Қазақта «бек» сөзінің «би» варианты да қолданылып, ол соңғы ғасырларға шейін ру-тайпа көсемдері мен абыздарының атауы, титулы ретінде пайдаланылып келді» – деген пікір білдіреді [17, 172].

Осы пікірлерді жинақтай келе, халық үшін барлықтың, бектіктің, байлықтың тек теріс жағын көру ұтымды шешім болмас еді. Оны біздің ата-бабаларымыз да білсе керек: «Батыр деген – барақ ит, екі қатынның бірі табатын. Би деген – ақсары ат, бүтін елге біреу табатын.»-деп биліктің жәй адамның қолынан келетін шаруа емес екенін аңғартады. Мұнда біз, халықтың билерге бағытталған «Тура биде туған жоқ, Туғанды биде иман жоқ» [БС]. деген критерийін негізге алып отырмыз.

Демек, «бай-кедей» қайшылығын қарастырған кезде «бек, би, бар, баян» деген ұғымдардың да жалпы мағына сферасын толықтыруда үлесі барын ұмытпауымыз қажет екен. Осы тұста әлі күнге дейін «адам қанағатсыздығы» ұғымымен түсіндіріліп келген «Кедей бай болсам дейді, Бай құдай болсам дейді.» паремиясындағы «кедей→бай→құдай» кері иерархиясы жайлы айта кету керек. Біздің ойымызша, мұндағы кедейдің бай болуға ұмтылуы және байдың өз жаратушысына ұмтылуында экзистенциялық сарын бар. Мұндағы бай болу лексемасында тек дүние-мал жинау мен осы кезге дейінгі түсініктегідей «қанағатсыздық» жатқан жоқ. Біздіңше, мұндағы бай болу Алланың «әл-халиқ» қасиетіне(жоқтан бар жасайтын) ұмтылып бардан жаңа бір дүние жасау, «әл-ғаффар»

қасиетіне ұмтылып жарылқау, «әр-раззақ» сипатына еліктеп ризықтандыру. Себебі қазақтың танымындағы байлар ауыл аймағы мен ел-жұртына жайлы, сыйлы бола білген және «бай» сипаты сол қасиеттеріне қарай берілген. Байлықтың рахатын тек өзі көрмей, жаратқанның жіберген ырзығынан айналасына да үлестіріп отырған. Оның бір мысалы:

«Кешегі өткен заманда,  
Дін-мұсылман аманда,  
Қарақыпшақ Қобыланды,  
Атасы мұның Тоқтарбай  
Халықтан асқан болды бай.  
Байлығыңда есеп жоқ,  
Айдалып бағып жайылды,  
Төрт түлік малдың бәрі сай.  
Жаз жайлауы Көздікөл  
Көздікөлдi жайлаған  
Қалың Қыпшақ жағалай.  
Тоқтарбайдың дәулеті,  
Ішкені мас, жеген тоқ,

Бай-кедейдің көңілі жай.» – деп келетін Қобыланды жырындағы Тоқтарбай [17, 7].

Қазақ даласына социализм идеясымен келіп, қазақ қоғамын аздырған, сауатты байларынан қуғындап-сүргіндеп айырған саясат кейінгі байларға деген әлеуметтің теріс көзқарасын туғызды. Соның паремиялық бірлікте сақталған тағы бір белгісі «Байдың малын байғұс қызғанады» [БС]. мақалынан көрінеді. Ендігі қоғамда қазаққа бай болуға болмайтын секілді, бауды қылмыстай қылып, бай болуға ұмтылу да елді тонаумен бірдей болып көрінді. Ешкім адалынан байи алмайды деген түсінік ортаға шықты. Содан бергі қоғам болып мақалдың әуелгі мағынасынан сырт айнала бастағандаймыз. Соның салдары кейінгі ұрпақ санасынан қылаң беруде. Сондықтан да мұнан былай «бай-кедей» қайшылығында сөз қозғаған тұста, «бар мен жоқ, жарлы мен бай, кісі мен би, халық пен бек» жайлы айтып жатқанымызды ұмытпауымыз керек. Керек жерінде нақтылай түсу де артық емес. Өйткені бұл сөздер мен олардың астарындағы мағыналар бір-бірімен тамырлас.

3. Егер бір дыбыс әртүрлі араб таңбаларымен жазылса, мысалы: *هسلىق және اسلىق* немесе *ازوا және هزوا*, онда сингармонизм заңдылығына сәйкес *қылса, үзә* деп оқимыз.
4. Араб тіліндегі *ظ, ط, ض, ص, ذ* дауыссыздары үшін арнайы таңба алынған жоқ.
5. Біз келтірген сөз әртүрлі түркі тілдерінде бірдей айтылып, тек графикалық тұрғыдан ғана ерекшеленетін жағдайларда ол сөзді өзіміз қабылдаған транскрипцияда бердік. Мысалы, қаз. *қазан*, кир. *казан*, ног. *къазан* сөзі *қазан* түрінде алынды.
6. Араб тіліндегі *ظ, ط, ض, ص, ذ* дауыссыздары арнайы таңбалармен берілген жоқ [9, 9 б.].

Ғалым Э.Наджиб жасаған «Хұсрау уа Шырын» дастанының транскрипциясына және ғалымның өзі ұсынған транскрипциялау принциптеріне назар сала отырып, мынадай ерекшеліктерді аңғардық:

- харакатпен берілген, яғни әріппен таңбаланбаған а дыбысының мәні үшін ә таңбасы алынған: *сәчы* – *يچس*, *сәқлар* – *راقس*, *йәрылды* – *يدلرى*, т.б. Алайда таңба арқылы берілген (харакатпен емес) жіңішке ә-ні жазу үшін де осы таңба қоланылған: *чечәк* – *كچچ*, *билмәклик* – *كيلكامليب*, *кечшәм* – *ماسچيك*, *иәңә* – *اناي*. Дегенмен екі түрлі дыбыстың мәнін бір ғана таңбамен беру оқылымда қиындық тудырады, әрі *ә* таңбасы нақты қай дыбыстың (а ма, ә ме) мәнін беріп тұрғанын анықтау үшін түпнұсқадан қарап салыстыру қажет және *рахәт, бәшладь* тәрізді транскрипцияланған сөздерде бір ғана а дыбысының екі

түрлі әріппен берілуі ала-құлалық тудырады. Сондықтан, транскрипциялау барысында харакатпен берілген дауысты а дыбысы мен таңба арқылы берілген ә дыбысын а және ә әріптері арқылы берген дұрыс деген ойдамыз;

- Э.Наджиптиң еңбегі орыс тілінде жазылғандықтан, жіңішке ө, ү дыбыстары үшін *ö, ü* таңбалары алынған: *төрт, өзiм, көр, күндiз, үчiн* т.б. Сондай-ақ ескі қалмақ тілінде жазылған сөздіктердегі лексикалық бірліктердің дыбыстық жүйесін Lingvodoc платформасы арқылы зерттеген ғалымдар бірқатар сөздерді умлаут белгілері бар таңбалармен (*u/ü; o/ö*) транскрипциялаған [10]. Алайда бұл дыбыстарды қазақшаға транскрипциялағанда ө, ү әріптерімен берген жөн.

- *i* дыбысын и таңбасымен берген. Мысалы: *елим, мени, бешиндä, битидим, битик, етип* т.б. Бұл зерттеу жұмысының орыс тілінде берілуімен байланысты болғандықтан, қазақша зерттеулерде: *елим, мени, бешінде, битидим, битик, етип* т.б. түрінде транскрипцияланғаны дұрыс;

- араб тіліндегі үш түрлі *x* (ح, خ, ه) таңбасына екі түрлі *x* және *h* әріптері алынған. Мысалы: *хақ, рухиңға, хеч, ахмақ, мәхрiм, мәхлуқ, хизмät, хата, хäлас*, т.б. Бұл үш *x* дыбысының араб тілінде мағына ажыратушылық қызметі болғанымен, түркі тілдерінде ондай мәнге ие емес. Сондықтан практикалық транскрипция негізінде *x* және *h* әріптері арқылы берілгені дұрыс. *Х* әрпін кеңейтілген кирил әліпби жүйесі негізінде қарақалпақ, тәжік тілдері қабылдаған таңба;

- транскрипцияда *ж* дыбысы бірен-саран *ажун, ажунлуғ, ажал* тәрізді сөздерде ғана *ж*, ал негізінен *ң* таңбасымен берілген. Мәселен: *жанымдан, уңмақ, жеҳанда, хажät, муңахид, хожа* т.б. Түркі сөздері мен араб, парсы сөздерін ажырату мақсатында екі түрлі таңбаны қолдануға болатын шығар, ондай мақсат қойылмаған жағдайда бір ғана *ж* таңбасымен транскрипциялаған дұрыс. Жоғарыдағы мысалдардан түркі сөздері *де*, араб, парсы сөздері *де* кейде *ж*, кейде *ң* таңбасымен берілгенін аңғарамыз. *Ж* кеңейтілген кирил әліпби жүйесі негізінде татар, ұйғыр тілдері қабылдаған таңба;

Жалпы «Хұсрау уа Шырын» мәтінін кирилге аудару барысында практикалық транскрипцияны басшылыққа ала отырып, араб жазуындағы үш түрлі *x*, үш түрлі *s*, үш түрлі *z* таңбаларын ерекшелемей-ақ, қазақ кирил әліпби жүйесімен, қазақ тіліне жақындатып транскрипциялаған дұрыс деген ойдамыз. Мәселен:

*Иары берди уған түгäттим битип,*

*Изим гä бурунрақ тäвäккäl етип.*

*Изим тäвфиқ берди, тäмам қылдым ош,*

*Иадигар мәниңдин сäңа қойдум ош.*

*Мүхәммäd рäsүл га түмән миң сäлам,*

*Тäгүргил рухиңға мәниңдин улам.*

*Тäқы төрт ешиңгä сäлам дуруз*

*Кäsик сиз улашу болсин вуруд* – деген мәтінді қазақ-кирил әліпбиімен былайша

транскрипциялауды ұсынамыз:

*Иары бердi оған түгеттiм битiп,*

*Изим ге бурунрақ тäуäккäl етiп.*

*Изим тауфиқ бердi, тäмам қылдым ош,*

*Иадигар менiңдiн сäңа қойдұм ош.*

*Мүхаммад расул га түмән мың салам,*

*Тегүргiл рухиңға менiңдiн улам.*

*Тақы төрт ешиңгä салам дуруз*

*Кесiк сiз ұлашу болсұн уруд.*

Аудармасы:

*Жәрдем бердi бұған жазып биттiм,*

*Иеме (жаратушы) бұрынырақ тәуекел еттiм.*

*Ием (жаратушы) таутиқ бердi аяқтадым, мiне,*

*Менен саған мұра, қойдым, мiне.*

Алланың елшісі Мұхаммедке он мың сәлем,  
Рухыңа жеткіз, үнемі менен.  
Тағы төрт серігіңе тағзым етем сәлем,  
Ұрпаққа үздіксіз жетіп тұрсын.  
Немесе:

Ерәйләйр тег бу ишинің ичрә қатлан

Бәрурмәйн ауға теп Шабдизгә атлан – дегенді қазақ-кирил әліпбиімен былайша транскрипциялауды ұсынамыз:

Еренлер тег бұ ишинің ичре қатлан

Барұрмын ауға теп Шабдизге атлан.

Аудармасы:

Ерлерше бұл істе қатулан

Аң аулауға барамын деп Шабдизбен аттан.

«Хұсрау уа Шырын» ескерткішін А.Зайончковскийдің нұсқасы негізінде зерттеген түрік ғалымы Нежметтин Хажиеминов бұл ескерткішті транскрипциялау барысында түрік әліпбиінде жоқ таңбаларды да қолданған: ق (қ) таңбасы үшін қ, ك (ң) таңбасы үшін ñ, غ таңбасы үшін ğ. Сонымен қатар ا (алиф) таңбасы а және е дыбыстарының, ي таңбасының, i дыбыстарының, و таңбасының, u дыбыстарының мәнін беретіндіктен транскрипциялау барысында бұл ерекшелік ескерілгенін айтады [11, 1-8 бб.]. Мәселен: انا (ata), اكنى (yinçge); مديق (kıldım), الت (tile); وغروب (borğū), وروب (böğü) т.б.

Фахридың «Хұсрау уа Шырын» дастанын зерттеген түрік ғалымы Берна Даг та ескерткішті транскрипциялау барысында түрік әліпбиінде кездеспейтін таңбаларды қабылдап, әріптерді аудару жүйесін көрсеткен [12, 19 б.]:

Берна Даг ұсынған жүйеден ā, d, ž, ñ, ğ, ū, d, h, k, t, z, ş тәрізді түрік әліпбиінің құрамында жоқ таңбаларды аңғарамыз. Бұдан ғалымдардың транскрипциялау барысында түпнұсқадағы әріпті барынша дәл беру мақсатында қосымша таңбалар мен диакритикалық белгілерді қолданғанын көреміз.

Біз өз тарапымыздан жасалған «Хұсрау уа Шырын» дастанының транскрипция үлгісінен үзінді ұсынамыз:

Илләһи тауфиқиң ача бер

Көңлге рахматң ұрғын сача бер

Көңүл бір кім йақыныңға йарасұн

Азын гафлет бұ көңлүмдін йарасұн

Бұ көңлүм көзгүсін сайқал қылу бер

Қамұғ мүшкілдерімні хал қылу бер

Ичимні өз нұрұң бірлә йарұтғыл

Тілімні өз сенаң өзре йүртігіл

Дәуід йаңлығ бұ көңлүм таза қылғыл

Забурумны безүк ауазе қылғыл

Бұ сөз кім башладым хош келсү жанға

Мүбәрәк қыл сөзүм барча жиһанға

Аның тег кім оқыған дил ачылсұн

Тілімдін мүшк уа анбарлар сачылсұн

Қарасы көзні толұғ нұр қылсұн

Ишитген мағзыны махмұр қылсұн

Магани бірлә йүксек қыл сөзүмні

Сағадат бірлә бар ет бұ өзүмні

Көңүлдернің муфаррих намасы қыл

Қамұғ мүшкіл кіліді болсу бұ тіл

Шырын қыл шаһ көзіңе сөз жамалы

Кім үш шырын ирүр сөз ичре фәли

Ғинайат бірлә қыл көңлүмні ағах

Бұ сөз іңре медет қыл құлга Аллаһ  
Ғинайат кім саңа уш қылды йары  
Не тұрдұң тілге келтүр ділде бары.  
Изи аты бірлә башла сөзүңні  
Кім ол бар қылды йоқдын бұ өзүңні  
Ұлұғ теңри кім ажунны йаратты  
Тұтұб бик йерні көклерні төретті  
Танұқ барча халайық барлығыңа  
Дәлеллер һәм өкүш бар бірлікіңе  
Тағала Аллаһ аңа йоқ ұхшашығ бір  
Йаратұр һәм йүрүтүр һүкмі йүрүр.  
Фәләкні тезгітіб йүлдүз йүрүтген  
Қамұғны һүкмі бирлә һәм игитген  
Бұ мұнча ілім уа хикметлер йаратған  
Қараңқұ түнни күн бірлә йарұтған  
суфинч уа қазғұ корқұнч уа ұмынч йүз  
Йаратты түн ме күн ай уа йүлдүз  
Бүжүды барча маужуд өзре таһир  
Нышаны барча көргенлерге заһир  
Кәуакиб бүйрүқындын ишде йүрүр  
Табайғқа шәрәф һәм шүнгы берүр  
Йитік бақғанлар андын тапты мақсұд  
Ишол хылуетде олтұрганға мағбұд  
Аңар һеч ұхшамаз бұ барча неңлер  
Сақынмаң кім кіші фікір етіб аңлар.

Жалпы орта түркі жазба ескерткіштерін транскрипциялау мәселесінде тағы да қандай ерекшеліктер мен үлгілер болды, соған тоқталсақ. 1969 жылы В.М.Наделяев, Д.М.Насилов, Э.Р.Тенишев және А.М.Щербактың редакторлығымен жарыққа шыққан «Древнетюркский словарь» атты еңбекте мәтіндер латын графикасымен транскрипцияланған. Сөздерді реестрге беріп, транскрипциялау барысында 56 таңба қолданылған, оның 23-і латын, 27-і диакритикалық белгілері бар латын және 4 грек әрпі. Авторлар бұның басты себебін сөздердің дыбыстық көрінісін мүмкіндігінше дұрыс беру қажеттілігімен байланыстырады [13, 14 б.]. Дегенмен авторлар әртүрлі ескерткіштердегі сөздерді транскрипциялау барысында мынадай принциптер ұстанған:

- түркі мұраларын транслитерациялау барысында түпнұсқадағы әріпті бұлжытпай дәл беретін абсолютті транслитерация жоқ;

- сөздік жасау барысында қолданылған әліпби құрамында латынның ұяң, қатаң дыбыстарын білдіретін таңбалар бар. Алайда бұл бұрынғы түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінде кездесетін басқа дауыссыздарға қарама-қарсы алынды дегенді білдірмейді;

- тоғыз дауысты дыбыстың таңбасы қолданылды. Олар: а, е, і, о, у және умлаут диакритикалық белгісі бар: ä, ï, ö, ü. Бірақ бұл барлық ежелгі түркі тілдерінде тоғыз дауысты ғана болды дегенді білдірмейді;

- транслитерация мен фонемалық транскрипцияның бірігуі түркология саласында тарихи түрде қалыптасқан нәрсе, бұл бір таңбаны бірнеше фонеманың орнына қолдану немесе бір фонеманы бірнеше таңбамен беру тәрізді ежелгі түркі графикалық жүйелерінің ерекшелігіне қатысты орын алған;

- сөздікте бір әріп екі дыбыстың мәнін берген, мысалы: ç таңбасы ч, ж; р таңбасы п, б мәнін беру үшін алынған;

- бір дыбыстың мәнін беруде бірнеше таңба қолданылған, мысалы: и дыбысы үшін і, ї, j таңбалары, з дыбысы үшін ð, ž таңбалары алынған;

- жоғарғы үтір (´) белгісі хамза, керісінше үтір белгісі (˘) айн мәнін беру үшін қолданылған;

- н дыбысының мәнін беру үшін ң таңбасы қолданылған [13, 13-15 бб.].

Бұл еңбекке VII-XIII ғасырлар аралығында әртүрлі графикада жазылып сақталған ескерткіштер мәтіндері алынған. Атап айтқанда, көне түркі ескерткіштері (Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Онгин, Мойын-Чор, Кули-Чор), араб жазулы орта түркі ескерткіштері («Диуани луғат-ит түрк», «Құтты білік», «Ақиқат сыйы»), ұйғыр жазуымен сақталған діни мәтіндер, манихей жазулы ескерткіштер және А.Габен жариялаған шағын брахми жазулы мәтіндер қолданылған. Яғни әртүрлі графикамен берілген жазба мұралардағы сөздер негізінен латын таңбасымен транскрипцияланып, мағыналары түсіндірілген.

В.Радловтың 1893 жылы жарыққа шыққан «Опыт словаря тюркских наречий» деген еңбегінде түркі сөздерінің дыбысталымын таңбалау мақсатында «Радлов әліпбиі» ұсынылды:

В.Радлов түркі сөздеріндегі дауыстыларды беру үшін 17 таңба, ал дауыссыздар үшін 34 таңба, барлығын қосқанда 51 таңбаны қолданған. В.Радлов ұсынған жоғарыдағы әліпбиден кирил әріптерінен бөлек латын әріптері мен диакритикалық белгілерді де пайдаланғанын көреміз [14, 1 б.].

Э.Севортянның 1974 жылы жарыққа шыққан «Этимологический словарь тюркских языков» атты еңбегінде қазіргі түркі тілдерінің лексикалық бірліктерін орыс графикасына негізделген транскрипциямен берген [15, 51 б.]. Ғалым арнайы «Транскрипциялық әліпбиі» ұсынып, оның құрамына 71 таңбаны енгізген. Әр таңбаның қасына жақша ішіне латындағы нұсқасын қоса көрсетіп отырған. Ұзын а дыбысын а: таңбасымен, ұзын и дыбысын і: таңбасымен, чуваш тіліндегі таңдаймен айтылатын дауыстыға ә, өзбек тіліндегі лабиалды а дыбысына а°, тыва тіліндегі фарингаль дауыстыға ä, ұзын и дыбысына и, қысқа и дыбысына і, жалпы түркі тілдеріндегі қысқа дауысты й дыбысына й таңбасы, тіл арты дауыссызы үшін ң, якут тіліндегі дауыссыз үшін н', аффрикат дауыссызға ж таңбалары алынған. Э.Севортян сөздігіндегі транскрипциялық әліпбиі қазіргі қазақ, түрік, азербайжан, түркімен, өзбек, чуваш, тыва, башқұрт, якут тілдерінде қолданылатын дыбыстардың мәнін барынша дұрыс беруге бағытталған.

**Нәтижелер.** Кеңестік кезеңде араб жазуымен сақталған түркі жазба мұраларын кирил жазуына аудару кезінде негізінен қазақша таңбалар қолданылмай (қ, ұ, ү т.б.) әрі дәстүр бойынша өзбек немесе татар тілдеріне жақын транскрипцияланды. Бұл үрдіс тәуелсіздік алғаннан кейін де жалғасып келеді. Дегенмен орта ғасыр жазба мұраларын қазақ тіліне жақындатып транскрипциялау үрдісін қалыптастыру қажет. Себебі:

1) XV ғасырға дейін, яғни жекелеген тілдердің қалыптасуына дейін түркілер ортақ жазба «кітаби тілді» қолданғаны аян. Соңдықтан сол кезеңдегі қарлұқ, оғыз, қыпшақ тайпаларына тән бірліктер мен диалектілер аралас беріліп, ортақ ережеге бағынды. Түрік, өзбек, т.б. халықтар түркілерге ортақ жазба мұраларды өз тілдеріне жақын транскрипциялайды. Қазақ тіліндегі зерттеулерде осы мәселе назарда болғаны дұрыс. Мысалы «Хұсрау уа Шырында» кездесетін: *битидим битик* дегенді *бітідім бітік*, *аларның бириси* дегенді *аларның бірісі*, *билурман сени* дегенді *білүрмән сені*, *ким аның бирлә* дегенді *кім аның бірлә*, *қойар му* дегенді *қойар мұ*, *йеті йүз* дегенді *йеті йүз* түрінде транскрипциялаған абзал.

2) Араб жазуында дауысты дыбыстардың таңбасы үшеу ғана: а, у және и. Бірақ қадим жазуы дәстүрі бойынша бұл үш таңба әр түркі тіліндегі барлық дауыстыларды жазуда пайдаланылды. Соңдықтан түркі халықтарына ортақ жазба мұралар мәтінін қазақ қазақ тіліне, өзбек өзбек тіліне, түрік түрік тіліне бейімдеп оқи алады. Мысалы «Хұсрау уа Шырында» кездесетін: *қылул ерса* дегенді *қылұр ерсе*, *хатыры учун* дегенді *хатыры үчүн*, *дуниада болсам* дегенді *дүниада болсам*, *тилагин тилаган* дегенді *тілегін тілеген*, *бу бир* дегенді *бұ бір*, *махлуқ ишикинде* дегенді *махлұқ ешигінде* деп берген жөн. Алайда жазба мәтіндердегі қарлұқ, оғыз, қыпшақ элементтерінің орфографиялық ерекшелігі қалай берілсе, сол қалпында сақталып транскрипциялануы шарт. Мәселен, «Хұсрау уа Шырында» қ әрпінің орнына х-ның таңбалануы: *иахшы* (*иақшы* емес); қосымшалардың инвариант түрінің ғана берілуі: *өзүңні* (*өзүңді* емес), *йүзүңні* (*йүзүңді* емес), *тілегіңні* (*тілегіңді* емес), *оларның* (*олардың*

емес), тоғайны (тоғайды емес), еріндік дауыстылардың берілуі: берсүн (берсін емес), мұнұң (мұның емес), көзүм (көзім емес); с келетін орындарда ш дыбысының таңбалануы: қамыш (қамыс емес), беш-алты (бес-алты емес), ж келетін орындарда й дыбысының берілуі: тарих йеті йүз йыл (тарих жеті жүз жыл емес); сол сияқты м-ның орнындағы б (менім-бенім), у немесе и-дің орнындағы ғ, г дыбыстары (сау-сағ, бауыр-бағыр, бағлау-байлау, т.б.) өзгеріссіз транскрипциялануы шарт. Себебі, бұлай жазу сол кезеңдегі жазба тілдің баршаға ортақ заңы болды.

Ғалым Э.Н.Наджиб бұл ерекшелікті былайша түсіндіреді: «Жалпы орта ғасырлардағы көптеген ақындар мен ғалымдар көптілді болды және қалыптасқан түркі әдеби тілінде жазды. Араб, парсы тілдерінде де жазды. ... Егер олар түркі тілінде жазатын болса, онда қалыптасқан ортақ кітаби тілді қолданды. Мәселен, Теке тайпасының тумасы өз шығармаларын жазса, ешкім оқымайды. Егер ол оны ортақ кітаби тілде жазса, бүкіл түркі әлеміне танымал болады. Сондықтан олар өздерінің ұлттық және тілдік ерекшеліктеріне қарамастан қалыптасқан әдеби дәстүрді ұстанды» [7, 141-142 б.]. Ал ғалым А.Ибатов ортақ жазба тілдің XI-XV ғасырлар аралығында қолданылып, қалам ұстаушылар сол кезеңдегі қыпшақ, оғыз, қарлұқ тайпаларына тән барлық тілдерге бірдей ортақ ережеге бағынғанын айтады [8, 4-7 б.]. Ғалым Г.Сағидолда: «Түркі халықтарының ұлттық дәуірге дейінгі жазба тіл дәстүрлері негізінен бәріне ортақ болып келеді. Түркі тілдерінің ұлттық әдеби жазба тіл болып қалыптасқан кездері де бір-бірімен тұстас болып келеді» - деп атап көрсеткен [16, 10 б].

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, жоғарыдағы талдаулардан түйетініміз, жазба ескерткіштер мәтінін транскрипциялау мәселесінде бірізділік жоқ. Э.Р.Тенишев, А.М.Щербактың редакторлығымен жарыққа шыққан «Древнетюркский словарьда» сөздерді транскрипциялауда 56 таңба қолданылса, В.Радлов өз сөздігінде 51 таңба, Э.Севортян өз сөздігінде 71 таңба пайдаланған. Әр ғалым өз тарапынан транскрипциялық әліпби ұсынып отырған. «Хұсрау уа Шырын» дастанын транскрипциялаған ғалым Э.Наджиб харакат үшін бөлек таңба, әріп үшін бөлек таңба ұсынған, араб тіліндегі үш түрлі х таңбасын екі түрлі әріппен берген, і дыбысын й таңбасымен берген, түркі, араб, парсы сөздері кейде ж, кейде ж таңбасымен таңбаланған. «Хұсрау уа Шырын» ескерткішін зерттеген түрік ғалымы Нежметтин Хажиеминоғлу транскрипциялау барысында түрік әліпбиінде жоқ қосымша таңбаларды да қолданған. Фахридың «Хұсрау уа Шырын» дастанын зерттеген түрік ғалымы Берна Даг та ескерткішті транскрипциялау барысында түрік әліпбиінде кездеспейтін таңбалар қолданған. Жалпы «Хұсрау уа Шырын» мәтінін кирилге аудару барысында практикалық транскрипцияны басшылыққа ала отырып, араб жазуындағы үш түрлі х, үш түрлі с, үш түрлі з, екі түрлі д таңбаларын ерекшелемей-ақ, қазақ кирил әліпби жүйесімен, қазақ тіліне жақындатып транскрипциялаған дұрыс деп тұжырымдаймыз.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН АР14869737 «Алтын Орда дәуірі жазба ескерткіштері тілін лексикографиялаудың теориясы мен практикасы» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

## Әдебиеттер тізімі

1. Егорова Т. Словарь иностранных слов современного русского языка. – Москва: «Аделант», 2014. -800 с.
2. Ахманова О. Словарь лингвистических терминов. – Москва: «Едиториал УРСС», 2004. -576 с.
3. Реформатский А. Введение в языковедение. – Москва: Аспект Пресс, 1996. - 536 с.
4. Суперанская А. Теоретические основы практической транскрипции. – Москва: «Наука», 1978. - 284 с.
5. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2002. - 664 б.

6. Қыдырбаев Қ. Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2012.
7. Вопросы методов изучения истории тюркских языков. –Ашхабад: Изд-во АН Туркменской ССР, 1961. –226 с.
8. Ибатов Ә. XIV ғ. хандар жарлықтарының тілі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 152 б.
9. Наджип Э. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. На материале «Хосрау и Ширин». Кутба. - М., 1979. – 478 с.
10. Мирзаева С.В., Долеева А.О. Обработка словарей старокалмыцкого языка на платформе lingvodoc: предварительные результаты. // Oriental Studies. – 2022. URL: <https://doi.org/10.22162/2619-0990-2022-63-5-1159-1172> (дата обращения: 10.01.23).
11. Necmettin Nacieminoglu. Kutb'n Husrev ü Şirin'i ve dil hususiyetleri. -Ankara: Türk Dil Kurumu, 2000. - 477 s.
12. Berna Dağ. Fahrin'in Hüsrev ü Şîrin'i (Giriş- inceleme-metin- dizin). -Aydin, 2021.
13. Древнетюркский словарь. - Ленинград: Наука, 1969. – 676 с.
14. Радлов В. Опыт словаря тюркских наречий. - Санкт-Петербург, 1893. - 967 с.
15. Севортян Э. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974. - 767 с.
16. Сагидолда Г., Қайратқызы Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы және қазіргі қыпшақ тілдері лексикасының зерттелу барысы // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. – 2021. - № 4.

## References

1. Egorova T. Slovar' inostrannyh slov sovremennogo russkogo yazyka [Dictionary of foreign words of the modern Russian language] («Adelant», Moscow, 2014, 800 p).
2. Ahmanova O. Slovar' lingvisticheskikh terminov [Dictionary of linguistic terms] («Editorial URSS», Moscow, 2004, 576 p).
3. Reformatskiy A. Vvedenie v yazykovedenie [Introduction to Linguistics] («Aspekt Press», Moscow, 1996, 536 p).
4. Superanskaya A. Teoreticheskie osnovy prakticheskoy transkripcii [Theoretical foundations of practical transcription] («Nauka», Moscow, 1978, 284 p.).
5. Akhanov K. Til biliminin negizderi [Fundamentals of linguistics] (Almaty, 2002, 664 p.).
6. Kudyrbayev K. Kazak onimderin arab tiline transliterasialaudyn gylimi-teorialyk negizderi. Filosofia doktory (PhD) gylimi darejesin alu yshin daiyndalghan disertasia [Scientific and theoretical foundations of transliteration of Kazakh onim into Arabic]. Dissertation prepared for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) (Almaty, 2012).
7. Voprosy metodov izucheniya istorii tyurkskikh yazykov [Questions of methods of studying the history of the Turkic languages] («Publishing House of the Academy of Sciences of the Turkmen SSR», Ashgabat, 1961, 226 p.).
8. Ibatov A. XIV g. handar jarlyqtarynyn tili [The language of the decrees of the Khans of the XIV century] («Gylym», Almaty, 1990, 152 p.).
9. Nadzhip E. Istoriko-sravnitel'nyj slovar' tyurkskikh yazykov XIV veka. Na materiale «Hosrau i Shirin». Kutba [Historical and comparative dictionary of Turkic languages of the XV century. Based on the material of “Khosrau and Shirin”. Kutba] (Moscow, 1979, 478 p.).
10. Mirzaeva S.V., Doleeva A.O. Obrabotka slovarej starokalmyckogo yazyka na platforme lingvodoc: predvaritel'nye rezul'taty [Processing of dictionaries of the Old Kalmyk language on the lingvo doc platform: preliminary results], Oriental Studies. – 2022. Available at: <https://doi.org/10.22162/2619-0990-2022-63-5-1159-1172> (accessed: 10.01.23).
11. Nazhmedtin Hazhieminogly. Kutubn Husrau ua Shyryny ve dil hususietleri [Khusrau and Shyryn and language features of Kutyp] («Turk Dil kurumu», Ankara, 2000, 477 p.).
12. Berna Dag. Fahrinyn Husrau ua Shyryny [Khusrau and Shyryn of Fahr] (Ajdyn, 2021).
13. Drevnetyurkskij slovar' [Ancient Turkic dictionary] («Nauka», Leningrad, 1969, 676 p.).
14. Radlov V. Opyt slovarya tyurkskikh narechij [The experience of the Turkic peoples] (Saint Petersburg, 1893, 967 p.).
15. Sevortyan E. Etimologicheskij slovar' tyurkskikh yazykov [Etymological dictionary of the Turkic language] («Nauka», Moscow, 1974, 767 p.).

16. Sagidolda G., Kajratkyzy A. Tyrki tilderinin salystymaly leksikologiyasy zhane kazirgi kypshak tilderi leksikasynyn zerttelu barysy [Comparative lexicology of Turkic languages and the course of studying the vocabulary of modern Kipchak languages], L.N.Gumilev atyndagy EYU Habarshysy, Filologiya seriyasy [Bulletin of L. N. Gumilyov ENU, Philology series], №4 (2021).

**Г.М.Мамырбек, А.А. Сейтбекова**

*Институт языкознания им. А.Байтурсынулы, Алматы, Казахстан*

### **Проблема транскрипций текста «Хусрау уа Ширин»**

**Аннотация.** В статье анализируются проблемы перевода текста письменного наследия, отмеченного арабской графикой, на кириллицу, а также говорится о принципах транскрипции и транслитерации. Авторы статьи проанализировали тот факт, что в советский период при переводе сохранившегося в арабской графике письменного наследия на кириллицу сформировалась традиция транскрипции, близкая к узбекскому или татарскому языкам, и что этот процесс продолжался и после обретения независимости, и высказали мысль о необходимости транскрипции письменного наследия ближе к казахскому языку, и указали на основные причины этого. В статье на примерах анализируются позиции отечественных и зарубежных ученых в транскрипции арабских писаний. В частности, тюркологи Э.Наджиб, В.Радлов, Э.Севортян, В.Наделяев, Д.Насилов, Э.Тенишев, А.Щербак, а также турецкие ученые Н.Хаджиеминоглу и Б.Даг анализируют позиции и основные особенности транскрипции арабских письмен на кириллицу и латиницу.

Факт использования турецкими учеными символов, которых нет в турецком алфавите, при транскрипции памятника «Хусрау уа Ширин» и основные причины этого показаны в статье на конкретных примерах. В статье также выделяются сходства и различия между практической транскрипцией и транслитерацией и анализируются функции обеих. Сосредоточившись на истории изучения понятий транскрипции и транслитерации в языкознании, были проведены сравнительные исследования выводов ученых. Анализируются сходства и различия двух понятий.

**Ключевые слова:** алфавит, символ, буква, звук, текст, оригинал, транскрипция, транслитерация, арабская графика, письменное наследие.

**G.M.Mamyrbek, A.A.Seitbekova**

*Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly, Almaty, Kazakhstan*

### **The problem of transcription of the text in Khosrow and Shirin**

**Abstract.** The article analyzes the problems of translating the text of the written heritage, marked with Arabic script, into Cyrillic, and also talks about the principles of transcription and transliteration. The author of the article analyzed the fact that during the Soviet period, when translating the written heritage preserved in the Arabic script into Cyrillic, a tradition of transcription was formed, close to the Uzbek or Tatar languages, and that this process continued after gaining independence, and suggested the need for transcription of the written heritage closer to the Kazakh language, and pointed out the main reasons for this. The article analyzes the positions of domestic and foreign scientists in the transcription of Arabic scriptures using examples. In particular, Turkologists E. Nadjip, V. Radlov, E. Sevortyan, V. Nadelyaev, D. Nasilov, E. Tenishev, A. Shcherbak, as well as Turkish scientists N. Hadjieminoglu and B. Dag analyze the positions and main features of the transcription of Arabic written in Cyrillic and Latin.

The fact that Turkish scientists used symbols that are not in the Turkish alphabet when transcribing Khosrow and Shirin monument and the main reasons for this are shown in the article using specific examples. The article also highlights the similarities and differences between practical transcription and transliteration and analyzes the functions of both. Focusing on the history of the study of the concepts of transcription and transliteration in linguistics, comparative studies of the conclusions of scientists were carried out. The similarities and differences between the two concepts are analyzed.

**Keywords:** alphabet, symbol, letter, sound, text, original, transcription, transliteration, arabic graphics, written heritage.



**Авторлар туралы мәлімет:**

**Мамырбек Г.М.** – ф.ғ.к., А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан.

**Сейітбекова А.А.** – ф.ғ.к., А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан.

**Mamyrbek G.M.** – Candidate of Philology, Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly, Almaty, Kazakhstan.

**Seitbekova A.A.** – Candidate of Philology, Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly, Almaty, Kazakhstan.

К. Мухатаева, Г. Майкотова, Қ. Мергенбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
E-mail: tantal.km@mail.ru; maykotova.galyiya@gmail.com; karli78@mail.ru

## Қазақстандағы латын әліпбиіне көшудің мемлекеттік тілді жаңғыртудағы рөлі

**Аңдатпа.** Елімізде тәуелсіздік таңы атқалы бері латын графикасына көшу туралы көп ұсыныстар жасалып, талқыланып келді. Латынға көшу туралы Заң қабылданғаннан соң Республикамыздың қарапайым тұрғындарынан бастап, зиялы қауым өкілдеріне дейін өз көзқарастары мен талдауларын жария етті. Тарих беттеріне үңілсек, кез келген елдің әліпбиін өзгертудің оңай емес екендігі белгілі. Бірақ бұл отарлаушы елдерге тиімді болғанымен, жергілікті халықтардың саяси-экономикалық, тарихи-мәдени және ұлттық құндылықтарының кешеуілдеп дамуына әкеледі. Сондықтан Кеңес үкіметінің шешімімен 1929-1940 жылдары қазақ елінде латын қарпі негізіндегі жаңа әліпбиді енгізу туралы ең алғашқы Қаулы қабылданған болатын.

Алаш зиялылары болса, мұндай миссияның кері астары барын жақсы түсініп, қазақ халқының төл әліпбиі болғанын қалады. Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының «төте жазу» жобасының да құмыры ұзақ болмады. Латын әліпбиіне қарсы болғандар айыпқа тартылып, қудалауға ұшырады.

Мақаланың мақсаты – қазақ әліпбиінің латындануына байланысты біздің қоғамымызда орын алып отырған біршама мәселелерді қамтып өту болып табылады. Мақала тақырыбын зерттеу барысында сипаттау, бақылау және салыстыру сияқты эмпирикалық тәсілдермен қатар еліміздің қадірлі тұлғаларының ой-пікірлеріне сүйенген теориялық әдістер мен шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі зерттеулер мен тұжырымдар қолданылды.

Ұсынылып отырған зерттеу мақала қазақ жазуының латын әліпбиіне көшу үдерісін егжей-тегжейлі зерделеп жүрген отандық және шетелдік магистранттар мен докторанттар, сондай-ақ лингвист ғалымдар мен ізденушілерге арналады.

**Түйін сөздер:** латын графикасы, әліпби, Заң, Ұлттық комиссия, түркітілдес халықтар, кириллица, қоғам, қазақ тілі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-66-78>

**Кіріспе.** Бүгінде Қазақстанда орын алатын қоғамдық-саяси мәселелердің бірі – қазақ тілінің латын графикасына көшуі. Еліміздің қазақ жазуын реформалауға қатысты саясатының нәтижесінде басталған бұл үрдіс, қоғамда ұзақ уақыт талқыланды. Тіптен, қоғамдық пікір бірнеше жікке бөлініп, алуан түрлі ойлар айтылды. Әліпбидің бірнеше үлгісі пайда болып, қоғамдық пікір одан сайын түрлене түсті.

Солардың қатарында тіл жанашыры, халық ақыны Мұхтар Шаханов: «Латын әліпбиіне көшу қазақ халқын екіге бөледі» [1] деген пікірде болды. Ал оған қарсы көзқарастағы топ өкілдері «Латынға көшу арқылы ұлтымыз бұрынғы көзқарастардан арылады, бәрібір түбінде Қазақстан 100% қазақ тілді мемлекет болатыны ақиқат» деп ұлттық саясаттың келешегінен үлкен үміт күтетіндерін айтады [2]. Әрине, Кеңестік идеология мен саясаттың мәжбүрлеуінен ұзақ уақыт қолданыста болған кирилл қарпінен бірден бас тартудың да қоғамдық салмағы аз болмақ емес. Өйткені, қазақстандықтардың барлығы дерлік «кириллицамен» оқып, жазып үйренгендіктен әліпби ауыстырудың экономикалық және

рухани құндылықтарға тигізетін қауіпі болуы мүмкін екендігі рас. Алайда, латынға көшуді ұлттық тәуелсіздікті нығайту мен жаһандық ғылыми техниканың, заманның талабы деп білетіндердің өзіндік орынды уәждері де жоқ емес.

«Қазақстанда 1990-1996 жылдардың өзінде кириллицадан бас тартып, әліпби ауыстыру туралы бірнеше пікірлер айтылды. Біріншісінде, Ахмет Байтұрсынұлы жасаған араб графикасы негізіндегі төте жазуға көшу болса, екіншісінде, латын негізіндегі қазақ әліпбиін жасау еді. Үшіншісінде, бүгінгі қолданыстағы кириллицамен жазылған қазақ әліпбиін сақтап қалу. Төртіншісі, қазақ халқының төл жазуына, яғни руна жазуына көшу бастамасын көтерді. 1990 жылдардан бері үздіксіз көтеріліп келе жатқан бұл мәселе бойынша 1996 жылы Н.Назарбаев ғалымдарға кириллицадан латын әліпбиіне көшу туралы үш рет ұсыныс айтып, осы тақырыпта дайындалу қажет екендігін тапсырды. 2017 жылғы 26 қазанда Президент №569 Жарлық бойынша латын графикасына көшу туралы нақты мәлімдеме жасады ([adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)) [3].

XX ғасыр тарих сахнасында қазақ халқы үшін саяси-әлеуметтік және мәдени өзгерістерге толы күрделі бетбұрыстар кезеңі ретінде есте қалды. Қазақстанда бір ғасырдың ішінде қоғамдық-саяси құрылымның үш рет ауысуына байланысты, жазу графикасы да үш рет өзгеріске ұшырады. Бұл жағдайлар еліміздегі ұжымдастыру, индустрияландыру саясаты мен көшпелі халықты отырықшылыққа көшіру, саяси репрессия мен түрлі мәдени төңкерістер сияқты ірі тарихи оқиғалармен тұспа-тұс келген болатын [4].

Өткен ғасырдың алғашқы ширегіндегі латын графикасымен басылып шыққан кітаптар жайлы мағлұматтар қазақстандық мұрағаттарда көп кездесе бермейді. Тек шетелдерден табылған латын графикасымен басылып шыққан кітаптар саны саусақпен санарлық. 2007 жылы елімізде «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, ҚР Ұлттық Кітапханасының қорына шетел ғалымдарының жазған Қазақстан туралы бірнеше зерттеу еңбектері қосылды. Мәселен, Колумбия университетінің профессоры, Орталық Азияны зерттеу Орталығының директоры кеңестанушы ғалым Э. Олворттың «Кеңестік-шығыс ұлттары мен жазу жүйесі: АҚШ-тың Иран-Түрік басылымдарына арналған библиографиялық және транслитерацияланған көрсеткіші, 1918-1945 жж.» деген монографиясын ерекше атап өту қажет деп санаймыз [5]. Ол қазір АҚШ кітапханаларының бірінде сақталған. Ал соғыс басталған жылдары Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстанда латын қарпімен жазылған көптеген кітаптар қолданыстан шығып, жекелеген адамдардың қолында аз данамен сақталып қалған. Латын графикасымен жазылған үш бірдей кітапты Қарағандыдағы Гоголь атындағы облыстық кітапханаға тарту еткен ардагер ұстаз, журналист – Ошақбай Суханберлин еді. Үш әдебиет те 1930 жылдары жарық көрген. Біріншісі – ұлы Абай Құнанбаевтың кітабы болса, екіншісі – «Ақ азу» деп аталатын Джек Лондонның туындысы еді, ал үшінші орында – Николай Островскийдің «Құрыш қала» туындысы. Бұл өз елімізде сақталып қалған латын әліпбиімен жазылған облыстық кітапхана қорындағы алғашқы кітаптар болмақ ([khabar.kz/ru/news](http://khabar.kz/ru/news)).

1929-1940 жылдардың арасында Қазақстанда жазу әліпбиіне екі рет реформа жасалып, араб графикасынан латынға, латыннан кириллицаға көшірілді. 1929 жылы 7 тамызда КСРО ОАК Президиумы мен КСРО ХКК латындандырылған жаңа әліпбиді енгізу туралы ең алғашқы Қаулыны қабылдаған болатын. Сонымен «Латындандырылған қазақ жазу әліпшесін орыс графикасының негізіндегі жаңа алфавитке ауыстыру туралы» Заң қабылданған соң латын графикасы 1940 жылға дейін қолданылды. Ал 1980 жылдардың соңында Қазақстанда тілге қатысты ресми республикалық құжаттарда республиканы және этникалық бірегейлікті қайта анықтаудың талпыныстары көрініс тапты [6].

Кеңестік тіл саясатын дағдарыс ретінде қарастырған зерттеуші Д. Лайтин бұл орыс тілінде сөйлеушілерді «жағаға шығарылған диаспора» ретінде бейнелеп, бұл халықтарға не болатынын сұрайды. Олар өздері тұратын республикалардың тілдерін оқып, балаларын ассимиляцияға ұшырата ма? Әлде олар ешқашан көрмеген отанына орала ма? Немесе ресейлік бірегейлікті сақтай отырып, жаңа республикалардың азаматтары бола ма? Ғалым мұндай сұрақтардың көмегімен және этнографиялық далалық зерттеулер, дискурс-талдау

және жаппай сауалнамалар негізінде төрт посткеңестік республика: Эстония, Латвия, Қазақстан мен Украинадағы тенденцияларды талдайды [7].

Халық арасында бұл шешімді «саяси ойын» немесе «биліктің қулығы» десе, кейбір азаматтар «заман талабы», «қазақ тілінің мәртебесін биіктету» деген сыни көзқарастарын білдіреді. Кеңес Өкіметі орнаған тұстан бастап қазақ халқы өзінің рухани мұрасын жасады, ғылым, білімі дамып, халқымыз жаппай сауаттанды. Бірақ, кирилл қарпіндегі оқу-жазу үрдісі қазақ тілінің аясын тарылтып, тілдік нормаларға үлкен әсер етті.

Бүгінде Мәңгілік ел идеясын ұран еткен еліміз үшін – әрине, орыс тілінің ықпалынан арылудың жолы әліби ауыстыру екендігі анық. Мәселен, ресейлік журналист Алексей Пахолиннің: «Қазақстан – бүгінгі таңда тілінің орыстануы бойынша Орталық Азиядағы және бұрынғы КСРО-дағы ең әйгілі республикалардың бірі болып табылады. Орыс тілінің таралуы тұрғысынан қарағанда Қазақстан халықтарының көп бөлігі орыс тілін жақсы түсінетін Белоруссия мен Украинадан кейінгі орында тұр. 2009 жылғы санақ бойынша қазақтардың 92% орыс тілін жақсы түсінетіндерді құраса, 83,5% орыс тілін еркін оқи алған, ал 79,1% орыс тілінде жаза білген. Жалпы алғанда, орыс тілін Қазақстан тұрғындарының 94,4% түсінеді екен. Орыс тілінің осындай жоғары қарқынмен таралуы бойынша қазақ елі алдыңғы қатардан орын алып отыр.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңдерде орыс тілінің қазақтар арасында таралу ауқымы өскен, соның арқасында Ресеймен тығыз байланыс орнатқан. Сонымен қатар екі алфавиттің жалпы графикалық негіздері қазақтардың білім алуын жеңілдеті түскені бәрімізге мәлім» [8], – деп жазады. Әрине, орыс журналисінің мұндай көзқарастағы пікір айтуы таңғалдырмайды. Ғаламдық геосаяси тұрғыдан да Ресей Қазақстанның біржолата әліби ауыстырып кетуін құптамайды. Бұл заңдылық. Сонымен қатар бұрынғы Кеңес одағы құрамында болған, кейіннен тәуелсіздіктерін алып, латынға өтіп кеткен барлық түркі тілдес елдердің арасында тек қазірге дейін кириллицаны қолданып жүрген мемлекеттердің бірі – Қырғызстан болса, екіншісі Қазақстан. Жалпы, Қазақстандағы латын қарпіне көшу процесі «Қырым мәселесі» туындаған соң жүргізіле бастады. Себебі Қырымдағы толқудың алдын алуға ұмтылыс таныту біздің де ұлттық тәуелсіздігімізді нығайтудың алғы шарттары болды. Сондай-ақ, ұлттық әліпбиімізді дыбыстық өзгерістерге ұшыратып отырған «в, ц, ё, э, ю» сынды орысша таңбалардан арылып, ұлттық болмысты сақтап қалудың маңызы зор [9].

Көпшіліктің, әсіресе, жастардың латын графикасына көшу мәселесіне орай ой-пікірлерін білу мақсатында көптеген сайттардың «сұрақ-жауап» жүргізе бастағанын байқауға болады. Мәселен, Чапел-Хиллдегі Солтүстік Каролина университетінде отандасмыз Рауа-Бану Қадірованың қорғағандиссертациясының арнайы сауалнамасына қатысқан азаматтардың «зерттеуге қатысушылар әліпбидің қандай түрін қазақ тілі үшін пайдалануды қалайтынын көрсетуді сұрағанда қатысушылардың жалпы санының 63,93% латын әліпбиін көрсеткен, ал қалған 29,51%-ы кириллицаны екінші қолайлы әліпби ретінде көрсеткен» деп жазады [10].

Қазақстандық сайттармен әлеуметтік зерттеулер бойынша жүргізілген сауалнамаларда қоғамның басым бөлігінің латын әліпбиін қолдайтындықтарын білдіреді. Сондай рейтингтердің орташа нәтижесі бойынша қазақ жастарының 80%-ы латын графикасына қарсы емес. Сондықтан да Қазақстанда тұрып жатқан өзге ұлт өкілдері үшін латын графикасына көшудің айтарлықтай зияны жоқ деп тұжырым жасауға болады. Цифрлық қоғам жағдайында қазақ тілін оңай үйреніп алу үшін де жаңа мүмкіндіктер туатыны сөзсіз.

**Зерттеу әдістері.** Ғылыми зерттеуде тарихи-мәдени сабақтастық қағидалары, жүйелі сараптама, лингвист ғалымдардың еңбектеріндегі зерттеу қорытындылары ескерілді. Тақырыбымызға қатысты шетел ғалымдарының теориялық пікірлеріне назар аударылып, латын негізіндегі қазақ әліпбиін зерттеуге үлес қосқан Ә.Қайдар, М.Мырзахметұлы, Ә. Қара, Ә.Жүнісбек, М. Алтай, Г. Бөлеген, Б. Төрехан сияқты отандық ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ Қазақстандағы латын графикасы туралы тарихи және теориялық мәселелері бойынша қорғалған докторлық және кандидаттық диссертациялардың және

жекелеген ғылыми мақалалардың қорытындылары зерттеудің әдістемелік нұсқасын құрады.

Ғылымизерттеулертақырыпқақатыстытолықтырылғантеориялықжәнеэмпирикалық әдістерге сүйенеді. Мәселен, нақты ақпаратты алу үшін әртүрлі дереккөздерге талдау жүзеге асырылады. Онда кітаптар мен мақалалар, қолжазбалар мен бейнелер, сұхбаттар және статистикалық мәліметтер зерттеледі.

Жұмыста тарихи-типологиялық, салыстырмалы-теориялық ғылыми және кешенді зерттеу әдістемелері қолданыс табады.

**Тақырыптың зерттелу тарихы.** Әзірбайжан астанасы Бакуде 1926 жылы барлық түркі мемлекеттерінің латын әліпбиіне көшу қажеттігі туралы шешім қабылдаған тұңғыш съез өтеді. Түрік Республикасында латын әліпбиіне көшу кезеңі ұлттық мемлекет құрушы Мұстафа Кемал Ататүріктің басшылығымен жүзеге асқаны белгілі. Съезде Түрік Республикасының Тұңғыш президенті Мұстафа Ататүрік: «Біз түріктерден бөлінбеуіміз керек. Әрқашан бірге болуымыз қажет. Түркі тектес халықтардың ортақ байлығы – тілі және жазуы болмақ. Сондықтан бірыңғай жазуға көшкенде ғана, біз біртұтас мемлекетті және мәдениетті қалыптастырамыз» деп жария етеді [10.15]. Қазіргі таңда латын әліпбиіне оңтайлы көшкен алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі – осы Түрік Республикасы болып отыр.

Тіл және жазу мәселесі төңірегінде ұлттық бастамалар Қазақстан Тәуелсіздік алған жылдардан бастап айтыла бастады. Академик Ә.Қайдардың қолдауымен латын әліпбиіне көшу мәселесі Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ зерттеу көзіне айналды. Бұл жөнінде лингвист ғалым «латын әліпбиіне көшу – болашаққа қадам басқан өркениетті елдің өміріне қойылатын басты талаптардың бірі болмақ» [4.22], – дейді. Сондай-ақ ғалым өз зерттеулерінде кириллицаның славян жазуы екендігіне баса назар аудара отырып, латын әліпбиіне көшудің бірнеше басымдықтарын көрсетеді. Мәселен, славян халықтарының көпшілігі кирилл әріптерін қолдана бермейді, олар да латын жазуымен іс-қағаздарын жүргізеді. Сондықтан славян мемлекеттері халықтарының арасында рухани тұтастық әлсіз болып отыр. Ғалымның пікірінше, кириллицаның да кемшілік тұстары өте көп. Себебі, жылдар өткен сайын кириллицаның қолданыс аясы тарыла бастаған, әлемдік жаһандануға байланысты Ресей ғалымдарының өзі латын қарпіне көшуді құптап отыр.

Тағы да ғалым пікірлерінің назар аударарлық тұсы – бүгінгі түркі тектес халықтардың өзінде кирилл жазуын қолданудың бірнеше әдістері бар. Бізге жеткені, тек қана қаріптік белгілер мен таңбалану ғана десек болады. Кейбір әріптердің нұсқаларын әр халық өзі жасап алған болатын. Соның нәтижесі КСРО-да өмір сүретін отызға жуық түркі тектес халықтардың басын біріктірмеуге әкеліп соқтырды. Бірінің жазғанын екіншісі оқи алмаған соң, жазу арқылы керісінше жақындасудың орнына, бір-бірінен алшақтай түсті. Бұл жөнінде академик Ә. Қайдардың зерттеулері сыртқы күштердің түркілердің басын біріктірмеу жоспарына сәйкес ойластырылған саясаты екендігін айғақтап береді. Бұл жоспар өз миссиясын толық аяқтап шықты.

Мемлекеттік сыйлықтың иегері М.Мырзахметұлы латын жазуына көшудің бірнеше артықшылықтарын атап өтеді: «Біріншіден, қазақ тілі артикуляциялық базасынан арылады. Керісінше, табиғи қалыпқа түсіп, жасандылықтан ажырайды; екіншіден, әріптер 42-ден 28-34-ке дейін қысқарады, нәтижесінде жазу сыйымдылығы да артып, компьютерге де ыңғайлы болар еді. Интернетке де шығудың кедергісі жойылады; Үшіншіден, латын жазуын игеруде біздің тәжірибеміз жеткілікті болып отыр. Қазіргі аға ұрпақ пен жастардың бәрі де латын жазуында жазып, еркін оқи алады. Жастар шет тілдерін білгендіктен, латын әріптерін оңай меңгереді. Төртіншіден, біз латын әрпін таңбалауда бірізділікке қол жеткізсек, түрік халықтары өзара бірін-бірі тез түсінісіп, біріге бастайды; Бесіншіден, ең бастысы – санамызды жаулап алуға тырысқан кеңестік идеологияның қамытынан босаймыз» [5, 246-247].

Ал профессор Ә.Жүнісбек болса бүгінгі қазақ жазуына, тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа қажеттігін жеткізеді. Реформа бойынша үш мәселе қамтылады –

дыбыс, әліпби және емле-ережелері. Автор бұл туралы: «Дыбыс – өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпат-түрқы; әліпби сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда, қорғаны мен оққағары; емле-ереже – дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері», [4,12] – деп тұжырым жасайды.

Қазақ елі жазуға байланысты көптеген сынақтардан өтсе де, латын графикасымен жазылған қазақша кітаптарды іздеу, зерттеу жұмыстары – 2007 жылдан бастап қолға алынды. Оған дәлел «Латын графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогы» атты зерттеу кітабының 2-томы басылып шыққан. Каталогтың 1-ші бөлімі «Қазақстаника» баспасынан 2007 жылы шықты. Латын әліпбиінің негізінде қазақша басылған кітаптардың тізімдері жинақталған кітапта – жалпы бөлім, психология, философия, логика, атеизм, дін, қоғамдық-саяси ғылымдар, тіл білімі, жаратылыстану ғылымдары салаларынан 2071 кітап қамтылған [11].

«Латын графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогында» латынмен басылған қазақ басылымдарының өзіндік ерекшеліктері көрсетілген. Мәселен, жаңадан ашылған баспалар мен баспаханалар, типографиялардың атаулары, кітаптардың техникалық дизайны, басылымдарды безендіретін дизайнерлер мен суретші мамандар, басылымдардағы идеяның қарқынды дамуы, тақырып ауқымының кеңдігі мен өзектілігі, өнер және жаратылыстану ғылымдары бойынша кітап тиражының ұлғаюы, көркем әдебиет пен аударма басылымдардың көп сұранысқа ие болуы туралы ақпараттар жинақталған.

Осы ретте әліпби ауыстыру арқылы қазақ жазуына тың реформалар жасаудың алғышарттары пайда болып, ең төте жолға қарай қадам басатынымыз ақиқат. Егер латын таңбаларын дұрыс қабылдай алсақ, онда көптеген тілбұзар әріптер мен емле-ережелер өзінен-өзі қолданыстан шығып қалады.

**Талқылау.** Жаңа әліпбиге көшу мәселесі қоғам арасында жиі талқыланып, әсіресе әлеуметтік желілерде латын графикасының тіл дәрежесін көтермейтіндігі туралы көп айтылды. Сондай-ақ кириллицадан қалған мәдениетімізді де ұмыт қалдырмау қажеттігі ұсынылды. Осы орайда Қазақстанда қазақ тілін іргелі ғылымдар аясында зерттейтін әлемдегі жалғыз мекеме Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанованың пікірлеріне сүйенсек, институт мамандары тілге қатысты өзгерістерді үнемі бақылап, оны жүйелеп, нормативтік-ортологиялық сөздіктерге енгізумен айналысып отырады [9.19]. Латын әліпбиіне көшу кезеңдерінде жүзеге асатын жазба коммуникацияның емле ережелерін де Институт ұжымы әзірлеп берді. Ережелерге қатысты анықтағыштар мен сөздіктер, тілтанымдық құралдар да жасалды.

Осы орайда 2019 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев латын әліпбиін одан әрі жетілдіру туралы тапсырма берген болатын. Тапсырманы институт ұжымы ғылыми тұрғыда жан-жақты қарастыра отырып, теориялық зерттеулер мен тәжірибелік тұжырымдар арқылы орындап шықты. Жетілдірілген жаңа әліпби нұсқасы 2021 жылдың 28 қаңтарында қазақ тілін жаңа әліпбиге көшіру жөніндегі Ұлттық кеңестің мақұлдауынан өтті. Осы мәселеге байланысты саяси шешім шығару маңызды болды. Себебі қаңтар айында жетілдірілген әліпби мақұлданғанмен, әлі бекітілген жоқ. Себебі әліпбиге қатысты пікір айтушылар саны көп болды. Қоғамдағы түрлі көзқарастағы топтардың бір-біріне қарама-қайшы пікірлері болғанмен, әліпби нұсқасын ғалымдардың 70 пайыздан астамы қолдап отырғандығы оның қолданыс табатынына сенім тудырды.

Жаңа әліпби тіл білімін зерттейтін ғылыми қауымдастықтың жан-жақты сараптауларынан өткен, түрлі әлеуметтік топ өкілдері арасында талқыланған бірден бір жоба болды. Институт ғалымдары ғылыми-лингвистикалық базаның жобасын жасау үшін ұзақ жылдар бойы еңбектенді. Ғылыми-лингвистикалық база дегеніміз – сызудың ережелер жиынтығы мен ғылыми тұжырымдамасы, орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктер мен анықтағыш құралдар.

Еліміздегі осындай игілікті істердің орын алуына қарамастан кейбір ата-аналар балаларын орыс мектебіне беруге тырысып жатқаны өкінішті жағдай болып отыр. Бұл

мәселеге қатысты тілтанушылар жауап іздеп те көрді. Оның басты себебі ретінде қазіргі жаһандану жағдайындағы экономикалық және мәдени құрмаласудың салдары екендігі айтылады. Себебі ақпараттық қоғамдағы қуатты күш, яғни ұлттың тілі өз территориясынан шығып, басқа тілдік-мәдени кеңістікті жаулауға тырысады. Ол үшін жаулап алушылардың басқа елдермен тығыз қарым-қатынас жасап, қоныс аударуының да қажеттілігі жоқ. Оған компьютерлік техника мен интернет байланысы болса жеткілікті болады екен. Бұл жөнінде тілтанушы ғалым А. Фазылжанова: «Сан ғасыр бойы үстем болған мәдениеттер бұл құрмаласуға енді ғана қатысу мүмкіндігін алған мәдениеттерді жұтып алуы қазіргі кезде үрдіске айналды. Егер бұрын бір тілдің жойылып кетуі үшін екінші тілдің нақты агрессиясы, яғни жаулап алушы тілдік ортаны иемденіп, басып алуы керек болса, жаһандану дәуірінде бұл үдеріс виртуалды түрде жүзеге асады. Мемлекеттік тіл саясаты мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін қолдауға арналса да, неге орыс тілінің кеңістігі кеңейіп, күшейеді деген сұрақ туындайды. Мұның бір себебі осында жатыр» [9.20], - дейді.

Екіншісебеп, әлеуметтік-желілерде көрсетілетін балаларға арналған мультфильмдердің басқа ұлттардың тілінде берілуі прагматикалық әсерді күшейте түседі. Ал қазақ тілді өнімдердің прагматикасы, яғни тұтынушының үдесінен шыға білуге ұмтылу үдерісі өте баяу жүріп жатыр. Сондықтан орыс, ағылшын тіліндегі өнімдермен бәсекеге түсе алатындай қазақ тілді өнімдердің санын арттыру маңызды болып отыр.

Ана тілімізді жедел түрде үйренудің механизмдерін лингвист ғалым А. Фазылжанова: «Бұл мәселені ел кеңістігінде заңдар арқылы шешуге болады деп ойлаймыз. Мемлекеттік тіл туралы Заңда қазақ тілінің қандай қатынаста әрі сапада қолданылуы туралы нақты механизмі анық көрсетілуі керек. Ол механизмдер тек констатациялық қызмет атқармау қажет, заңның ынталандырушы қызметі мен жазалаушы құралдары да болуы тиіс. Яғни қазақ тілін заңда талап еткен орында, көрсетілген сапада қолданып жатсаңыз, сізге қандай артықшылық берілетіні нақты жазылуы керек.

Егер керісінше болған жағдайда, қолданатын жерінде қолданбасаңыз, тіл сапасын бұзсаңыз, онда заңда қандай жаза күтетіні анық көрсетілу керек. Заңнамада бұны инструменталды әдістер деп атайды» [9.21], – дейді.

Ғалымның айтуынша, латын әліпбиіне көшуге байланысты балаларын орыс мектебіне беремін дейтін ата-аналар үшін латын әліпбиінде «сапа» концептісі басым екендігі анық. Себебі, графика тіл дыбыстарын таңбалайтын шартты дүние болғандықтан латын графикасы әлем кеңістігіне кең таралып отыр. Мысалы, Шығыс Еуропа славян мемлекеттері кирил әріптерінен бас тартып латынға көшті. Сондықтан біздің ата-аналар қанатын кеңге жайып келе жатқан дүниені ескермей, тарылып бара жатқан тар дүниеге қызығуы баланың болашағына балта шабумен тең.

Стамбұлдық профессор Әбдіуақап Қара да латынға көшудің тарихын жиі қозғап, өз ойын «қазақшада – 42, өзбекшеде – 38, қырғызшада – 41, түрікменшеде – 36 әріп бар. 1928 жылдан бері латын жазуын пайдаланып келе жатқан Түркияның әліпбиінің өзінде кемшіліктер бар» деп латын әліпбиіне көшуде бауырлас халықтардың қателігін қайталамауды ұсынады. Ғалымның бұл пікірінен Қазақстанды латын әліпбиіне көшіруде Түркиядағыдай кемшіліктерді болдырмас үшін латын графикасын қолданатын бүкіл түрік тілдес мемлекеттерден арнайы мамандарды шақырып, ортақ шешімге келу керек екендігін аңғарамыз [12].

Қазақстанның кирилл қарпінен бас тартып, латынға көшуін дипломатиялық қарым-қатынастағы шет мемлекеттердің ғалымдары мен зиялы қауым өкілдері де қуаттайды. Мысалы, Қазақстанның латын графикасына көшуін Америкалық «The Diplomat» мерзімді журналының бас редакторы Кэтрин Пуцц те қолдайды. Кэтрин Пуцц – Орталық Азия мен Ауғанстан және үлкен Азиямен байланысты бұрынғы кеңестік аумақтардағы саясат, қауіпсіздік және мәдениет туралы жазатын әскери жазушылар гильдиясының мүшесі. Ол Қазақ еліндегі соңғы өзгеріске орай жазған мақаласында: «Латынға көшудің пайдасы бар болғанмен, бұл бастама табысты болмауы да мүмкін. Біріншіден, Астанада осы идея кем дегенде он жыл көлемінде талқыға салынып келген және әлі де іс жүзінде ешқандай шара

жасалмады. Сол жылдары Қазақстанда ағылшын тілін үйренушілер санының арта түскені, әрине, ақырындап латынға көшуге мақсатталған дайындыққа ұқсайды. Екіншіден, басқа Орта Азия елдері де латын графикасына көшкен және Түркия секілді кейбір елдерде бұл тәжірибе оңтайлы болып отыр. Ал Өзбекстанда әлі де кемшіліктер кездеседі. Егер қазақ елі латынға көшудегі басқа елдердің өткенін зерттеп, тәжірибесінен үлгі алса, өзбек елінің кемшіліктерін ескере білсе, онда үлкен табысқа жетеді деп сенуге болады» [12.18], – дейді. Ал ұлттық төл дыбыстарды сақтап қалу, жаңарту мәселесі бұған дейінгі әліпби ауыстыру немесе қолдануға қатысты тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар еңбегінде де кездеседі. Яғни, «Бұрынғы кеңестік мұсылман мемлекеттеріндегі тіл саясаты мен Кеңес Одағының Орталық Азия мемлекеттеріндегі тіл саясаты» мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдамалардың біздің қоғам үшін маңызы зор [13].

9. Baranov A.N., Kazakevich E.G. Parlamentskie debaty: traditsii i novatsii. [Parliament debates: traditions and novations]. (Knowledge, Moscow, 1991, 64 p.). [in Russian]
10. Maslova V.A. Politicheskii diskurs: yazykovye igry ili igry v slova? [Political discourse: language games or word games?], *Politicheskaja lingvistika* [Political linguistics], (1)24 (2008). [in Russian]
11. Chudinov A.P. Politicheskaya lingvistika: uchebnoe posobie [Political linguistics: textbook]. (Flint, Nauka, Moscow, 2007, 256 p.). [in Russian]
12. Ibrayeva Zh.K. Politicheskaya lingvistika: bilingval'noe kommunikativnoe prostranstvo [Political linguistics: bilingual communicative space]. Dissertation for the Doctor of Philology (Almaty, 2010, 240 p.). [in Russian]
13. Kulichenko Yu.D. Pertseptivnye obrazy politicheskogo diskursa [Perceptual images of political discourse]. Dissertation for the PhD (Almaty, 2009, 162 p.). [in Russian]
14. Akhatova B.A. Politicheskii diskurs i yazikovoe soznanie [Political discourse and verbal consciousness] (*Ekonomika*, Almaty, 2006, 302 p.). [in Russian]
15. Sukhanov Yu.Yu. Politicheskii diskurs kak objekt lingvisticheskogo analiza [Political discourse as object of linguistic analysis], *Vestnik Rossijskogo universiteta druzhby narodov. Serija: Teorija jazyka. Semiotika. Semantika* [Bulletin of the Peoples' Friendship University of Russia Language. Series: Theory of Language. Semiotics. Semantics], 1 (9), 200-212 (2018) [in Russian]
16. Momynova B. Kazak tilindegi kogamdyk-sayasi leksika: aleumettik-bagalaushtyk sozjasam [Socio-political vocabulary in the Kazakh language: socio-evaluative word formation] («Kazakh university», Almaty, 2005, 140 p.). [in Kazakh]
17. Zakharov A.V. Narodnye obrazy vlasti [People's images of power], *Polis* [Polis], 1, 23-35 (1998). [in Russian]
18. Sheygal E.I. Semiotika politicheskogo diskursa [Semiotics of political discourse] («Gnozis», Moscow, 2004, 324 p.). [in Russian]

**Ә.Н. Нугуманова, Ж.Н. Жүнісова**

*А.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

### **Тіл біліміндегі саяси дискурс ұғымының көпқырлылығы**

**Аңдатпа.** Мақала саяси дискурсты күрделі құбылыс ретінде шетелдік және қазақстандық зерттеушілердің ғылыми көзқарастары призмасы арқылы зерттеуге арналған. Бұл мәселені зерттеу қажеттілігі саяси жүйенің үздіксіз дамуы мен өзгеруіне байланысты. Мақалада дискурстың лингвистикалық ғылымның шегінен әлдеқашан асып кеткен термин ретіндегі айрықша белгілері айқындалып, ұғынылады, сонымен қатар оның басқа тілдік категориялармен концептуалды қиылысуын ашатын бірнеше салалар айқындалады. Мақалада саяси дискурсты оның кең және тар мағынасында талдауға және негізгі белгілері мен функцияларын анықтауға, оның ішінде коммуникативті өзара әрекеттесу процесінде дискурсивті оқиғалардың ықтимал түрленуіне ерекше назар аударылады. Сондай-ақ саяси дискурс ұғымын ресейлік, қазақстандық және шетелдік ғалымдардың әртүрлі түсіндіру және салыстыру аспектілері қарастырылған. Қазіргі саяси дискурстың айрықша белгілері анықталып, талданады, бұл ұғымның бар және бір-бірін алмастыратын синонимдері атап өтілді. Жүргізілген зерттеулер дискурстың бұл түрін қоғамдық пікірді қалыптастыруда, саяси басымдықтарды анықтауда және билікті сақтауда маңызды рөл атқаратын құбылыс, тілдік және мәдени сипаттарды түсінудің маңызды саласы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** дискурс, саяси лингвистика, бұқаралық ақпарат құралдары, манипуляция, бағалау.

**А.Н.Нугуманова, Ж.Н.Жунусова**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Многоаспектность понятия *политический дискурс* в лингвистике**

**Аннотация.** Статья посвящена изучению политического дискурса как комплексного феномена через призму научных взглядов зарубежных и казахстанских исследователей. Необходимость исследования данного вопроса обусловлена непрерывным развитием и преобразованием политической системы, и большое количество научных трудов, посвященных этой теме, подтверждает ее актуальность. В статье выявлены и осмыслены отличительные признаки дискурса как термина, вышедшего далеко за пределы лингвистической науки, а также определено несколько направлений, обнаруживающих концептуальные пересечения его с другими языковыми категориями. Особое внимание в статье уделено анализу политического дискурса в широком и узком его понимании и выявлению основных особенностей и функций, включая возможную трансформацию дискурсивных событий в процессе коммуникативного взаимодействия. Также рассмотрены аспекты разной интерпретации и сопоставления понятия *политический дискурс* российскими, казахстанскими и зарубежными учеными. Выявлены и проанализированы отличительные черты современного политического дискурса, отмечены существующие и взаимозаменяемые синонимы данного понятия. Проведенное исследование позволяет рассматривать данный тип дискурса как явление, играющее важную роль в формировании общественного мнения, определении политических приоритетов и удержания власти, как важную область для понимания лингвокультурных особенностей.

**Ключевые слова:** дискурс, политическая лингвистика, средства массовой информации, манипулятивность, оценочность.

#### **Information about authors:**

**Nugumanova A.N.** – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Zhunussova Zh.N.** – Doctor of Philological Sciences, Professor, Theoretical and Applied Linguistics Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Нугуманова А.Н.** – «Филология» мамандығының 3-ші курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Жүнісова Ж.Н.** – ф.ғ.д., теориялық және қолданбалы лингвистика кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Нугуманова А.Н.** – докторант 3-го курса специальности «Филология», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Жунусова Ж.Н.** – д.ф.н., профессор кафедры теоретической и прикладной лингвистики, Астана, Казахстан.

**Б.И. Нұрдәулетова, О.Аманқосов**

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау, Қазақстан*

*E-mail: nurdauletova@mail.ru, onggarsyn.amankossov@yu.edu.kz*

## **Серікбол Қондыбай негіздеген «теңіз жылқыларының» түркілік генезисі (Маңғыстау сакралды мәтіндері негізінде)**

**Аңдатпа.** *Маңғыстау сакралды мәтіндерінде (петроглифтер, эпитафиялар, жыраулық мәтіндер) жылқы бейнесі ерекше орын алады. Каспий маңын мекендеген халықтардың фольклорында «теңіз жылқысы» туралы мифологиялық түсінік бар. Жыраулар тілінде судан шығатын «суын айғыр» жүйріктіктің символы ретінде образға алынады.*

*Мақалада қазақтың өлкетанушы, географ, этнограф, мифтанушы ғалымы Серікбол Қондыбайдың түркі мифологиясындағы «теңіз жылқысына» қатысты зерттеулері қарастырылды. Серікбол Қондыбай қазақ тіліндегі «ерттеу» сөзінің түбірін «ерт» тұлғасымен байланыстырып, оның бастапқы мәні «рет, тәртіп» мағынасын берген дейді. Жылқыны ерттеу – тағы жылқыны қолға үйрету, сол арқылы хаостан космосқа өту деген ой айтады. Осы мақалада Серікболдың пікірі этнографиялық, археологиялық, фольклорлық зерттеу деректерімен толықтырылып, талдау жасалды. Жылқы культінің түркілік генезисі туралы С.Қондыбайдың тарихи-лингвистикалық, танымдық-фольклорлық зерттеулерін толықтыра түсетін ғылыми ақпараттар берілді. Зерттеу нәтижесінде «жылқыны қолға үйрету – адамзат өркениетінің бастамасы» деген қорытынды пікір ұсынылды.*

*Мақалаға деректік материал ретінде ҚР БҒМ гранты бойынша «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпитафиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясында 2020-2022 жылдары ұйымдастырылған далалық экспедиция материалдары пайдаланылды.*

**Түйін сөздер:** *Серікбол Қондыбай, суын айғыр, хаос, өмір ағашы, құрбандық, тұмар, қоңырау.*

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-87-98>

**Кіріспе.** Сакралды кеңістік – жалпы адамзаттық құндылықтармен біте қайнасқан әрі оны әрлендірген ұлттық құбылыс. Маңғыстау аймағындағы көне және ортағасырлық ескерткіштердің көпшілігіне қатысты тарихи аңыздар мен жыраулық мәтіндер сақталған. Сонымен бірге ескерткіштердің көпшілігінде әлі де толық зерттелмеген әр түрлі эпиграфиялық мәтіндерден, соның ішінде жазу үлгілері, таңбалардан құралған эпитафиялық мұра бар. Бұл көне және ортағасырлық ескерткіштер қазақ халқының ерлік тарихына, әдет-ғұрыптары мен діни түсініктерінен мол мағлұмат береді. Осы себептерге байланысты сакралдық кеңістікте сақталған құндылықтарды қоғамдық санада төл тарихымызбен ажырағысыз байланыста орнықтыру арқылы қазақстандық патриотизмнің іргетасы – жерге, тілге, мемлекетке құрметімізді нығайтамыз. Бұл ұлттық тіліміздің мәртебесін, мемлекетшіл санамыздың деңгейін арттыратын сөзсіз.

Түркі мифологиясының білгірі Серікбол Қондыбай өз зерттеулерінде «теңіз жылқылары» туралы мәселеге бірнеше мәрте қайта соғып отырады және оны Маңғыстаудың киелілігін толықтыратын негізгі бейнелердің бірі ретінде атап көрсетеді. «Қазақ ертегілеріндегі, түркі халықтарының жырлары мен аңыздарындағы, Маңғыстау қазақтарының фольклорындағы су жылқылары туралы мәліметтерді жинақтап, осындай мифтік бейнелердің арғықазақ мифологиясындағы сипатына» түсінік береді [1, 39]. Одан да тереңдеп, жылқы мифологиясының түп-төркіні үндіевропалық, үндіирандық па, әлде түркітекті ме деген сауалдың тереңіне бойлайды, жылқыға байланысты тарихи-лингвистикалық, танымдық-фольклорлық деректерді індете зерттеп, жылқы культінің арғы түркілік, қазақтық, адайлық болмысын алға тартады.

Адамзат өркениетінде жылқының қандай орны бар, жылқы культінің, жылқының бағзылық бейнесінің кімдерден, қайдан шыққандығы не себептен маңызды болып отыр, оның түркілік тегін дәлелдеу не үшін қажет болды?

Зерттеудің мақсаты – Маңғыстау сакралды мәтіндеріндегі жылқы бейнесі және «су жылқысы» туралы мифологиялық түсініктің түркілік генезисін анықтау. Ол үшін Серікбол Қондыбай ұсынған концепцияны негізге ала отырып, түркі халықтарындағы жылқы культіне талдау жасау, С.Қондыбай зерттеулерін этнографиялық, археологиялық, фольклорлық деректермен толықтыру.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу материалдарына мақала авторларының 2020-2022 жылдары Маңғыстау облысы бойынша жасаған далалық экспедиция жұмысының ғылыми нәтижелері пайдаланылды. Жылқы культіне қатысты жергілікті тұрғындардан, өлкетанушылардан жазып алған ауызша және жазбаша деректер қатар қарастырылды. Мифтік контекстен тарихи ақпаратты анықтау және алу үшін интерпретация, тарихи-этнографиялық, тілдік-этимологиялық талдау, салыстыру әдістері қолданылды.

**Талқылау мен нәтижелер.** Маңғыстау петроглифтерін зерттеген А. Г. Медоев еңбектерінде Маңғыстау петроглифтеріндегі бейнелер қазақ тарихы үшін ғана емес, бүкіләлемдік ғылым үшін маңызы зор екенін айта келіп, оны одан әрі зерттеуді ұсынған еді [2].

Маңғыстау петроглифтеріне қатысты мағлұматтарды сондай-ақ Х. Арғынбаевтың еңбегінен [3], С. Шалабаев, Е. Өмірбаев, Қ. Сыдықовтардың «Маңғыстау» атты ұжымдық кітабынан [4], У. С. Қыдыралиннің [5], С. Әжіғалидің [6] монографиялық еңбектерінен де кездестіре аламыз.

Сондай-ақ, З. Самашев пен Ж. Жетібаевтің «Қазақ петроглифтері» атты ғылыми еңбегінде: «жоғарғы палеолит дәуірінде пайда болып, қазіргі заманға келіп кеткен жартастағы суреттер мен жазу-сызулар – бір жағынан, оларды салған адам баласының рухани жан-дүниесін көрсететін «ашық аспан астындағы галерея» болса, ал екінші жағынан, өткен дәуірлер мен қоғамдар тарихы үшін теңдессіз дерек көздерінің бірі болып табылады» [7], – деп баға беріледі.

Зерттеуші Б.Тілеубердиевтің қазақ ономастикалық кеңістігіндегі жылқы мен түйенің алатын орны туралы зерттеулері бар [8].

Қазақтың танымал зерттеушісі, тарихшы, этнограф Ж.Артықбаев Маңғыстау сакралды мәтіндеріндегі ру-тайпалық таңбалардың маңызын айта келіп, «таңба жабайы малды алдымен қолға үйреткен Еуразия ұлы даласының бақташы қауымдарының арасында қалыптасты» дейді [9, 174]. Ғалымның көрсетуінше, адамзат баласының прогресіне неолит дәуірінің соңына қарай қазақ жерінде пайда болған металл (кең) өндіру мен жабайы малды қолға үйрету өте күшті әсер еткен. Малды қолға үйрету өз кезегінде адам баласының әлеуметтік және рухани тұрмысын байытты. Ғылымда бұл ғаламат жаңалықтарды «Неолит революциясы» атайды [10]. Таңба салу үрдісі, әсіресе, жылқы өсірген елдердің арасында кең тарады, себебі үй жануарларының өзге түрлеріне қарағанда жылқы түнгі жайылымдарда ондаған шақырым жерлерге ұзап жайылады. Сондықтан, жеке отбасылар өз меншігіндегі жылқыларды таңбалап қоюға мәжбүр болды. Бірте-бірте жылқы малын жеке адам немесе отбасы болып бағу да, қорғау да қиындық тудырды, сондықтан жылқы



ата баласы, ру мен тайпа сияқты әлеуметтік ұялардың ортақ меншігіне айналды. Соған сәйкес таңба да жеке меншік белгісінен ру-тайпалар мен әлеуметтік топтардың меншік белгісіне айналды [9, 174].

Сонымен, «қазақ жерінде алғашқы жылқышылар арасында қалыптасқан меншік символы бірте-бірте өзінің қызмет аясын нақтылады және әлемге тарады», – деп көрсетеді зерттеуші. Бұл белгілі дәрежеде біздің жыл санауымызға дейінгі III-II мыңжылдықта үнді-еуропалық тайпалардың Еуропаға, II мыңжылдықта ариандық тайпалардың Парсы жеріне, үнді-арийлердің Үндістанға қоныс аударуымен байланысты болды. Біздің жыл санауымызға дейінгі бірінші мыңжылдықтың ортасында таңба мәдениеті қазіргі Түркменстан жеріне (Мерв, Ниса), одан әрі Әмударияның төменгі ағысы, яғни Хорезм өлкесіне тарады [9, 94].

Сонда, жылқыны алғаш қолға үйреткен тайпалар әлеуметтік және рухани дамуға қадам жасаған мәдениетті, бақуатты жұрт болып саналады деген сөз. Материалдық меншіктілікті, түрлі ұлттар мен ұлыстардың территориялық шегін, мемлекеттік елтаңбаны, қандай да бір бұйымның шыққан жері мен сапасын, әскери геральдиканы, ең соңында қайтыс болған адамның жатқан жайын, шыққан тегін анықтайтын, даралықтың, дамудың, өркениеттің символы – таңбалардың қоғамдық, әлеуметтік мәнге ие болуы да жылқы малымен байланысты деген қорытынды ой айтуға толық мүмкіндік бар.

С.Қондыбайдың: «Дәстүрлі ғылыми қағида бойынша, атты қолға үйреткен үндіевропалықтар, сондықтан мифологиядағы аттың орын алуы ең алдымен үндіевропалық мифке байланыстырылады. Осы түсінік бойынша, тарихи көшпенділер – түркілер мен моңғолдар атқа қатысты бүкіл терминология мен ұғымдарды үндіевропалық тілден, нақтыласақ, үндіиран тілінен, тағы да нақтыласақ, - иран тілінен алған. Шындығында солай ма? Мүмкін осы алу процесі кері бағытта жүрген шығар...» [1, 344], – деген пікірі қаншалықты негізді?

Ежелгі адамдардың таным кеңістігі бізге жартас суреттері, діни ғибадатханалардағы, жерлеу орындарындағы түрлі бейнелер, белгілер, таңбалар, жазулар, бір сөзбен айтқанда киелі (сакралды) мәтіндер арқылы жетті. Осы сакралды мәтіндерде жылқы бейнесі қандай орын алады?

Зерттеушілер тас дәуірінің соңғы кезеңі – неолитте адам баласы тек өндіруші шаруашылық, еңбек бөлінісі сияқты іргелі материалдық өзгерістерді ғана емес, сонымен бірге жүйелі және нанымды дүниетанымды қалыптастырды деп көрсетеді. Бұл универсалды түсініктерді біз неолит дәуіріне қатысты жартас суреттерінің күрделі мазмұнынан аңғарамыз. Жартастарға адамдар, бақсылар, жануарлар, діни ғұрыптар, аңшылық көріністер, билер және т.б. әртүрлі нысандар мен сюжеттер қашалған. Солардың арасында күн-ай-астральды (немесе аспан) символдары ерекше орын алады. Олар неолит дәуірінен (б.з.б. VII мыңжылдығы) бастау алатын адамзаттың ең архаикалық танымдары мен діни сенімдерін білдіреді.

Жартастағы суреттердің арасында күннің әртүрлі формалар мен стильдердегі бейнесі ерекше көзге түседі. Уақыт өте келе ежелгі адамдардың өмір-тіршілігінде жан-жануарлар ерекше орын алды. Көне таңбаларды зерттеуші Б.Төлегеннің ғылыми пайымдауы бойынша, күнге табыну рәсімдері бірте-бірте белгілі бір жануарға табынумен байланысты болып, олардың зооморфтық бейнелері бәле-жала мен зұлымдықтардан қорғайды деп есептелді [9,76]. Осылайша, діни нанымдар синкретикалық сипатқа ие болды, күн тікелей қорғаушы және ғибадат ету нысаны ретінде біртіндеп алыстап, абстрактілі бола бастады, ал белгілі жануарлар уақыт өте келе алдыңғы қатарға шығып, адам мен әлеуметтік топтардың қорғаушысы рөлін ала бастады. Діни сенім саласында бұл өзгеріс тотемизммен, анимизммен, зооморфтық культтермен, сондай-ақ шаманизммен байланысты болды.

Адамдардың өмір сүруінде жан-жануарлардың киелі қасиетке ие болғаны жартастардағы күн, ай, жұлдыздарға тағзым ету мен аң аулау бейнелерінен көрінеді.

Сонымен, әр түрлі географиялық аймақтарда әртүрлі жануарлар (жылқы, бұқа, бұғы, түйе) күн сияқты маңызды рөл атқарып, сәйкесінше сакральді сипатқа ие болды [11].

Күннің символы бұдан немесе бұғы мүйіздерінде, кейінірек жылқы, бұқа, тауешкі секілді жануарлардың денелеріне салынған геометриялық өрнектер ретінде суреттелді.

Жануарды құдайландыру дәстүрін көрсететін тағы бір көрнекті бейне Орталық Азияның далалық аймағында, атап айтқанда, Орталық және Шығыс Қазақстанда орналасқан. Мұнда көптеген қорғандар мен петроглифтер табылды. Олардың ішінде ерте темір дәуірін қамтитын жылқылардың бейнелері бар.

Маңғыстау таңбаларын зерттеген Б.Төлеген петроглифтердегі мүйізінде шеңбер (сфера) бар бұғы суреттері күн жануарының синкретикалық бейнесі болғанын айтады. Зерттеуші бұғы-күн, жылқы-күн, бұқа-күн деп аталатын фигуралардың бейнелері Еуразия құрлығының кеңістігінде – Сібірде, Моңғолияда, Солтүстік Қытайда, Алтайда, Орталық, Батыс Азияда кездесетінін, сондай-ақ, мүйізінде Күн шеңбері бар жылқының ұқсас бейнелері Қырғызстандағы Саймалуу-Таш тастарынан табылғандығын баяндайды [9].

Жалпы зерттеушілер Сібірде кең таралған бұғы мен бұғылардың мүйіздеріндегі күннің алғашқы бейнесі Орталық Азияның дала аймағына да тән болды деп болжайды. Алайда бұл аймақта күн символизмі басқа өлшемге ие болған, яғни ұзын және үлкен мүйізді бұғымен байланысты күн құдайының көрінісі одан әрі өзгеріске ұшырап, нәтижесінде жылқының, яғни мүйізі жоқ жануардың бейнесі жаңа иконографияға ие болған, осылайша мифтік танымда жылқыны мүлде басқаша бейнеде қабылдауға жол ашылған. Жоғарыда келтірілген пікірлерден пайымдауымыз бойынша, Орта Азияның далалық аймағында жылқы күннің символы, киелі жануар санала бастаған және басқа географиялық кеңістіктерден бұрынғы дәстүрге байланысты белгілер мен стильдік формалар оның иконографиясының өзегіне айналған.

Дәл осындай бейнелеу дәстүрі келесі мыңжылдықтарда жалғасын тапқан, оның жаңғырығы кейінгі кезеңдегі көшпенділер өнерінен (жартастардағы, жерлеу және ғибадат құрылыстарындағы жылқы бейнелері, б.з. д. I-III ғғ.) көрініс береді.

Адамзат танымындағы күн-жылқы сакралды танымы С.Қондыбайдың «ат – ғалам» концепциясымен репрезентацияланады. «Көшпенділер, ат культін жоғары деңгейге көтергендер жұлдызды да, ай мен күнді де тұлпар атқа теңеген. Осы негізде «көшпелілер бүкіл ғаламды да атқа теңеген» деген жорамал бар және ол негізсіз емес» [12, 345], – дейді С.Қондыбай. Зерттеуші қазақтың *ерттеу* сөзінің астарында көшпелілердің космологиялық танымы жатқандығын лингвомифологиялық (тілдік семантикадағы мифологиялық түсінік) зерттеу барысында көрсетеді. «Ерт – тәртіп пен жөн-жосық, реттілік. Мағынаны ұлғайтыңқырасақ, Ерт/Арт – ғаламдық жөн-жосық пен рет заңы. Қазақ тілінде оның тағы бір туысы сақталған. Ол – «рет» сөзі (реттеу, реттестіру, реттілік, ерт - рет), орыс тіліндегі ряд сөзі де (порядок) оның «туысы», бірақ қазақ ерт сөзінің ең негізгі параллелі үндірандық «артта» (рта), «рита» сөзі...» Осы жерде Серікбол Қондыбайдың лингвистикалық түйсігіне таң қалмау мүмкін емес. Шын мәнісінде сырт қарағанда, *ертте* сөзінің түбірі – «атқа салатын жабдық» *ер* сөзінен шыққан деп түсінуге болады. Егер *ертте* сөзінің түбірі *ер* зат есімі болса, оған зат есімнен етістік тудыратын жұрнақ *-ле* (ер-ле) түрінде жалғанған болар еді. Бірақ *ерле* емес, *ертте*, сөздің түбіріне *ерт* құрылымы сұранып тұр. Бірақ аттың ерт-тұрманына қатысты *ерт* түбірі қолданыста жоқ. Бұл туралы зерттеуші: «Бүгінгі тілдегі «ер» сөзіне әртүрлі жұрнақ-жалғаулар жалғанар болса, ол – ерлеу, ерге, ерден, ермен, ерлер, ерік, ерлік, ерім, ерің, ердікі болып шығар еді. Байқалып тұрғандай, бірде-бір ж-ж «т» дыбысын қажетсініп тұрған жоқ. Бұл ер – ерт – ерттеу сөзінің көне мағынасы бар екендігін көрсетеді» [12, 345], – дейді. Қалай болғанда да, *ер* мен *ерттеу* сөздерінің ортасында аралық *ерт* тұлғасы бар екені сөзсіз.

Ғалымның: «Жабайы, асау ат – хаос, тәртіпсіз ғалам. Оны қолға үйрету немесе ерттеу – хаосты жойып, тәртіп пен космосты орнату болмақ», – деген сөзінен шығатын қорытынды – атты ерттеу – хаостан космосқа өту, өркениетті орнату.

Жылқының мифологиялық бейнесі Маңғыстау сакралды кеңістігінде қалай көрініс берген? Бұл туралы біздің 2020-2022 жылдарда жүргізген ғылыми-танымдық экспедиция материалдары не дейді?

Қазақтың танымал этнограф-зерттеушісі С.Әжіғали атты құрбандыққа шалу немесе оны қайтыс болған иесімен бірге көму – энеолит кезеңіндегі адамдардың мифологиялық танымында бар екенін айтады. Зерттеуші Маңғыстау мен Үстірттен ұшырасатын мола басындағы ат байлайтын бағанға ұқсас ағаш құлпытастарды Еуразияны мекендеген көшпелілердегі жылқыны күн тәңірімен, о дүниемен, ат байлайтын бағанды «әлемдік дүние ағашымен» байланыстаратын жылқы культіне қатысты түсіндіреді. «Құлпытас – құрбандыққа арналған аттарды байлайтын баған – дүние ағашы ертедегі адамдардың мифологиялық танымындағы құрбандық бағаны – өмір ағашы идеясының кейінгі стеллалардағы эволюциясына куә болады» [13, 123-143], – дейді.

Адамдарды атымен бірге жерлеу үрдісі сақтарда, сарматтарда, түркілерде болғандығын археологиялық зерттеулер дәлелдейді (14, 62). Ғылыми деректер бойынша, ерте замандардағы батырларды атымен бірге жерлеу рәсімінің жұрнағы мұсылман дінінің тыйымдарына байланысты, кейінгі кезеңдерде құлпытасқа не кесене қабырғасына аттардың суретін салумен жалғасын тапқан.

Маңғыстау мен Үстірттегі қабір басындағы суреттердің басым көпшілігі жылқыларға арналады. Зерттеу барысы анықтағандай, аталған петроглифтердің жасы XVIII-XIX ғасырларды, яғни Маңғыстаудың адай кезеңін қамтиды. Бұл көшпенді жауынгер тайпа ретінде адайлардың дәстүрлі сурет өнерінде жылқы аса маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Маңғыстау петроглифтерін зерттеген З.Самашев пен Ж.Жетібаевтің еңбегінде Маңғыстау мен Үстірттегі жерлеу орындарында жылқы бейнелеріне сәйгүлік (адай жылқысы) және қазанат тәрізді қазақтың асыл тұқымды жылқылары алынғандығы айтылады [7, 20-21].

2020-2022 жылдардағы далалық экспедиция барысында 20-дан астам жерлеу орындарындағы петроглифтер зерттелді. Құлпытастар мен кесене қабырғаларына салынған жылқы суреттерінен байқағанымыз, ұрғашы биелерге қарағанда, еркек жылқылар (айғырлар) көп кездеседі (1-сурет). Ал бие (ұрғашы жылқы) бейнеленген санаулы ғана құлпытастар болды. Соның бірі – Қарағашты әулие қойылымындағы күмбезді (2-сурет) қабырғасына салынған «бие сауу» деп атауға болатын сюжетті сурет. Суретте биенің шоқтығына ұзын құрық сүйеліп, саууға дайындалған, биенің артқы аяқтарының арасы алшақ, саудыруға бейімделген бие екені байқалады. Жалпы, үйретілген биенің басын байламай, құрық сүйеп қойып сауу – Маңғыстау өңірінде бар үрдіс. Құрық – жылқыны бағындыратын бірден-бір киелі құрал. Оның да ар жағы өмір ағашымен байланысты. Үй артында жылқы байлайтын бағанды қазақтар *мама ағаш* дейді. *Мама ағашы*, *мама бие* атауларындағы *мама* сөзі Ұмай Ана ұғымымен байланысты. Бұл да жылқының Тәңірлік, аспандық, ана дүниелік сипатын танытады. Өмір ағашы ислам дініндегі сидрат аль-мунтаха – пейіште өсетін ғажайып ағаш туралы түсінікпен астасады.



1-сурет. Ат үстіндегі адам,  
Қарауылкүмбет (XIV-XVII ғ.)  
Маңғыстау обл.



2-сурет. Бие сауу. Қарағашты әулие.  
(XV-XVIII ғғ.) Маңғыстау обл.

«Өлілер еліндегі» жылқылардың дені ерттелмеген, үстінде иесі жоқ тұл немесе тағы жылқыларды елестетеді. Бұндай суреттердің семантикалық кеңістігі нені меңзейді? С.Қондыбайдың «жылқы - космос» концепциясына сүйенсек, үстінде иесі жоқ тұл ат – өлімнің символы. Ғалымның «аттың ерттелмеуі – оның адамзат құрығына түспеген тағылығын, еркіндігін көрсетеді» деген жоғарыдағы пікіріне сүйенсек, қабір басына салынған жылқы бейнесі хаос, яғни өлілер дүниесін меңзесе керек.

Маңғыстау жерлеу орындарында бейнеленген жылқылардың көпшілігінің мойнында тұмар немесе қоңырау бар.

Аттың мойнына тұмар не қоңырау тағу – аттың құрбандыққа арналғандығының белгісі. Этнограф ғалым С.Әжіғали «ертеде сақтар (скифтер) құрбандыққа шалатын атты байлайтын бағанға қоңырау іліп қойған. Сақ қорғандарынан табылған ат-әбзелдері мен аттың қаңқасының жанындағы қоңыраулар – осының дәлелі» [13, 175], – дейді. Сондай-ақ, жылқы сияқты киелі жануарға көз тимесін деп, мойнына тұмар байлап қоятын да ырым болған [7, 21-22]. Ат пен тұмардың киелі байланысы А.Медоевтың еңбегінде берілген Айрақты тауындағы сурет-композицияда жақсы көрініс тапқан [2, 75-76 кестелер].

Маңғыстаудың тасқа басылған тілсіз мәтіндеріндегі (бейвербалды) әлем, жаратылыс туралы таным Маңғыстау жырауларының ауызша тілмен жеткен тілдік (вербалды) мәтіндеріндегі космогониялық таныммен ұштасып жатырғанының бір мысалы – жылқының сакралды бейнесіне қатысты ақпарат. Қабір басындағы тұмар тағылған аттың суреті құрбандық, о дүние, өлім сияқты сакралды сипатқа ие болса, жыраулардың поэтикалық тілінде тұмарлы ат – жүйріктіктің, көптің ортасынан бөлініп шыққан даралықтың символы. Маңғыстаудан шыққан «адайдың 5 тақтағының» бірі – Ақтан жырау өзінің ақындық, шешендік болмысын:

Жылқы ішінде шұбармын,  
Шұбарға таққан тұмармын,  
Өзім шұбар болған соң,  
Әр-бері сөйлеп қызған соң,  
Топтан ойнап шығармын...

Мен – байрақты жүйрік саңлағың, – деп сипаттайды [11].

Шұбар сөзінің семантикасында әрі сындық әрі заттық мағына сыйдырылып берілген. Шұбар – өзгеге ұқсамайтын бөлекше түр. Шұбардың сипатын оған таққан тұмар ұғымы өзектендіре түседі. Тұмар – қасиеттілік, киеліліктің белгісі, ерекше жаратылыс иелеріне көз тимесін деп, жаман күштерден сақтау үшін тағылатын белгі.



3-сурет. Қоңырау тағылған ат.  
Шекем Мейіз (XIX ғ.)



4-сурет. Тұмарлы ат мінген адамдар.  
Қарауылкүмбет (XV-XVII ғғ.)

Халықтық таным бойынша, жылқы – байлықтың, сән-салтанаттың символы. Ал еркек жылқылар (айғыр) көбею, өсіп-өнуді білдіреді. Сол арқылы қазақтың қайтыс болған адам туралы «арты қайырлы болсын» деген тілегінің астары байқалады. Яғни құлпытасты

безендіруші тұлға (шебер) марқұмның артындағы ұрпақтарына сән-салтанат, байлық, көбею тілейді.

Қазақта ат мифологиясының ежелден бар ұғым екенін дәлелдеуге арналған зерттеулерін Серікбол «Маңғыстаудың суын айғырлары» туралы ғажайып түсінікке әкеліп тіреді. «Су жылқылары – орталық еуразиялық жұрттардың мифтік дәстүрлерінде бар бейне. Әдетте, осы бейнені шығу тегі жағынан «үндіеуропалық», немесе «үндірандық» деп оқшаулағанымен, осындай түсінік түркі-моңғол халықтарының да, Кавказ жотасының екі бетін мекен еткен халықтардың да (грузин, адыге т.б.) фольклорлық мұрасында кеңінен сақталған» [1, 38], – дейді.

Қазақ мифологиясының негізін қалаған ғалым: «Су жылқысы мифтік бейнесінің арғы жағында, шығу тегі жағынан үндіеуропалық бола алмайтын жылан (су жыланы, су айдаһары) культі жатыр. Нақ осы суда өмір сүретін, аспанға да ұша алатын қанатты жылан (айдаһар) бейнесі энеолит заманындағы атты қолға үйретіп, оны көлік ретінде де пайдалана бастаған халықтардың жаңа мифологиясында «су жылқысы бейнесінің қалыптасуына негіз болды» [1, 38], – деп, су жылқыларының шығу тегін жаңаша пайымдайды.

Су жылқылары туралы мифологиялық түсініктің түпкі төркінін су жыланымен байланыстырудың қисынын тағы да Маңғыстау петроглифтерінен көреміз.

1993 жылы Ақтау қаласынан 7 км жерде орналасқан ежелгі Қосқұдық 1, 2 (б.з.д 4000 жылдар) қонысына қазба жұмыстарын жүргізген археологтар үй қабырғасына айналған жартаc кертпешінің баспалдағында екі жыланның бейнесін байқаған. Суреттердің ені 1,5-2 см терең науа түрінде салынған. Бастары ойық шеңбермен берілген. Жыландар бойлық бойымен бастары солтүстік бағытқа қарап жорғалап бара жатырған тәрізді (5-сурет) [9, 69].



5-сурет. Қосқұдықтан табылған қос жылан бейнесі

Мифологтар жыланды су стихиясымен байланыстырады. Су жылан – кейінгі су жылқыларының архетиптік бейнесі деп болжаймыз.

«Теңіз жылқыларының» мифологиялық бейнесі өте ежелгі түсінік ретінде Еуразияның біршама халықтарының фольклорында кездесетіні рас. Дегенмен «теңіз жылқысы» деген жалпылама атаудың нақтыланып, «суын айғыр» деген атқа ие болуы, оған қатысты оқиғалардың кеңістік, уақыт, қатысушы тұлғалар жағынан нақтылана түсуі тек Маңғыстау өңіріне тән деп батыл түрде айта аламыз. Сондықтан С.Қондыбайдың су жылқылары туралы мифологиялық танымды Каспий теңізі жағалауындағы халықтарға телуі, соның ішінде, Маңғыстаулықтардың орны ерекше деп көрсетуі қисынға келеді.

Мысалы, суын айғыр туралы аңыздардың бірі Маңғыстауды жайлаған адай тайпасынан шыққан руы Ескелді Саназар байдың есімімен байланысты болуының өзі қызықты дерек. Аңыз бойынша, Саназар байдың қанатты тұлпары болыпты, ол судан шыққан суын

айғырдың ұрпағы екен-мыс. Саназар бай өзінің байлығымен қоса жомарттығымен, елге қайырымдылығымен Маңғыстау тарихында аты қалған тұлға. Маңғыстаудың қария әңгімесінде «Адайға қайыры тиген 5 Назар» деген тіркес бар, солардың бірі – Саназар бай. Саназар байға салынған кесене Сейсем ата пантионында әлі күнге дейін жерлеу архитектурасындағы өзіндік орны бар ғимарат ретінде аталады.

Сондай-ақ, маңғыстаулық Әбіл мен Бөкенбай батырлардың теңіз жылқыларын ұстағаны туралы аңыз сақталған. Аталған екі адам да Маңғыстау тарихындағы танымал тұлғалардың ұрпағы.

Суын айғырдың Маңғыстаудың меншігіндегі «төл образ» екендігінің тағы бір дәлелі суын айғырдың» - поэтикалық образы. Суынның көркем образы ноғайлы жыр-дастандарында және ноғайлы жырларының бірден-бір мұрагері Маңғыстау жыраулары тілінде кездеседі. Мысалы, Шалкиіз жыраудың «Ер Шобан» жырында:

Түменді бұзған ер де бар,  
Суын түсті жүйрік бар, – деген образ бар.

Қазақ диалектологиясын зерттеуші Ә.Нұрмағанбетов «суын» – жүйрік атқа айтылатын теңеу» дей келіп, осы сөздің төркінін көне түркі тілдеріндегі «бұғыны» білдіретін *сағын* немесе «садақ оғын» білдіретін *согунь* сөздерімен байланыстырады [15, 58].

Адайдың 5 тақтағының бірі – Нұрым жырау Шыршығұлұлы:

Сақыраның мен Нұрымы,  
Су тағының құлыны,  
Сұбұханның құлымын,

Тайпалмас жүйрік жорғасы [16], – деп, судан шыққан суынның (су тағысы) құлыны, Алланың (Сұбұхан) құлы деу арқылы өзінің тылсым тектілігін, ешкімге ұқсамайтын даралығын сипаттайды.

Халық танымындағы жылқының ақындықпен баламаланып берілетін образы оның ауызша поэзиясында жақсы көрініс тапқан. Себебі: «Ауызша сөйлеу мәдениеті қоғамның ортақ меншігі болып табылатын дайын өрнектерді поэтикалық тәжірибеде бекіту арқылы қалыптасады» [17, 134].

Жыраулар тілінде жылқы бейнесі ақындық, жыраулықтың поэтикалық образын жасауда өнімді қолданылады. Яғни жырау өзінің асқақ бейнесін жылқымен ғана теңестіреді. Жыраудың сөзге, өлеңге жүйріктігі жылқы малымен ассоциацияланып, жылқының түрін, қасиетін сипаттайтын *жүйрік*, *жорға*, *шұбар*, *саңлақ*, *бәйгекер*, *тұлпар*, *су тағының құлыны* сөздерінің образдық өрісінде сипатталады немесе «ақындық – жүйріктік» концептісінің бір кілт сөзі – жүйрік, яғни жылқы:

(Мен) Жорғамын сүргін басқаны-ай,  
Таусылмайтын сарқылып,  
Мен ежелгі жүйрікпін,  
Алдына қара салмаған...  
Айтулы жүйрік мен едім,  
Салдырмай қамшы ұмтылған... (Сәттіғұл Жанғабылұлы) [18]

Жүйрік жылқыға тән қимыл-қозғалыс та өзінің сән-салтанатымен шешендік пен шайырлықтың, асқан жыршылықтың белгісі ретінде жыр контексіне алынған:

Жорғамын сүргін басқаны-ай...  
Хас жүйріктің белгісі  
Дуды көрсе, жұлқынған  
Айтулы жүйрік мен едім,  
Салдырмай қамшы ұмтылған...

Сақыраның мен Нұрымы, –  
Тайпалмас жүйрік жорғасы... (Нұрым Шыршығұлұлы) [19, 284].

Жорға – жылқының ерекше сәнді жүрісі. Қазақ тіліндегі «жорға жүріс», «жорға бәйге», «үстінен су төгілмес жорға» тіркестерінен жорға сөзінің эксп-рессивті, эстетикалық ренкі байқалады (жағымды, әдемі, сұлу).

Түркі халықтарынан башқұрттарда, хакас, тувада, Каспий бойын жайлаған қазақтарда (Маңғыстау) мифологиялық теңіз жылқысы – суындар туралы аңыз кең жайылған. Бірақ, бір қызығы, Маңғыстау мен Үстірттегі «өлілер шығанағында» сақталған петроглифтерде қанатты жылқылар көрінбейді.

Серікбол «теңіз жылқылары», «суын айғырлар» туралы жан-жақты талдау жасай келіп, сөз соңын: «Ақтау қаласында, теңіз жағасында қоладан құйылған суын айғырдың не суын биенің ескерткішінің орнатылғанын көре аламыз ба? Күндердің күні солай болатынына үміттенгіміз келеді» [1, 41], – деп аяқтайды.

**Қорытынды.** Жылқы культінің немесе «теңіз жылқылары» туралы мифологиялық түсініктің түркілік генезисін бірнеше ғылыми зерттеулер контекстінде қарастыруға арналған бұл еңбектің маңызы мынада: зерттеушілер көрсеткендей, Евразия даласында жылқыны қолға үйрету – адамзат өркениетінің бастауы болды. Жылқы туралы неғұрлым ежелгі танымның сақталуы, сол халықтың осы өркениетке қаншалықты үлес қосқанын білдіреді. Мал-мүліктің жекеменшіктілігін білдіретін таңба салу үрдісі де жылқы малымен байланысты. Таңбаны меңгеру – жазуды ойлап табудың алғашқы белгісі. Тас дәуірінен бастау алатын петроглифтерде жылқы бейнесі маңызды орын алады. Маңғыстау петроглифтерінде жылқы бейнесі ХІХ ғасырға дейін кездеседі және көне түркілік танымды білдіретін мазмұнға бай. Сонымен бірге тек Маңғыстау өңірінде «суын айғыр» бейнесі аңыз бен ақиқат арасында нақты кеңістік, уақыт, тарихи тұлғалар қатысуымен жасалған, поэтикалық образға айналған. Жылқы культіне қатысты осынша мәліметтерді бір жерге шоғырландырып, жылқының түркілік генезисі туралы қорытынды пікір айтуға С.Қондыбайдың «ерт» түбіріне қатысты ғылыми жоғарыдағы тұжырымы негіз бола алады.

Арғықазақ мифологиясының негізін салушы, Маңғыстаудың мыңдаған жылдық тарихын «мифологиялық танымды тарихи, географиялық, фольклорлық, лингвистикалық мәліметтермен ұштастыра отырып» зерттеу арқылы өлкетану ғылымына тыңнан жол салған, өз заманынан оза туған ерекше талант иесі Серікбол Қондыбайдың суын айғыр туралы болжамдары ұрпақ санасына рухани сәулесін түсіріп, қазіргі кезде Каспий теңізінің жағалауында қоладан құйылған суын айғыр бейнесі тұр.

Маңғыстаудың байырғы тұрғындары «суын айғыр» туралы атадан балаға жеткен әңгімелерді аңыз деп есептемейді, күні кеше осы топырақта тұлпарларының ізін қалдырған жауынгер рухты батыр әрі табиғатпен етене араласып, жаратылыстың ғажайып сырларын меңгерген терең білімді аталарының күнделікті тірлігінде кездесіп тұрған құбылыстар ретінде қабылдайды.

*Мақала ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын «АР19680234 «Маңғыстау топономастикалық ареалы: тарихи топонимия, топобейнелер және оларды интерпретациялау» ғылыми жобасы аясында жазылды.*

### Әдебиеттер тізімі

1. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 7-том. Маңғыстау-нама. – Алматы: «Арыс», 2008. – 448 б.
2. Медоев А.Г. Гравюры на скалах. Алма-Ата: «Жалын», 1979. - 176 с.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке /тарихи-этнографиялық шолу. - Алматы: Ғылым, 1973. – 327 б.
4. Шалабаев С., Өмірбаев Е., Сыдықов Қ. Маңғыстау. - Алматы: «Қазақстан», 1973. – 220 б.
5. Кыдыралин У.С. Культура и быт казахов дореволюционного Мангышлака. Автореферат докторской диссертации. - Алма-Ата, 1975. – 35 с.
6. Аджигалиев С.И. Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана (на основе исследования малых форм). - Алматы: «Ғылым», 1994. -354 с.
7. Самашев З., Жетібаев Ж.Қазақ петроглифтері. Алматы: «Иль-Тех-Кітап», 2005. – 134 б.

8. Тілеубердиев Б. «Жылқы, түйе» атауларының қазақ ономастикалық кеңістігінен алатын орны. // Изденіс. - 2006. - №1. -154-158 б.
9. Артыкбаев Ж., Нурдаулетова Б.И., Аймұхамбет Ж.Ә., Төлеген Б., Моллаканатағұлы С. Кулбаев Н., Сапарбайқызы Ш., Шохаев М. Маңғыстау сакралды мәтіндерінің концептуалды кеңістігі: монография. - Астана: MAGZHAN, 2022. – 240 б.
10. Чайлд Г. Расцвет и падение древних цивилизаций. — М.: ЗАО «Центрполиграф», 2012. — 384 с.
11. Яценко С.А. Знаки-тамги ираноязычных народов древности и раннего средневековья. – М.: «Восточная литература», 2001. -192 с.
12. Қоңдыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. - Алматы: «Арыс», 2008. – 376 б.
13. Ажигали С. Мемориальные камнерезные памятники кочевников Арало-Каспия как историко-этнографический источник // Интеграция археологических и этнографических исследований: сборник научных трудов - Нальчик; Омск: Изд-во ОмГПУ, 2001. - С. 246-250.
14. Археологические памятники Казахстана. - Алматы: «Наука», 1978. – 62 с.
15. Нұрмағанбетов Ә. Түркіменстандағы қазақтардың тілі. - Алматы: «Ғылым», 1972. – 216 б.
16. Тіл таңбалы ақындар. Т 1. - Ақтау: «Printing House», 2016. – 432 б.
17. Nurdauletova B., Aimukhambet Z., Saparbaikyzy S., Kamarova N., Tolegenuly B. The effect of traditional and online learning approaches on the survival and transmission of the oral culture, students' attitude and national values. // International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST), 2023. - 11(1), p.133-155.
18. Тіл таңбалы ақындар. - Ақтау: «Printing House», 2016. Т 3. – 416 б.
19. Нұрдәулетова Б.И., Нұржан А. Жерлеу орындарындағы суреттердің сакралды семантикасы (Маңғыстау аймағы мысалында). // «Керуен» ғылыми журналы. 2022. - №3. - 76-том. – 61-76 б.

## References

1. Khondybay S. Tolyk shygarmalar zhinagy. 7-tom. Mangystau-nama [Full collection of works. Vol.7. Mangystau-nama] («Arys», Almaty, 2008, 448 p.). [in Kazakh]
2. Medoev A.G. Grafyury na skalah [Engravings on the rocks] («Zhalyn», Alma-Ata, 1979, 174 p.). [in Russian]
3. Argyrbaev Kh. Khazakh halkhyndagy sem'ya men neke tarihi-etnografyalykh sholu [Family and marriage in the Kazakh people historical ethnographic review] («Gylym», Almaty, 1973, 327 p.). [in Kazakh]
4. Shalabayev S., Umirbayev E., Sydykov K. Mangystau («Kazakhstan», Almaty, 1973, 220 p.) [in Kazakh]
5. Kydyralin U.S. Kul'tura i byt kazahov dorevolucionnogo Mangyshlaka [Culture and life of pre-revolutionary Kazakhs Mangyshlaka]. Abstract of doctoral dissertation, Alma-Ata, 1975, 35 p.). [in Russian]
6. Azhigali S. Genezis tradicionnoj pogrebal'no-kul'tovoj arhitektury Zapadnogo Kazahstana (na osnove issledovaniya malyh form) [Genesis of the traditional funerary-cult architecture of Western Kazakhstan] («Gylym», Almaty, 1994, 260 p.). [in Russian]
7. Samashev Z., Zhetibaev Zh. Khazakh petroglifleri [Kazakh petroglyphs] («Il-Teh-Kitap», Almaty, 2005, 134 p.) [in Kazakh]
8. Tileuberdiev B. «Zhylykhy, tuje» ataularynyng khazakh onomastikalykh kengistiginen alatyn orny [Place of the names «horse, camel» in the Kazakh onomastic space], Izdenis [Search], 1. 154-158 (2006). [in Kazakh]
9. Artykbaev Zh., Nurdauletova B.I., Aimuhambet Zh.A., Tolegen B., Mollakanagatuly S. Kulbaev N., Saparbaikyzy Sh., Shohaev M. Mangystau sakraldy matinderining konceptualdy kengistigi: monografiya [Conceptual space of Mangystau sacred texts: monograph] («MAGZHAN», Astana, 2022, 240 p.). [in Kazakh]
10. Chaild G. Rascvet i padenie drevnih civilizacij [Rise and fall of ancient civilizations] («Centropoligraf», Moscow, 2012, 384 p.). [in Russian]
11. Yatsenko S.A. Znaki-tamgi iranoiazыchnykh narodov drevnosti i rannego srednevekovia [Signs-tamgas of the Iranian-speaking peoples of antiquity and early middle ages] («Vostochnaja literatura», Moscow, 2001, 192 p.). [in Russian]



12. Kondybay S. Kazak mifologiyasyna kirispe [Introduction to Kazakh mythology] («Arys», Almaty, 2008, 376 p.). [in Kazakh]
13. Ажигали С. Memorial'nye kamnereznnye pamyatniki kochevnikov Aralo Kaspiya kak istoriko-etnograficheskij istochnik [Memorial stone-cutting monuments of nomads Aral-Caspian as a historical and ethnographic source], Integraciya arheologicheskikh i etnograficheskikh issledovanij: sbornik nauchnuh trudov [Integration of archaeological and ethnographic research: collection of scientific papers] (Publishing House of OmGPU, Nalchik; Omsk, 2001, P. 246-250). [in Russian]
14. Arheologicheskie pamyatniki Kazahstana [Archaeological monuments of Kazakhstan] («Gylym», Almaty, 1978, 190 p.). [in Russian]
15. Nurmaganbetov A. Turkimenstandagy khazakhtardyng tili [The language of Kazakhs in Turkmenistan] («Gulum», Алматы, 1972, 216 p.). [in Kazakh]
16. Til tangbaly ahyndap [Poets with language symbols]. Vol. 1 («Printing House», Aktau, 2016, 432 p.). [in Kazakh]
17. Nurdauletova B., Aimukhambet Z., Saparbaikyzy S., Kamarova N. Tolegenuly B. The effect of traditional and online learning approaches on the survival and transmission of the oral culture, students' attitude and national values, International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST), 11(1), 133-155 (2023).
18. Til tangbaly ahyndap [Poets with language symbols] Vol. 3 («Printing House», Aktau, 2016, 432 p.). [in Kazakh]
19. Nurdauletova B.I., Nurzhan A. Zherleu oryndaryndagy suretterding sakraldy semantikasы (Mangystau aimagy mysalynda) [Pictures of burial places sacred semantics (in the example of the Mangystau region) Keruen gylymu zhurnaly [Keruen scientific magazine], 3 (76), 61-76 (2022). [in Kazakh]

**Б.И. Нурдаулетова, О. Аманкосов**

*Каспийский университет технологии и инжиниринга им Ш.Есенова  
Акtau, Казахстан*

### **Тюркский генезис «морского коня» по Серикболу Кондыбаю (на основе сакральных текстов Мангистау)**

**Аннотация.** В мангистауских сакральных текстах (петроглифах, эпитафиях, надписях) образ коня занимает особое место. В фольклоре народов, проживающих вблизи Каспийского моря, существует мифологическое понятие «морской конь». «Водяной жеребец», выходящий из воды, на языке жырау используется как символ скорости.

В статье рассматриваются исследования казахского краеведа, географа, этнографа, мифолога Серикбола Кондыбая относительно «морского коня» в тюркской мифологии. Серикбол Кондыбай говорит, что корень слова «ерттеу» в казахском языке связан со словоформой «ерт» и его первоначальное значение - «порядок». Говорят, что приручить лошадь — значит приручить лошадь, тем самым переместившись из хаоса в космос. В данной статье мнение Серикбола дополнено данными этнографических, археологических, фольклорных исследований и проанализировано. Даны научные сведения о тюркском генезисе культа коня, которые дополняют историко-лингвистические, познавательные-фольклорные исследования С. Кондыбая. В результате исследования было предложено окончательное мнение о том, что «приручение лошади является началом человеческой цивилизации».

В качестве документального материала для статьи использованы материалы полевой экспедиции, организованной в 2020-2022 годах в рамках научного проекта «AP08856996 Концептуальное пространство сакральных текстов Мангистауской области (описательные тексты, эпитафические тексты, петроглифы)».

**Ключевые слова:** Серикбол Кондыбай, водяной жеребец, хаос, древо жизни, жертвоприношение, амулет, колокольчик.

**B.I. Nurdauletova, O. Amankosov**

*Sh. Esenov Caspian University of Technology and Engineering,  
Aktau, Kazakhstan*

### **Turkic genesis of “seahorses” according to Serikbol Kondybai (based on sacred texts of Mangystau)**

**Abstract.** In Mangystau sacred texts (petroglyphs, epitaphs, inscriptions), the image of a horse occupies a special place. There is a mythological concept of the «sea horse» in the folklore of the peoples living near the Caspian Sea. «Water stallion» coming out of the water is used as a symbol of speed in the language of giraffes.

The article examines the researches of the Kazakh local historian, geographer, ethnographer, mythologist Serikbol Kondybai regarding the «sea horse» in Turkish mythology. Serikbol Kondybai says that the root of the word «ertteu» in the Kazakh language is connected with the person «ert» and its original meaning is «order». He said that to saddle a horse is to tame a horse, thereby moving from chaos to space. In this article, Serikbol's opinion was supplemented with ethnographic, archeological, folklore research data and analyzed. Scientific information was given on the Turkish genesis of the horse cult, which complements S. Kondybai's historical-linguistic, cognitive-folkloric research. As a result of the study, the final opinion was proposed that «the domestication of the horse is the beginning of human civilization.»

As documentary material for the article, materials of a field expedition organized in 2020-2022 as part of the scientific project «AP08856996 Conceptual space of sacred texts of Mangystau (zhyrau texts, epitaph inscriptions, petroglyphs)» were used.

**Keywords.** Serikbol Kondybai, water stallion, chaos, tree of life, sacrifice, amulet, bell.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Нұрдаулетова Б.И.** – ф.ғ.д., профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан.

**Аманқосов О.** – магистрант, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан.

**Nurdauletova Bibaisha** – Doctor of Philology, Professor, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

**Amankosov Ongarsyn** – Master's student, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Т.Б. Сағымжанова<sup>1</sup>, Н.Б. Сағындық<sup>1</sup>, Е.Алкая<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Фырат университеті, Елязыг, Түркия  
E-mail: talshyn\_s.95@mail.ru, ealkaya16@gmail.com

## «Хұсрау-Шырын» поэмасы және түркі халықтарының эпикалық мұрасы

**Аңдатпа.** Мақалада ислам мәдениеті кезіндегі түркі өркениеті жетістіктері мен шығыстық классикалық әдебиет үрдісін сабақтастырдық. Шығыстық қисса-дастандарды зерттеуші-ғалым А. Қыраубаева қисса-дастандар хақында олардың тууы мен қалыптасуы тұрғысынан талдай келіп, қисса-дастан жанрының ежелгі әдебиетімізде ХІІІ-ХІҮ ғасырларда туып, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысында дамып-қалыптасқанын дәлелдейді. Мақаланың негізгі идеясына айналған шығыстық қисса-дастандардың арасынан ең бастысы ретінде «Хұсрау-Шырынды» алғанымызбен, сол дәуірдегі бірқатар еңбектер де талданды. Өйткені, түркі халықтарының эпикалық мұрасын құрайтын тарихтың терең қойнауы бәрімен тығыз байланысты.

Мақаланың негізгі бөлімі шығыстық қисса-дастандар мен ғашықтық жырлар өзіндік стилі мен сюжет дамуы қалыптасқан жанр ретінде тарих қойнауынан нәр алып, ХХ ғасырдың басына дейін жалғасқан сөз өнерінің үлкен бір саласы екендігін ұғындырады. Қорытынды бөлімде қазақтың терең тарихындағы ғашықтық дастандарындағы ұқсастықтары мен негізін салыстырмалы түрде қарастыра отырып түйін шығарамыз. Әлемдік ғылымның зерттеу нысанына айналған шынайылық пен фольклордың арасындағы байланыстың қаншалықты нығыз орналасқанына қорытынды бөлім нақты анықтама береді.

**Түйін сөздер:** фольклор, типология, жанр, назирашылдық, ұқсастық, ғашықтық жырлар, дәстүр.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-99-108>

**Кіріспе.** Қазақтың сан ғасырлық тарихындағы әдебиеттің ауқымы өте кең. Жүздеген, тіпті, мыңдаған жылдардың қойнауына кеткен ғашықтық жырлардың зерттелуі әлі болсын тереңдеуді талап етеді. Зерттеу барысында түркі халықтарының ұлы мұрасы саналатын фольклордың біртарапты пікірге орныға алмауының өзіндік себептеріне тоқталамыз. Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және түркология» оқулығы түркі халықтарының жырларындағы өзара байланыстарды ұғындырса, Қ.Өмірәлиевтің «Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер» еңбегі жырлардың таңбалық қасиетін символдармен байналыстырады. Шығыс елдеріндегі біршама жырлардың шығу уақыты мен оқиғасы да сәйкес келетін жағдайлар көптеп келеді. Бір дастанның бір дастанға әсер ететін кездері де болады. «Жүсіп-Зылиқа» дастаны, «Хұсрау-Шырын» дастаны, «Фархад пен Шырын» дастанының арасындағы өзара байланыс осы кезге дейін де қарастырылып келді. Бірақ та, нақты бағасын әлі күнге дейін күтіп жүргенге ұқсайды. Әртүрлі оқиғалардың сарындас келуі тегіннен тегін емес. Оған семантикалық сипат беретін болсақ, талай жыл бұрынғы оқиғалардың осы заманмен байланысын да ұғар едік. Зерттеуші Н. Келімбетов өз еңбегінде былай дейді: «түпнұсқаның жанры мен негізгі ерекшеліктері сақталып отырған. Міне, Құтб ақын «Хұсрау-Шырынды» аударғанда дәстүрлі тақырыпқа шығарма жазудың осы әдісін

шебер қолданған. Ол түпнұсқадағы идея мен сюжетті, мазмұн мен форманы, дастанның көркемдік ерекшеліктерін сақтай отырып, оған өз дәуірінің XIV ғасырдағы Алтын Орда мемлекетінде орын алған әлеуметтік құбылыстарды табиғи түрде енгізе білген»[1, 32]. Низами ақынның айтуы бойынша: «Ұлы ақындар бір-бірінен сөзбе сөз емес, идеялық тұрғыдан көшіріп отырған» [2, 2].

Мақалада қарастырылатын дастандардың барлығы көркем сюжетке, ықшам композициялық құрылымға негізделеді. Алайда, олардың түп – төркіні, мифологиясы көп жағдайда еленбей жатады. Ол туралы терең зерттеу жасаған М.Әуезовті айсақ болады. Зерттеуші ғалымның «шыққан ұясы» дегеннің астарында бүгіліп қалған ой, жеткізілмей қалған сөз жатқандай. Мүмкін ойдың толық айтылмауына кеңестік идеологияның ықпалы да болған шығар. Десек те, Мұхтар Омарханұлы ғашықтық дастандардың мифтік негіздерін меңзеген. Кейбір ғалымдар миф ұғымын адамзат дүниесінің сырын білмеген кездегі балалық сананың көрінісі деген пікір айтады. Бірақ бұл пікірді жоққа шығарған ғалымдар да аз емес. Адам санасының дамуында мифтік ойлау жүйесі маңызды рөл атқарады. Соның нәтижесінде мифтік пәлсапа ұғымы пайда болған жоқ па?! Яғни, мифті адамзаттың балалық санасының көрінісі емес, қиялы мен ой ұшқырлығының жетістігі деп қарастырғанымыз жөн.

Түркі халықтарының әдеби бай мұрасы ғасырлардың қойнауынан кең өріс алып, біздің осы заманымызға жеткені бәрімізге мәлім. Түркі тіліндегі шығармалардың осы заманға жеткен айқын тақырыптарының барлығы дерлік кіршіксіз махаббат туралы болды деу жаңсақ пікір болары сөзсіз. Зерттеуші Дербісалиевтің пікірінше: «Қандай халық болсын өзімен-өзі, оқшау тіршілік етпейді. Тұрмыстыққа жетілік оларды өзге халықтармен, әр түрлі елдермен саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени қарым-қатынас жасауға мәжбүр етеді» [3, 141]. Өз заманына сай адамзаттың рухани құндылығына қарама-қайшы келетін адами қасиеттер де сол заманның шынайы көрінісіне сай келеді. Ғашықтық жырлардағы махаббат иелеріне жасалынған озбырлық сол кездердің өзінде-ақ жырға айналып халықтың жүрегінен жол тауып отырған. «Фархад-Шырын» ғашықтық дастанындағы Шырынның басынан кешкен қорлығы осының нақты дәлелі. Махаббат пен құлдық сананың арасындағы аражікті ашып көрсетпей, қайта сол замандағы патшалардың қыз баласына деген көзқарасын зәбірлік сипатта суреттеген. Зерттеуші-ғалым Ә.Қоңыратбаев оны өз еңбегінде былай келтірген: «Әрбір жырдың туған заманы, себебі бар. Шығысқа мәлім ұлы махаббат жырлары құлдық, одан қалса феодалдық заманда туған. Рас, жазба қиссаларда сарай, гаремде мыңдап қыз (кәнизек) ұстаған патшалардың әйелге жасаған қиянатын «сүйіспеншілік» деп жырлаған ақындар да болған. Олар әйелдің «адалдығы» дегенді марапаттаған». [4, 218].

Осы тектес шығармалардың да өркендеуі мен шарықтау шегі әртүрлі кезеңдермен сәйкес келсе де, бір сарынды жүйе жүруі мүмкін. Оған осындай тарихи оқиғалардың түрткі болуы әбден мүмкін деген қорытындыға келеміз. Айта кететін жайт, ғашықтық жырлардың атауы да өзге болып, оқиғасы ұқсас болуы мүмкін. Ол жазылған шығарманың ауқымдылығына байланысты. Мысалы, «Хұсрау мен Шырын» дастаны мен «Фархад пен Шырын» дастанының арасындағы байланыс әлі күнге дейін қызығушылық тудырады. Олардың ұқсас шығармалар екенінен бөлек, таным-түсініктің де ұқсастығы айқындалды. Осы тектес шығармалардың өмірге келуі исламға дейінгі әдебиет пен исламнан кейінгі әдебиеттің байланысының айқын көрінісі.

Осындай мәдениетаралық жетістіктерді кеңінен талдауға жету үшін мынадай негізгі міндеттер жүйесі жүйелі түрде қамтылған:

- «Хұсрау-Шырын» ғашықтық жырындағы Шырын бейнесі мен Хұсрау тұлғасын сол кезеңдегі басқа шығармалармен салыстыра суреттеу;
- Ислам мәдениетіне дейін пайда болған жаңа бағыттың әдебиетке әкелген әсерін анықтау;
- Шығармадағы кейіпкерлердің психологиялық жағдайына, рухани әлеміне мәтін арқылы талдау жасау;

- Қазақ әдебиетінің ислам дәуіріндегі эстетикалық өзгерістерге зерттеу жасау;
- Орта ғасырдағы шығарманың көркемдік-эстетикалық құндылықтар жүйесіндегі халықтық дәстүрдің орны мен рөлін анықтау.
- Шығыстық қисса дастандардың табиғатын, олардың зерттелуін негізге ала отырып, образдар жүйесін талдау;
- Әйел бейнесін зерттеудің ғылыми маңызы мен жаңашылдық сипатын ашу;
- Ғалымдардың тақырыпқа ұқсас еңбектерін талқылап, жұмыстарының мән-маңызын анықтау;
- Дастандардағы әйел бейнесінің бірнеше нұсқада, бірнеше кейіпте берілуін талқылау;
- ХХІ ғасырдағы әйел образы мен қисса-дастандардағы әйел образын салыстыра отырып, дастандардың тәрбиелік маңызын айқындау.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу жұмысының тақырыбын ашуда, оны зерттеуде, мәселенің шешімін табуда және мақсатқа қол жеткізуде әдебиеттің өзекті мәселелері мен тарихын зерттеген, зерттеп жүрген білікті әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектері мейлінше кең пайдаланылды. Атап айтқанда, З.Қабдолов, М.Әуезов, С.Мұқанов, А.Қыраубаева, П.Бисенбаев, Ү.Субханбердина, Р.Бердібай сынды ғалым-зерттеушілердің еңбектері басшылыққа алынды. Сондай-ақ әдебиет мәселелерін қарастырған орыс, қытай, түркі ғалымдарының зерттеулері пайдаланылып, тиісті тұстарда сілтеме жасалып отырды. Қиссатану ғылымының зерттелуіне үлес қосқан бірнеше қазақ және әр ұлттық ғалым-зерттеушілердің еңбектері жарық көрген. М.Әуезов, С. Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е. Ысмайылов, Б. Шалабаев, М. Ғабдуллин, Х.Сүйіншәлиев, А. Қыраубаева еңбектерінде қисса-дастандардағы жалпы мәселелер сөз болса, оларды танып-білудің маңызы Б.Кенжебаев, З.Ахметов, М.Бөжеев, Ә.Қоңыратбаев, Ы. Дүйсенбаев, М. Ғұмарова, Р. Бердібаевтардың мақаласында кездеседі. Кейіннен Ш.Сәтбаева, С.Қасқабасов, Н.Келімбетов, Ө.Күмісбаев, Б.Әзібаева зерттеулерінде жалғасын тапты. Сонымен қатар, бұл дәуірде қисса-дастандар жинағы да шыға бастаған. Яғни, ескі мұраға деген көзқарас та біршама ғылыми бағытқа ауысып, түзеле бастаған болатын.

**Талқылануы.** Әдебиетті күрделі өнер дейміз. Бүтін бір дәуірдің айнасы іспеттес. Осы өнерде еркіндікті сезінгендер және ноқталағандар бар болатыны заң. Қай қоғамда да, қай дәуірде де бұл болған құбылыс және бола беретін құбылыс. Оқырманға не болса соны беріп, талғамын төмендетіп, әдебиетті арзандатпауға, құнын түсірмеуге жанашыр жандардың бірі жазушылар. «Суреткер үшін ең үлкен бақыт – халық ұмытпайтындай, халықтың жадында сақталып қалатындай шығарма тудыру» деген екен [5, 131]. Еліміздің тәуелсіздік алуы, тәуелсіздіктен кейінгі қоғамның дамуының тың өзгерістерге ұшырауымен қатар оның адамдар тағдырына әсері әдебиетте көрініп қана қоймай, басты тақырыпқа айналды. Адам мен адам болмысының табиғатын түсіну, рухани дүние мен жан-дүниесіндегі қатпарлы қалтарыстардың сыр-құпиясын ашуға деген талпыныс ұстанымдары туды.

Қазақтың сан ғасырлық әдебиеті бүгінгі күнге дейін сан тараптан қарастырылып, оның ішінде ежелгі дәуір әдебиеті тереңнен зерттелініп келгенімен, ежелгі дәуір әдебиетінің нақты бағасы жаңа кезең әдебиеттануында нақтылана қоймады. Мақала жұмысының нысаны болып отырған ежелгі дәуір әдебиеті кезеңі аясындағы ғашықтық жырлардың адам әлемін тереңнен таңуға деген талпынысымен ерекшеленетін туындылар. Қысқа әрі нұсқа келетін, тақырыптық-идеялық тұрғыдан жаңашыл көркем ізденістердің көрініс табуы, адам мен қоғам арасындағы мәселелер, мінез ерекшеліктері және де т.б өмірдің өзегіне айналған жайттар фольклорлық туындылар аясында көтеріліп келеді.

Біздің отарлану дәуіріміздегі әдебиет Абаймен басталды. Аспанды қара бұлт торлап келе жатқан еді. Жау іргеден алған уақытта, әдебиеттің заман ауқымынан шетке шықпайтыны белгілі. Абай шығармашылығында реализмнің негізгі орнын алып, тұтас кісі отарлану кезеңінде реализмнің үстемдік алатын жүйелерін себебі де, міне, осында. тәсілдері Біздің отарлану аласапыран дәуіріндегі әдебиетті көркемдік тағы да бір тұрғыдан «қарсылық көрсету кезеңіндегі қазақ әдебиеті» деп атауымызға болатын секілді. Жаугершілікте өжет те батыл, батыр бабаларымыз қан майданда өледі. Біреулер қорқып қаруын тастайды, бірақ өмірінің соңына дейін намыстың

отына күйіп өтеді. Енді біреулер жаудың дегенін істей бастайды. Жылап сықтағандар да, құр ұяйымға салынғандар да болады. Тағы жалғатай бір тобыры бойсынғанымен қоймайды, сатқын деген атақ алып, жауынан бетер өз жұртына өршелене шабады. Бұл – өмірде ғана емес, әдебиеттегі майданда да кездесетін комплекс.

Бүгінгі күнгі әдебиетімізге келер болсақ, аласапыран кезеңнің әдебиеті деп айтуға соңғы тұрарлық деңгейге жетті. Бұл – алдымызда келетін жана эпостық әдебиетке жол және салатын дәуір. Сондай кезеңдер эпостар дәуірінің соңғы сатысында да болған. Сыртқы шапқыншылыққа қарсы ту көтеріп, ереуіл атқа ер салған жыраулардың эпостан жырға кескін көшіп, Абай дәуіріне иек артқан поэзиясы дәл бүгінгідей өтпелі кезеңді қалыптастырған еді. Өтпелі дәуірдің айырмашылығы – алғашқы жүйеде сөсетінген әдебиет жаңа жүйе адам орнықтыруға ұмтылады. Өнер дегеніміз қожыраған ой мен шапшыраған сезімнің жаңа үндестігін табуға талпынады.

Қазіргі қоғамдағы болып жатқан аласапыран кезеңнің кесігін ежелгі дәуір әдебиеті де қағып тұр. Мен өзім қазақ әдебиетінің тарихын күллі қаламгерлердің рухани тарихы шығармашылыққа етіп жазғым келеді. Әдебиеттің дәстүр желісі сонда ғана он көрініс табады деп ойлаймын. Эпостар дәуірінен біздің бойымызда не қалды, уақыттанеден айрылды деп ойлаймын кейде. Бірақ Отарлану саясаты кезеңінде қандай күй кештік, қандай қасиетімізді бере алдық, шыққан биігіміз нақты қай деңгейде? Ендігі алдағы заманымыздағы мүмкіндіміз қандай? – деген сұрақтарға жауап іздегім келді.

Ендігі заманымыз қалай болғанда да өткенмен байланысты болары анық. Ежелгі дәуірдің ішіндегі ғашықтық дастандардың барлығымен байланысты қайтадан нығайтуымыз тиіс. «Хұсрау-Шырын» жырындағы негізгі идеяларды қазақ поэзиясына да әкелсе, артық етпесі анық. Десе де, сол замандағы түркі халықтарының бойындағы поэзияға деген ұлы сағынышы сезілетін жасырын емес. Ғашықтық жырлардың ішінде олардың барша халықтың мұңы мен мұраты жататыны анық. Осындай жырлар арқылы білдіріп отырған. Демек, бұл да бір саяси құрал. Р. Бердібай «Жүсіп-Зылиха», «Хұсрау-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн» «Таһир-Зухра» сынды іңкәрлік жырларын қазақ эпосы мен мәдениетінен бөліп алуға болмайтынын, бұлардың байырғы қазақ жырларынан еш кем түспейтінін айтады [6, 305].

«Егер қадғұда болсақ йа савүнчда  
Кечар давран, қалурбыз біз окүнчда

Егер болсақ қайғыда я сүйініште  
Өтер дәурен қалармыз өкініште

Барурбыз дуниадан барча начар  
Йігітлікда савінчдін йахшы не бар

Өтерміз дүниеден барша нашар  
Жігіттікте сүйініштен жақсы не бар» [7, 8].

Осы жердің өзінен сол замандағы арулар мен жігіттердің арасындағы қарым-қатынастың шекарасын сол кезгі халықтардың таным-түсінігі қалыптастырғанын байқай аламыз.

Одан кейінгі мәселе – әдеби байланыстардың арасында назирашылдық үлгінің кең етек алуы. Бұл түркілік таным-түсініктің ислам мәдениетіндегі шынайы көрінісі және діни рәсімдердің көптігі. Ол туралы атақты ғалым Ю.Б. Боревтің «Эстетика» кітабында былай делінген: «Мәдени тұрғыдан алғанда, мифтің шығу тегі рәсіммен тікелей байланысты, бірақ ол одан кейін де пайда болғандықтан, өз тегінен елеулі айырмашылығы бар» [8, 183]. Бір сюжетке жазылған бірнеше шығарма. Бірақ, барлығы бір уақытта жазылуы мүмкін емес. Арада бірнеше ғасыр, не бірнеше жылдар болуы мүмкін. Мысалы, парсы

халықтарының атақты Низамидің «Хұсрау мен Шырын» шығармасын 2-3 ғасыр салып, түркілердің атақты ақыны Құтб қыпшақ-оғыз тілінде жазып шығарды. Низамидің «Хұсрау мен Шырын» дастаны мен Құтбтың «Хұсрау мен Шырын» дастаны – нағыз назиралық үлгілегі ғашықтық шығарма. Әдебиетте бұндай құбылыстар көптеп кездесіп жатады. Оны Зерттеуші-ғалым Алма Қыраубаева өз еңбегінде былай сипаттайды: «Қыпшақ даласында қыпшақ ақыны Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны өмірге келді. XIII ғасырдың соңында үнді шайыры Амир Хосрау Дехлеви Низами поэзиясының желісімен өз поэмасын жазады. Ол Низами туындысының атауын кері айналдырып береді, яғни «Хұсрау мен Шырын» емес, «Шырын мен Хұсрау» және де «Хұсрау-Шырынның» басқа да назиралық нұсқалары бар екенін айта келіп, Жәмидің тек «Хұсрау-Шырынның» кейіпкерлерін алып, ал атауы «Парвиз бен балықшы» деп келетін нұсқасын келтіреді» [5, 343].

«Низами назмы йаңғы туз сөзуңни,  
Анын билгут хаңыңға бу өзүңни.

Низамидің өлеңіне ұқсас түздім сөзімді,  
Соны білдір ханыңа бұл өзінді» [4, 8].

Низами заманына дейін де, Құтб заманында да шығарманы билеушісіне арнау үрдісі дамыған. Негізінен алғанда, жалпы сюжет те биліктен қатты алыс емес. Отандас ғалымымыз: ««Хұсрау уа Шірін» поэмасының тілінде қыпшақ тіліне тән қосымшаның, қыпшақ элементі басым» [6, 18], - деген пікір айтса, Н.Баскаков: «Поэмаңның тілі – Алтын Орданың әдеби тілдеріне жататын қыпшақ тілі, ол ұйғыр тілінің ықпалына ұшыраған», - дейді [7, 57].

«Хұсрау-Шырын» ғашықтық дастанының қай нұсқасы мен түркі халықтарының бойындағы асыл қасиеттермен қатар сол замандағы жастардың шынайы махаббатына жасалған озбырлықтары мен өктемділіктері көрініп отырады. Әр заманның бойынан табылып отыратын түпсаналық сезімдердің қазіргі таңдағы көрінісі де ертеректен басталған деген ойға келуге болады. Тобырлық сананың шынайы махаббат жолына орасан зор қателіктері сол заманның ішкі бейнесін көрсетеді. Шығармадағы негізі кейіпкер, сұлулықтың символына айналған, ол – Шырын. Тағдырдың бұралаң жолы Шырынның кіршіксіз сұлулығына сызат түсіреді. Қоғамнан бөлек үлкен сезімнің жетегіндегі ойлар Шырынның өмір жолына қиындықтар алып келеді. Хұсраумен басталған махаббаттың Фархадқа ауысқан тұсы жырда өте көркем жеткізіледі. П.Бисенбаев «Хұсрау-Шырын» дастаны турасында жазған мақаласында оқырманды Ташкент маңында хатқа түскен Науаи нұсқаларының бірімен таныстырады. [8, 40].

Ал Низами бұл шығарманың негізгі идеясына тоқталу барысында сол қоғамның ең осал тұсынан ұстағаны анық. Және ол тек «Хұсрау-Шырында» ғана емес «Ләйлі-Мәжнүнде» де кездеседі. Осы екі шығармасындағы адам азаттығы идеясы Низамиді «Хұсрау-Шырын» және «Ләйлі-Мәжнүн» сияқты ғашықтық сарындағы әлеуметтік теңсіздікті қозғаған дастандарын жазуға әкеліп тірейді. «Хұсрау-Шырын» дастанында Низами халық арасынан шыққан Шырын қыздың бейнесін Иран патшаларының опасыздығына, ұсақтығына қарсы қояды. Әкесінің тағынан айрылған Хұсрау Парвиз Дербент қызы Шырынға ғашық болады. Оны қыз да ұнатып, Шабдиз деген атпен іздеп шығады. Бірақ Парвиз Бабыл патшасының қызы Мәриямға үйленіп, Шырынды ұмытады. Фархад атты ұстаның ғашық болуына қарамастан, қыз Парвизден үміт үзбейді. Мәриям өліп, Шырын өзінің сүйгеніне қосылады. Бірақ Мәриямнан қалған Шеруя деген баласы Парвиздің өзін өлтіріп, Шырынды (шешесін) зорлықпен алмақ болғанда, қыз сүйіктісінің моласына барып, өзіне пышақ салып өледі. Шырынға әкесі де, баласы да опасыздық істейді, ал Шырын адал болады. Осы жайларды баяндай келіп бұл жырға бар өнерін салған Низами: «Жүрегі сөнген өлік болмаса, бұл дастанды оқыған кісінің тебіренбеске лажы қалмас» деп жазады. «Нақтырақ айтсақ, миф – алғашқы қоғам адамдарының әлем, дүние, қоршаған орта туралы танымының көрінісі.

Ғылым саласында мифке қатысты айтылған ой-пікірлер де, берілген анықтамалар да өте көп. Бұның өзі мифтің қиын да күрделі жанр екендігінің айғағы»,– деген зерттеуші ғалым М.Пірімбетова [9, 80].

Қалай болғанда да, Низамиден басталған «Хұсрау мен Шырын» ғашықтық дастанының ғұмырлы болуының ең негізгі себебі, ол – тақырыптың және идеяның өміршеңдігі. Құтбтың аударған туындысында да бұл негізгі идея сақталған, тек уақыт пен кеңістікке байланысты кейбір тараулар алынып, кейбір тараулар қосылған. Ол Ислам мәдениетімен тығыз байланысты оқиғалар. Шырынның сұлулығынан өзге, бұралаң тағдыры оқиға желісін тым күрделендіріп жіберген. Соның арқасында біз осы заманымызға құнды деректің жеткенін көріп отырмыз. Назирашылдықтың өзіне өміршең әрі көлемді тақырыптың керек екенін бәріміз білеміз. Түркі-парсы елдерінің шығармашылық байланысы орасан зор деңгейде жүріп жатты. Солардың арасынан суырылып шыққан шығармалардың бірі болатын. Шындығына келгенде, патшаның Шырынға деген махаббатының адалдығын жоққа шығара алмаймыз. Десе де, қыз таңдауының да ол заманға сай емес екенінен хабар аламыз. Мысалы жырдағы қолданылған мына мақал-мәтелдерге назар аударайықшы:

«Егер болсақ қайғыда я сүйініште,  
Өтер дәурен, қалармыз өкініште»

Немесе

«Өтерміз дүниеден барша нашар,  
Жігіткіте сүйініштен жақсы не бар?»

Өмірден бақ пен сорды қатар тартқан адамның сөзінен қарағанда, өкініші көптеу кісінің ішкі монологына ұқсайды. Бұл жолдар Шырынның басындағы ситуациялардан хабар береді. Жалпы алғанда, Шырынның осы өмірдегі ақиқатқа жету жолына үлкен сызат түскені анық, тек оны қай кейіпкердің обалына қалдырамыз қараңғылау. Шығарманың «Хұсрау мен Шырын» емес, «Фархад пен Шырын» деп атау да кездесіп, жатады. Бірақ назирашылдық болғанымен, бұл дастанда Шырынның образы өзгеріске ұшыраған. Соншалықты зынданға тасталып, балалары қорлыққа ұшыраған кейіпте жырдың идеясы өзгертіледі.

«Хұсрау - Шырын» дастанында ақын адам азаттығын әлі жалпылап айтса, «Ләйлі-Мәжнүнде» неке теңсіздігін ашық жырлайды. Бүкіл шығыс елдеріне мәшһүр «Ләйлі-Мәжнүн» сюжетін салалы дастан түрінде әлемге тұңғыш рет таратқан ақын - Низами. Жырда екі жастың адал махаббатына, азаттығына, әлеумет тәртібі орнатқан еріксіз неке айыпты болады. Сол үшін бұл екі қаһарман өз заманының әлеуметтік тәртібіне қарсы шығып, мерт болады. Адам азаттығын жырлаған бұл екі туынды Низамидің реализм жолындағы ірі табыстары. Оның қаһармандары дүниеге сыймаған алып та күрескер адамдар.

Тарих ити йуз йыл сексен бешінде  
Сафер айының иігірми бешінде

Иол үзрә ни болса битидим китаб.  
Хатымны заиф тип қыламағыл итаб [7, 8].

Жолма-жол аудармасы:

Тарих жеті жүз сексен бесінші жыл  
Сафер айының жиырма бесінде.



Жол үстінде болсам да кітапты жаздым.  
Жазғанымды нашар деп сөкпегін.

Шығыс әдебиетін зерттеуші Дунаевскийдің айтуынша, бұл сюжеттің арғы тегі Ассирия заманынан бері келе жатқан көрінеді. Бабыл жазбасында Лилакес (Ләйлі) пен Қистің (Қайыс) сүйіспеншілігі, Саламис баласы Нуфальдің (Нәуфіл) есімі айтылады. Бірақ Бабыл ертегісінде Ләйлі мен Қайыс өлмейді, қосылады. Қайыс кейін Ләйліні тастап, екінші әйелге ғашық болады. Ләйлі қайғырып өледі. Бұл дастанды Низами Ширбан шах Ахситан мен өз баласы Мұхамбеттің тілегі бойынша жазған. Бірақ онысы бүкіл шығыс әдебиетінің қаймағына айналып кеткен. Бүгінде қазақ халқына да ортақ болып отырған осы шығармалардың авторы - Низами, оның творчествосы мен ақындық бейнесі біздің әдебиеттану ғылымымызда жеткілікті дәрежеде зерттелмей жүр. Айта берсек, Низами сияқты ескілікті сынаған, роман эпопеясының тамаша үлгісін жасаған шығыс жұлдызын теріс бағалаушылар да жоқ емес. Оның үлгісін қазақ ғалымдарының арасынан да табуға болар еді. Зерттеуші Ә. Қоңыратбаев: Хұсрау деген жалғыз ұлы бар екен. Хұсрау көп оқып, ер жетіп, әдепті жігіт болыпты. Патша ұлының Шапур деген бір суретші досы бар екен. Бір күні ол Хұсрауға әділ патша Мехинбану және оның жиені сұлу Шырын жайында әңгіме айтып береді [10, 72].

Сонда Хұсрау Шырынға ғашық болып қалады. Мысалы, бір кездері С.Бәйішев жолдас өзінің жазған ғылыми мақалаларының бірінде шығыс әдебиетіне тоқтала отырып, Фердаусиден басқаларының бәрін кертартпа әпенді (мистик) болды деп даурықты. Сол тізімнің ішіне автор әдебиеттегі сыншыл бағыттың өкілдері – Омар Хайям, Низами, Ганжеби, т.б. қосып жіберген. Бір ғана әзербайжан халқы емес, бүкіл совет елі үлкен баға беріп отырған Низами сияқты шығыс алыптарына бұлайша баға беру тым өрескел қателік болар еді. Бүкіл шығыс әдебиетіне ортақ Низами Ганжеби шығармалары мәңгі өмір сүре бермек. Оған берілген бағалар қаншалықты теріс, сорақы болса да, алымды ақын Шолпан жұлдызындай мәңгі жарқырай береді [11, 131]. Оған кәміл сенеміз. Негізінен алғанда, жалпы сюжет те биліктен қатты алыс емес. Отандас ғалымымыз: ««Хұсрау уа Шірін» поэмасының тілінде қыпшақ тіліне тән қосымшаның, қыпшақ элементі басым», - деген пікір айтса [12, 18], Н.Баскаков: «Поэманың тілі – Алтын Орданың әдеби тілдеріне жататын қыпшақ тілі, ол ұйғыр тілінің ықпалына ұшыраған», - дейді [13, 57].

**Зерттеу нәтижесі.** Ежелгі түркі дүниетанымынан бастау алған әдебиетіміздің туыстас халықтармен қарым-қатынасы дәстүрлі деңгейге дейін көтерілген. Парсы-түркі халықтарының әдебиеттері арасындағы типологиялық ұқсастықтар да осының әсерінен болып отыр. Туыстас халықтар арасындағы байланыстың тарихи-мәдени, эстетикалық, сюжеттік, кейіпкерлік түрі әлі күнге дейін құнды қазынамыз.

Зерттеу жұмысымыздың теориялық негізі ретінде алынған бірқатар еңбектердің ішіндегі, әсіресе, парсы-түркі халықтарының қазынасына айналған «Хұсрау-Шырын» дастаны туралы тың деректер сараланып, Құтб пен Низамидің «Хұсрау-Шырын» ғашықтық жырындағы тың деректерді пайдалана отыра, сол кезеңдегі өзге шығармалармен салыстыру. Кейіпкерлер арасындағы өзара байланыстың суреттелу шеберлігі. Заманның ортақ тақырыптарын зерделей келе тереңрек қорытынды шығару [14, 450].

Мақалада жоғарыда айтылған еңбектердің әрқайсысына сүйене отырып, зерттеу нысанына айналған шығармаға жан-жақты ғылыми-теориялық талдау жасалынды.

**Қорытынды.** Қорыта келгенде, Құтбың «Хұсрау-Шырын» ғашықтық дастанымен қатар, түркі дүниесіне ортақ мұралардың бәрінде дерлік ұқсас жайттар кездесіп жатады. Ол замандағы уақыт пен кеңістік тұрғысынан алып қарайтын болсақ, қалыпты құбылыс ретінде санай аламыз. Белгілі кезеңдегі оқиғалар, басқа уақыт пен кеңістікке өткенде міндетті түрде формалық болмысы мағыналық өзгеріске ұшырайды. Алайда, аталған оқиғаны әр бағыттан көре алатын ақындар мен қаламгерлер де аз болмаған. Түптің түбінде, біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған «Хұсрау-Шырын» ғашықтық дастанының басталуы мен заманмен біте қайнасқан уақытындағы халыққа таралуы әрқалай болып

отыр. Осы тектес шығармалардың жарық көруі, болмаса өзге тілге аударылуы жайдан-жай тарих сахнасынан көрініс таппайды. Оның да өзіндік саясаты, өзіндік шындығы бар. Және әр заман өзіне сай жаңашылдығын қосып отырады. Қоғамнан бөлек үлкен сезімнің жетегіндегі ойлар Шырынның өмір жолына қиындықтар алып келеді. Хұсраумен басталған махаббаттың Фархадқа ауысқан тұсы жырда өте көркем жеткізіледі. П.Бисенбаев «Хұсрау-Шырын» дастаны турасында жазған мақаласында оқырманды Ташкент маңында хатқа түскен Науаи нұсқаларының бірімен таныстырады [15, 40].

Түркі халықтарының бойындағы рухани артықшылық олардың фольклорында толықтай жазылғаны бәрімізге мәлім. Шығармалардың арасында идеялық ұқсастықтар, мағыналық ұқсастықтар көптеп кездеседі. Ендігі кезекте, осыларды автордың халыққа қалай жеткізгені үлкен мәселе. Ол мәселелер Низами шығармашылығын жан-жақты талғанда тұста толықтай ашылды. Сол замандағы қыз бен жігіттің қарым-қатынасын сипаттайтын шығармаларды толқынымен жазған. Әсіресе, шарасыздыққа құрылған қыз тағдырына Низамидің айтар ойы ерекше орнығады. Осындай түркі халықтарының эпикалық мұраларының мол қазынасы осы күнгі әдебиетіміздің маңызды бір бөлігіне айналды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: «Раритет», 2011. – 432 б.
2. Van Ruymbeke C. (2018). Persian medieval rewriters between auctoritas and authorship: The story of khusrau and shirin as a case-study *Studies in Persian Cultural History*, 12, P. 269 – 292. – URL: [https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0.085059765259&doi=10.1163%2f9789004356252\\_012&partnerID=40&md5=bc0011834ce7deace8742dadb1a0dca0](https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0.085059765259&doi=10.1163%2f9789004356252_012&partnerID=40&md5=bc0011834ce7deace8742dadb1a0dca0) (Accessed: 10.03.2022).
3. Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Тарихи-филологиялық зерттеулер. – Алматы: «Рауан», 1985. – 300 б.
4. Қоңыратбаев Ә. «Қазақ эпосы және түркология». - Алматы: «Ғылым», 1987. – 218 б.
5. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: «Ғылым», 1984. – 272 б.
6. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. - Алматы: «Ана тілі», 1991. – 280 б.
7. Құтб. Хұсырау Ширин. - Қазан, 1969. – 487 б.
8. Боров Ю.Б. Эстетика. Оқулық. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 б.
9. Пірімбетова М. Қисса-дастандардың кейбір ерекшеліктері мен қиссатану жанры жайында бірер сөз. – Алматы, 2005. – 237 б.
10. Қоңыратбаев Ә. Көне мәдениет жазбалары. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991. – 400 б.
11. Бердібай Р. Ғашықтық (романдық) дастан. Бес томдық. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 464 б.
12. Ибатов А. Құтбтың «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. - Алматы: «Ғылым», 1974. – 18 б.
13. Баскаков Н. Введение в изучение тюркских языков. - Москва: «Восток», 1969. – 57 б.
14. Қыраубаева А. Түрік әдебиетіндегі оянушылық және нәзира дәстүрінің тууы. Классикалық зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 2012. – 495 б.
15. Бисенбаев П. «Хұсырау-Шырын» дастанының шығыстық нұсқалары. // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – №6. – 2014. – 144 б.

### References

1. Kelimbetov N. Turki halyktarynyn ezhelgi adebi zhadigerlikleri [Ancient literary relics of the Turkic peoples] («Raritet», Almaty, 432 p. [in Kazakh]
2. Van Ruymbeke C. Persian medieval rewriters between auctoritas and authorship: The story of khusrau and shirin as a case-study *Studies in Persian Cultural History*, 12, P. 269 – 292. 2018 [Electronic resource]. Available at: [https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0.085059765259&doi=10.1163%2f9789004356252\\_012&partnerID=40&md5=bc0011834ce7deace8742dadb1a0dca0](https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0.085059765259&doi=10.1163%2f9789004356252_012&partnerID=40&md5=bc0011834ce7deace8742dadb1a0dca0) (Accessed: 10.03.2022).

3. Derbaisaliev A. Kazak dalasynyn zhuldyzdary. Tarihi-filologiyalyk zertteuler [Stars of the Kazakh steppe. Historical and philological research] («Rauan», Almaty», 1985, 300 p.). [in Kazakh]
4. Konyratbayev A. Kazak eposy zhane turkologya [Kazakh epic and Turkology] («Gylym», Almaty, 1987, 297 p.). [in Kazakh]
5. Kaskabasov S. Kazaktyn halyk prozasy [Kazakh folk prose]. («Gylym», Almaty, 1984, 272 p.) [in Kazakh]
6. Ezhelgi dauyr adebieti. Hrestomatiya [The literature of antiquity. Anthologies] («Ana tili», Almaty, 1991, 280 p.). [in Kazakh]
7. Kutb. Khusrau Shirin [Kutb. Khusrau Shirin (Kazan, 1969, 487 б.). [in Russian]
8. Borev Yu.B. Jestetika [Aesthetics]. Textbook (Public fund «National Translation Bureau», Almaty, 408 p.). [in Kazakh]
9. Pirimbetova M. Kissa-dastandardyn keybir erekshelikteri men kissatanu zhanry jayinda birer soz [Few words about some of the features of the poems and the genre of kissa] (Almaty, 2005, 237 p.). [in Kazakh]
10. Konyratbaev A. Kone madeniet zhazbalary [Ancient records of culture]. A textbook for students of higher educational institutions («Kazakh Universiteti», Almaty, 1991, 400 p.). [in Kazakh]
11. Berdybai R. Gashytky (romandyk) dastan. [Love (Romance) poems]. In five vol. («Kazygurt», Almaty, 2005, 464 p.). [in Kazakh]
12. Ibatova A. Kutbtyн "Khusrau ua Shirin" poemasynyn sozdigi [Dictionary of Qutb's poem «Khusrau wa Chirin»]. («Gylym», Almaty, 1974, 18 p.). [in Kazakh]
13. Baskakov N. Vvedenie v izuchenie tjurkskih jazykov [Introduction to the study of Turkic languages] («Vostok», Moscow, 1969, 57 p.). [in Russian]
14. Kyraubayeva A. Turik adebiyetindegi oyanushylyk zhane nazira dasturin tuyy. Klassikalyk zertteuler [Awakening in Turkish literature and the birth of the Nazira tradition. Classical studies] («Zhazushy», Almaty, 2012, 495 p.). [in Kazakh]
15. Bisenbaev P. "Khusyrau-Shyryn" dastanyn shygystyk nuskalary [Oriental versions of the saga "Khusrau-juice"]. KazUU Habarshysy. Filologija serijasy [Bulletin of KazHU. Philology series], 6, 144 (2014). [in Kazakh]

**Т.Б. Сағымжанова<sup>1</sup>, Н.Б. Сағындық<sup>1</sup>, Е.Алкая<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup>*Университет Фират, Елязыг, Турция*

### **Поэма «Хосров-Ширин» и эпическое наследие тюркских народов**

**Аннотация.** В статье мы связали достижения тюркской цивилизации во времена исламской культуры и тенденции восточной классической литературы. Анализируя восточные любовные поэмы с точки зрения их зарождения и становления, ученый-исследователь А. Кыраубаева доказывает, что жанр любовных поэм зародился в нашей древней литературе в XIII-XIV веках и развивался во второй половине XIX-первой половине XX века. Несмотря на то, что среди восточных любовных поэм, ставших основной идеей статьи, мы получили, прежде всего, «Хосров-Ширин», был проанализирован ряд работ той эпохи. Ведь глубинные истории, составляющие эпическое наследие тюркских народов, неразрывно связаны со всем.

Основная часть статьи показывает, что восточные любовные поэмы как жанр, в котором сложился свой стиль и развитие сюжета, являются большой отраслью словесного искусства, которая просуществовала до начала XX века.

В заключительной части подведем итоги, рассмотрев сходства и основания в любовных поэмах глубокой казахской истории. Заключительная часть дает четкое определение того, насколько тесна связь между подлинностью и фольклором, ставшая предметом исследования мировой науки.

**Ключевые слова:** фольклор, типология, жанр, аналогия, любовные поэмы, традиция.

**T.B Sagymzhanova<sup>1</sup>, N.B Sagyndyk<sup>1</sup>, E. Alkaya<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,*

<sup>2</sup>*Firat University, Elazig, Turkey*

### **The poem Khosrow and Shirin and the epic heritage of the Turkic peoples**

**Abstract.** In the article, we have linked the achievements of the Turkic civilization during the Islamic culture and the trends of Eastern classical literature. Analyzing oriental love psalms from the point of view of their origin and formation, researcher A. Kyraubayeva proves that the genre of love poems originated in our ancient literature in the XIII-XIII centuries and developed in the second half of the XIX-first half of the XX century. Despite the fact that among the oriental love psalms that became the main idea of the article, we received, first of all, Khosrow and Shirin, a number of works of that era were analyzed. After all, the deep depths of history that make up the epic heritage of the Turkic peoples are inextricably linked with everything.

The main part of the article shows that Oriental love psalms, as a genre in which their style and plot development have developed, are a large branch of verbal art that existed until the beginning of the twentieth century.

In the final part, we will summarize the results, relatively considering the similarities and foundations in the love poems of deep Kazakh history. The final part gives a clear definition of how close the connection between authenticity and folklore is, which has become the subject of world science research.

**Keywords:** folklore, typology, genre, analogy, love poems, tradition.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Сағымжанова Т.Б.** – «8D02304 – Әдебиеттану» мамандығының 3-ші курс докторанты, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Сағындық Н.Б.** – ф.ғ.к., аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Алкая Е.** – ф.ғ.д., профессор, Фырат университеті, Елязыг, Түркия.

**Sagymzhanova T.B** – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Sagyndyk N.B** – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Alkaya E.** – Doctor of Philology, Professor, Firat University, Elazig, Turkey.



XFTAP 17.01.09

**А.Ш.Асқарова, Қ.С. Құлманов**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан  
E-mail: altynai-74@mail.ru*

### Қазақ әңгімелеріндегі мистикалық мотивтер

**Аңдатпа.** Мақала қазақ әңгімелеріндегі мистикалық мотивтерді талдауға арналған. Авторлар салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық, тарихи-функционалдық тәсілдер негізінде қазіргі қазақ прозасының әңгіме жанрындағы мистикалық сарындардың қолданылу ерекшеліктерін зерделеген. Зерттеу жұмысына әлемдік және отандық әдеби үлгілер арқау болған, олардың бастау көздері, өрбу эволюциясы мен заманауи трансформациясы тізбектеле көрсетілген. Эзотериялық, діни тұрғыда игеру жүйелері талданып, иррационализм принциптерін ұстанған мистикалық сарындағы туындылар негізге алынған. Қазақ мистикасының ерекшелігі – тәңірлік таным жоралғылары мен мұсылмандық-сопылық дәстүрлерден бастау алатынында. XX ғасыр мен ХХІ ғасыр басындағы қазақ қаламгерлерінің мистикалық сарындағы әңгімелері салыстырмалы тұрғыда зерделенген.

Сонымен қатар, мақалада қазақ және шетел туындыларындағы мистикалық желілерін сипаттау арқылы мистиканың жалпы табиғаты мен мәні ашылған. Мистиканың әдебиетпен байланысы қарастырылып, әңгімелер құрылымдағы көркемдік қызметі айқындалған. Қазақ қоғамы, адам психологиясы, адам тағдыры суреттелген Оралхан Бөкей, Мұхтар Мағауин, Нұрғали Ораз, Қойшыбек Мұбарак әңгімелеріндегі мистикалық желілер негізге алынған.

**Түйін сөздер:** мистика, мифология, иррационализм, әдеби әдіс, типология, әңгіме, мистикалық сюжет, мистицизм, рухани құндылық, өмір құбылыстары, шетел мистикасы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-109-120>

**Кіріспе.** Жиырманшы ғасырдың соңғы ширегінде рухани мәдениеттің дамуында ерекше белгілі бір өзіндік тенденциялар орын алды: мистицизм, мифология, магия, эзотеризм, оккультизм, мифтер сияқты құбылыстар қайта жаңғыра бастады. Бұл үрдіс әсіресе бұқаралық сана салаларын басып алды. Осы құбылыстардың бірі – мистика феномені әсіресе кино мен әдебиет бағытында маңызды орынға ие. Яғни, мистика, мистицизм - діни, эзотеризм, оккультизм ұғымдарымен жиі қолданылады. Әдебиеттегі мистиканың ерекшелігі – сана арқылы сезіммен түйсініп, адамның жан дүниесіне әсер ету маңыздылығында. Мистикалық мотивтер ежелгі дәуір әдебиетінен басталатыны зерттеу еңбектерде жазылып жүр. Қазақ әдебиет тарихында мистикалық сюжеттер ежелгі және ауыз әдебиетінде көрініс тапқан. Көркемдік әдістің негізгі ұстанымы - жақсылық пен жамандықтың қақтығысы және адамтану, адамның жеке таным мәселесі болып табылады.

«Мистика – адамзаттың рухани саласындағы ең күрделі құбылыстардың бірі және адам өміріндегі әр түрлі салаларымен: дінмен, ғылыммен, өнермен байланысты. Себебі, кең, әрі көп қырлы, түбіне жету үшін тереңдікті қажет етеді, сонымен өте қауіпті тақырып, өйткені ол зерттеушіні сан қилы ойға жетелеп, жалған ғылыми ойдан шығару жолына да жетелейді. Мистика тақырыбындағы туындыларды діни, мифологиялық, философиялық дәстүрлердің аясында қарастырған жөн. Шығармалардағы мистикалық сарынды зерттеу барысында көркем туындының көрінісі ретінде, сюжетке көңіл бөлген маңызды. Мистицизмді психологиялық, дүниетанымдық және поэтикалық құбылыс ретінде де қарауға болады. Сюжеттік мистицизм – кейіпкер мен сюжет арасындағы қосымша, жұмбақ, фабуладан тыс қарым-қатынас, оның нәтижесінде түс, персонаждың түйсігі немесе сезінуі алдағы оқиғалардың жасырын қозғаушысы болады, бірақ оның реакциясы емес, сырттай бір-бірімен қатыссыз құбылыстарды байланыстыра отырып, құпия мистикалық байланыстарды тудырады»[1].

Ежелгі шетел және отандық әдебиетте көрініс тапқан мистикалық сюжет, мотивтердің қазіргі қазақ прозасында көркемдік әдіс ретінде адамзат туралы түсінік және өмір құбылыстарын суреттеуде өзіндік ролі ерекше. Қызығушылық тудыратын, сонымен бірге зерттеуде қиындық тудыратын ерекшетен тақырып болып табылады. Шетел ғылымында психологиядан бастап, дін тарихына дейін әртүрлі салаларда мистика, мистицизмге арналған еңбектер баршылық. Ғылыми еңбектерді бірнеше салаға бөлуге болады. Сондай-ақ, ХХ ғасырдың ортасынан бастап шетел әдебиетінде мистицизм феноменін зерттеудің бірнеше мектептері немесе тәсілдері қалыптасқан. Қазақ прозасындағы мистиканың көркем тәсіл ретіндегі қызметі және әдеби мистиканың ерекшелігі тақырыбында зерттелген жұмыстар көп кездеспейді. Көркем прозадағы мистикалық желілер де қарастырылмаған. Сондықтан, мистиканың қазақ прозасындағы ролін зерттеу өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

**Зерттеу әдістері.** Мақаламыздың тақырыбын ашу негізінде салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық, тарихи-функционалдық тәсілдер мен психологиялық әдістер қолданылды. Мистиканың мағынасы мен философиясын ашу мақсатында отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу еңбектері қарастырылып, салыстырмалы түрде өзіндік түйіндер жасалды. Зерттеуде қолданылған ғылыми еңбектердің негізінде мистикалық көркем шығарманың адам үшін маңызы айқындалып, сонымен қатар мистиканың орны мен оның қызметі жалпыланды. Ғалымдардың мистика жайлы көзқарастары мен пікірлерін жинақтай келе, мистикалық дүниетаным жаңа ғылыми зерттелген мәселені шешуге немесе адамзаттың жер бетінде сақталуына, қазіргі өркениеттің жаңаша дамуына әсер етуі мүмкін деген түйінге келдік.

Мақалада қолданылған әдістер арқылы мистиканың мәдени дәстүр ретіндегі белгілері, маңыздылығы анықталып, мистика феноменінің негізі ретінде мистикалық тәжірибе концепциясын қазіргі қазақ прозасының даму тенденциясымен байланыстыра қарастырылды.

Психологиялық әдіс арқылы мистикалық туынды жазудағы автордың ойы мен көзқарасы танылып, әңгімелердегі адам келбеті мен рухани дүниесі ашылды.

Герменевтикалық, салыстырмалы-тарихи әдістер қазақ және шетел мистикалық туындыларындағы тақырыптық-идеялық, семантикалық ұқсастықтарын, ұқсас мотивтерді бір арнада қарастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, осы тәсілдер негізінде қазақ әңгімелеріндегі мистикалық желілер талданып, мистицизмнің көркемдік деңгейі сараланды.

**Талқылау мен нәтижелер.** Өнер түрлері ішіндегі сөз өнерінің орны айрықша. Өмір мен әлемнің сан алуан құбылысы сөз арқылы көркемделеді. Барлық өнер көрінісін сөз өнері жеткізе алады. Сөз өнерінің құралы – көркем әдіс-тәсілдер. Суретші әлемнің, адам мен өмір болмысын жеткізуде көркемдегіш тәсілдерге жүгінеді. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» кітабында «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып,

сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [2, 238] – деген пікірі, көркем сөздің атқарар қызметін айқындап, жоғарыдағы тұжырымызды дәйектей түседі.

Жазушы өмір мен дүниеден түйгенін ақылы мен қиялы арқылы жеткізеді. Ойдағы, қиялдағы идеяны тілмен жеткізіп, ашу өте қиын. Асқан сөз өнерпазы болу мен шеберлікті қажет етеді. Осыған орай әр жазушы шығарманың тақырыбын ашу мақсатында әдеби көркем тәсілдерді шебер қолданады. Әр жазушының сөз түзу салты, өзіндік стилі болады. Мысалы, Д.Исабеков шығармаларындағы кейіпкерлер жан дүниесі мен сырына терең үңілу үшін психологизм әдісіне жүгінеді.

О. Бөкейдің «Қар қызы», «Атау-кере», «Кербұғы», «Сайтан көпір» т.б. прозалық туындыларында мифтік сарын көрініс тапқан. ХХ ғасыр 1950-80 жж. авторлар көркем туындыларында қоғам келбетін, тарихи оқиғаларды әркілі әдіс-тәсілдер арқылы жеткізудің өзіндік себебі де болды. Кеңестік кезеңдегі тоталитарлық жүйе қалыптасып, өнер мен мәдениет құлдырап, адам санасын тежеп, бір идеология бағындырды. Өмір құбылысы мен адамтану мәселесін шынайы суреттеу, қоғам келбетін бейнелеу, тарих беттерін жазу кеңес өкіметін әшкерлеу болып табылды.

Мысалы, О. Бөкейдің «Қар қызы» повесінің идеясы табиғатпен үндестікте ашылып, ақылға сыйымсыз мистикалық сюжеттер кездеседі. Бір кездері із түссіз жоғалып кеткен қыздың рухы ауылды кезіп жүруі, ауыл жігіті Нұржанның қыздың сыңсып айтқан ән әуенінің түнде естуі. Және жоғалған қыз оқиғасын ауыл адамдары «Қар қызы» деп аңызға айналдырған. Ауылға шөп әкелеміз деп кеткен үш жігіт боранды күнде адасып, қырық градус аязда өлейін деп жатқан жерінен тылсым күш иесі, жұмбақ қар қызының Нұржанды оятуы сияқты сюжеттер мистикалық желімен жазылған. Жазушы Ұлы отан соғысының зардабын, адамдардың психологиясын, қарама-қайшы адам бейнесін жеткізу мақсатында романтикалық, реалистік, мифтік, мистикалық, философиялық тәсілдерді қолданған [3].

Мистика грек тілінен аударғанда «жұмбақ, қасиетті рәсімдер» деген мағынаны білдіреді. Мистика негізінде адамның тылсым күштерге сенуі және табиғаттан тыс құпия сырларға еніп, қарым-қатынас жасай алу қабілеті сияқты мәнге ие. Сонымен қатар, мистика дінмен, рухтармен байланысты. Бұл тәжірибені негіздеуге және түсінуге арналған теологиялық және философиялық ілімдердің жиынтығы мистицизм деп аталады. Мистицизм мистиканың теориялық негізі болып табылады. Екінші жағынан мистика әлемді тануға бағытталған білімнің ерекше тәсілі деп айтсақ болады. Және діни қасиетті тәжірибе, табиғаттан тыс тіршілік иелерінің болуы деген сенімді білдіреді.

Мистицизм – ғылыми және күнделікті түсіндіруге келмейтін әртүрлі табиғаттан тыс құбылыстарды білдіретін өте кең ұғым. Мистицизм сондай-ақ, мұндай құбылыстардың осы өмірде «орны мен белгілері бар» деген сенімді ұялатады. Бұл аруақтар, рухтар және басқа әлемнің «өкілдері», сондай-ақ, тағдырдың белгілері, көріпкелдік, реинкарнация және т.б.

Екінші жағынан мистиканы иррационалдық ұғым деп айтсақ та болады, яғни білім мен ғылымның өресі жете қоймайтын, санадан тысқара дүниелер кездеседі.

Қазіргі әңгіме жанрында мистикалық мотивтегі туындылар жазылып, қазақ әдебиет тарихында өзіндік орны қалыптасуда. ХХ ғасыр басында қазақ проза жанрында мистикалық сюжеттегі туындылар жазыла бастады. Қазақ әдебиетінің поэзия, проза, драматургия жанрына үлес қосқан Ж.Аймауытовтың «Елес» әңгімесінде мистикалық сюжет кездеседі. Шығарма автордың баяндауымен берілген, елдегі болып жатқан жағдай кейіпкердің ойымен суреттелген. Жайылып кеткен ойын жинақтай алмай, мақала жазуға қаламы жүрмей отырған кейіпкер. Бұл бейне сол кезеңдегі қолына қалам ұстаған азаматтар образы еді. Осы кезде ғайыптан бір кісі пайда болады. Не жазарын білмей отырған кейіпкерге ақын-жазушылардың адасып жүрген іс-әрекеттерін әшкерелей отырып, заманның ащы

шындығын жазуға жол сілтейді де, елес жоқ болады. Осы тұста жазушы себеп-салдардың толық ашылуы үшін, шығарма шешімін мистикалық туынды кейіпкері «елес» бейнесі арқылы жеткізген [4].

Мәселен, 18 ғасырдың ортасында Англияда бастау алған мистикалық романның кейіпкерлері елес, вампирлер немесе мұңды адамдар, өмірлері жұмбақ монахтар болған. Иоган Гётенің «Фауст» шығармасында басты кейіпкер доктор Фаусттың елес болып келетін Мефистофельмен дос болуы, немесе Оскар Уайльдтың «Портрет Дориана Греядағы» Дориана портрет бейнесіндегі елеспен сырласуы.

XX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиеті тақырыптық және көркемдік тұтастығы жағынан қалыптасып, көркейген кезең. Осы дәуірде шығармаларына мистикалық мотивтерді арқау еткен жазушылар О.Бөкей, Т.Әбдік, Д.Досжан әңгімелерін атауға болады. Жазушы, драматург О. Бөкейдің «Қар қызы», «Сайтан көпір», «Мұзтау» туындыларында мистикалық эпизодтар кездеседі. Қазақ прозасына тарихи, әлеуметтік және ұлттық болмыс тақырыбында қалам тербеген жазушы Д.Досжанның «Кешірім» [5] атты әңгімесінде тарихи бейне аманатын мистикалық елес бейнесі кейпінде жеткізген. Тарихи тақырыптағы әңгімеде 1937-38 жылдары ұлт зиялыларын «халық жауы» деп айыпталып, жаппай лаңкестік сипат алған кезең сипатталған.

XXI ғасыр қазақ әдебиет тарихында «Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы» әңгімесіндегі заман тағдырын суреттеудегі тылсым мистикалық күш, Асқар Алтайдың «Түсік» әңгімесі мифомистикалық сарындағы, Талаптан Ахметжанның «Сұлу мен суретші», «О дүниенің қонағы» әңгімелері қазіргі заман адамдарының келбетін суреттеген, символдық мәнге ие, Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей», Айгүл Кемелбаеваның «Қоңыр қазы», Дәурен Қуаттың «Кірекей-Күнекей», Қойшыбек Мұбарактың «От ару», «Жат құшақ», «Айдың соңғы сәрсенбісі» мистикалық хикаяттар мен әңгімелер жинақтарында, Мақсат Мәліктің «Үшінші әлемнің тұрғыны», Мадина Омарованың «Күзгі бір кеште», «Жұмбақ», М.Байғұттың «Жоғалған ұрпақ», Нұрғали Ораздың «Сақалды қыз» атты көркем туындылары арқылы қазіргі қазақ прозасы тенденциясында мистикалық әдістің психологиялық, діни-философиялық, мәдени тарихи тәсілдері мен адамзаттың әлемге деген қарым-қатынасының концептуальдық жүйесін көруге болады. Сонымен қатар қазақ жазушыларының шығармаларынан Еуропалық әдеби үлгіні, кейбір сюжет ұқсастықтарын байқауға болады»[1].

М.Мағауин тақырыптық-идеялық салмағы ерекше көркем туындыларында қазақ ұлттық болмыс, нақыштары мен тарихи тұлғасын сомдап, қалың оқырман назарын аударған шебер жазушы. Жазушының «Елес», «Қуыршақ», «Оралу» әңгімелерінде мистикалық желілер орын алған. «Елес» әңгімесі бір оқиға желісі мен шағын кейіпкерлер арқылы туынды идеясы ашылған. Жазушының «Елес» әңгімесіне кеңес кезіндегі ауылдан келген жас қыздың қаладағы тағдыры арқау болған. Қаладағы қазақ қоғамының психологиясы және сол кезеңдегі ауылды жаулап алған жоқшылық, жұмыссыздық жағдайы да, кейіпкерлердің ішкі монологы және диалогтар арқылы ашылып отырады. Шығармада басты кейіпкердің басынан өткен трагедиялық жағдай санасына сіңіп, өмірінің жалғасына айналған. Кейіпкердің ішкі сезімі, жан дүниесі мен құпиясы мистикалық тәсіл арқылы шығарма соңында ашылады. Кейіпкердің ішкі әлемін монолог, диалог, деталь және логика-эмоционалдық тәсілдер арқылы ашу әңгіменің өзіндік ерекшелігін танытады.

«Елес» әңгімесі авторлық баяндаумен Бағиланың қайтыс болуымен басталады. Әңгіме басынан, аяғына дейін Бағиланы мұңды, өмірде жолы жоқ, қиялшыл, жұмысына селқос қарайтын адам ретінде танимыз. Өмірлік жар еткен адамы арақ ішіп, қол жұмсайтын болғандықтан айырылысып кеткен. Кейінен кездескен жігіт кішкентай қызы барын біліп, баласымен отбасы құруды қаламаған соң, балалар үйіне береді. Уақытша бердім, кейін алып кетемін деген оймен, балалар үйіне күнде қызына барып жүреді. Бір күні қызын басқа мемлекетке балалар үйіне алып кеткені белгілі болады. Көршісінің айтуы бойынша кейін қызының Ресей елінің Петербург қаласындағы балалар үйінде екені белгілі болып,



қуанышында шек болмай, бой жеткенше хат алысып тұрады. Қызы жоғары білім алады, келеді деп жүрген кезде қызы шетелдекке тұрмысқа шығып, Бағиланы тағы мұң билейді. Бағила қызын көрмей о дүниелік болады. Бағиланың шынайы келбеті, ішкі жан арпалысы мен өзіндік құпияға толы өмірі қайтыс болғаннан соң ашылады.

«Осы зираттағы маман жерлеушілер үш жерден белдеулеп салынған ақ орамалмен саумалап, мәйітті қабірге түсірді. Ақымға ыңғайлады. Жұрт қатарлы бір шөкім топырақ салған соң мен сәл-пәл шегініп тұрдым. Бейіт басына жеткен жеті-сегіз кісі, кезектесіп, көрге топырақ тастай бастады. Кенет... қабірдің бас жағында, Бағиланың жамағайын екі ағасының ортасында тұрған... бейтаныс әйелді көзім шалды. Ұзын, қонымды қара пальто киген, басы жалаңаш, қысқа қиылған қап-қара шашы бетіне төгіліп, сәл-пәл төмен қарап, мұңды кейіпте үнсіз тұр. Беті буалдыр, бірақ өте өңді, жасы отыздар шамасындағы, мойыл көз, аққұба келіншек екені байқалады. Балжан!... Келіпті, жетіпті! Қалай келеді?... Сол мезетте Есілбай қасына тасталған күрекке қарай емініп, орнынан жылжып кеткен. Қаралы әйел тасада қалды. Келер сәтте... қанша үңіле қарасам да, қабір басындағы жалғыз әйел, қаралы келіншек - Бағиланың қызы Балжан көзге түспеді. Жоқ! Жоқ.

Болуға да тиіс емес-ті. Өйткені, мен жақсы білем, Бағила байғұстың жалғыз қызы бұдан отыз бірдеңе жыл бұрын шетінеп кеткен. Өлген!...» [5]. Әңгімеде иррационалистік таным жүйесі айқын көрініп тұр. Бағила дүниені махаббетпен қабылдап, ешкімге зиян келтірмей өзінше тіршілік етеді.

Бағиланың қияли, мұңды, сорлы кейіпке түсуінің себебі бар еді. Өмірінің мәніне айналған қызы Балжан әкесі Жеңісқанның жауапкерсіздігінің салдарынан үш жасында қайтыс болған. Осы жағдайдан кейін Бағила үшін тіршіліктің жібі үзіліп, үмітсіздік жаулап алады. Жарық дүниенің саулесі, қиял әлемі болады. Қиялы заттанып, өзіндік сипатқа ие болып, шындыққа айналады. Тіршілік шеруіне ұласып, Балжан елесі анасымен отыз жыл бойы өмір сүреді. Бағиланың ауылдасы Мадияр ағай Балжаның қабір басында тұрып, бірден ғайып болғанын көргенде, ойы мың тарапқа салынып, елес, аруақ дейін десе өз көзімен көрді. Өмірден өтіп кеткен сәби Бағиламен бірге өмір сүрді. Мектепке барды, кәметке толды, оқуын бітірді, тұрмысқа шықты. Бағила қиялы шындыққа айналып, заттанды. Өзіндік сипатқа ие болып, тіршілік шеруіне ұласады. Өзін қайта туғызған анасымен бірге жасаған елес, анасы жер қойнына кірер мезетте бір сәт қабір басында тұрады. Аруақ емес, жанды елес. «Бәрі де мүмкін, бәрі де ықтимал»[5], – деген монологпен әңгіме аяқталады.

Жазушы Бағила өмірі арқылы қоғамның қалыптасуын, адам психологиясының өзгеруін, адамзат тағдырын параллелизм тәсілімен баяндап отырған. Халықтың кеңес өкіметіне деген сенімі құрғақ қиял, елеске айналып кеткенін астарлап тұрғандай. Жазушы әңгімесінде бір ғана әйел тағдыры емес, қазақ жерінде болып жатқан мың мәселені көтерген болатын. Қазақтың ұлттық құндылықтардың жойылып, қоғамның азғындау жайы. Қазақ қызының басқа ұлтпен тұрмыс құруы, жас сәбилерін балалар үйіне беру, жетім балалардың тағдыры, қазақ қанының мұхит асып, басқа елге алып кету жағдайлары. Қазақтың дәстүрінде жоқ дүниелердің орын алуы. Өлмей жатып, өздеріне көр қазып қою. Еркектердің азғындап, жұмыссыздықтан арақ ішіп тозып кетулері және ерлік мінезден жұрдай болып, жауапкершілік деген қасиетті сезінбеуі. Ауылдың жағдайы, жастардың қалаға келіп, тағдырдың талқысына түсіп, ұрпақтың безбүйрек болып бара жатқаны шығарманың идеясы болып табылады. Шағын әңгіме жанры арқылы адамзат өміріндегі көптеген мәселелерді жинақтап, көркемдік шеберлікпен ашып берген. Елес бейнесін енгізіп, мистикалық тәсілге жүгінуі, идеал адам қазіргі таңда елес екендігін детальмен астарлап жеткізген. Әңгіме жанры аз сурет арқылы көп жайды аңғарта білетін айрықша көркемдік шеберлікті танытатын жанр.

М.Мағауиннің «Қуыршақ» әңгімесінің баяндау тәсілі ерекше. Жазушы сұрақ-жауап арқылы көркем туынды желісін дамытып отырған. Әңгіме ә дегеннен бастап өзінің тылсым сырымен тарта жөнеледі. Тылсым күш иесіне сендіру үшін көркем әдеби тәсілге сүйенген. Екі жастың бір-біріне деген ыстық сезімі баяндалады. Құрман есімді кейіпкердің жұмбақ

сұлу қызға ғашық болуы. Қыздың жетегінде жүріп, ғажап әлем сырын ұғынып, өз менін ұмытуы әсерлі суреттелген.

Оны махаббат тақырыбындағы туынды деп қарастырғанмен, шығарма үлкен мәнге ие, астарында адами құндылықтар мен парыз ұстанымы жатыр. Адамның күш-қуатының зор екендігі, кез-келген алапат күш иесін жеңуге бейімділігі пайымдалады. Адам өз бойындағы қасиеті мен дәстүрін жоғалтып алмай ыждаһатпен орынды жұмсау идеясы шығарма негізін құрайды. «Жетпегенмен емес, жеткенмен өлшеу керек... «Түс түлкінің боғы» деген қазақ. Ғылымның анықтауынша, барлық түс – ұйқыдағы мыйдың ояу талшықтарының өткен естелігі мен болашақ қиялы. Ешқандай құпия да, сәуегейлік те жоқ. Сенің өзің. Өзіңе тиесілі сана мен таным»[6] – деп, әр адамның өзіндік өмір жолы болатынын және өз жүрегі мен танымына сүйену қасиеттерін үлгі тұтады. Құрман ақиқатты жүрекпен қабылдап сезінеді.

Құрманның өсу жолымен қатар кеңестік кезеңде қазақ елінде болып жатқан әлеуметтік-саяси ахуалды да қатар суреттеп отырған. «Университеті үздік бітірдім. Аспирантура. Үшінші жылдың соңына жеткізбей қорғадым. Енді бастаған жұмысымды одан ары тереңдетуге тиіс едім. Бірақ мен сол шіркіннен қаралай шошындым. Біздің ауыл ғой, қаншама заман бойы атом сынағының астында келді. Мен көз ашып, ес білгелі тарсыл-гүрсіл. 1953 жылы тамызда, мен он екі жастамын, қуатты сутегі бомбасын сынау кезінде бүкіл ел ауып көшті, сіздің ауыл мен біздің ауыл қалай ию-қию араласқанын білесің. Қазір демократ, гуманист деп бүкіл Батыс көтеріп жүрген қанішер Сахаровтың шаруасы екен. Менің «ғылымым» да сол төңіректен, Яғни, жалпақ адамзатты айтпайын, өз ауылымды ғана емес, бүкіл қазақты құртатын дию-пері қаруды жетілдіру саласында жұмыс жасауым қажет екен. Бәлкім, ғылым деп, атақ-абырой деп, кірісіп кетуім де мүмкін еді, көзіммен көрген тағы бір сұмдықтар болды. Кешегі, бірде сен айтқандай, Отан емес, орыс-герман соғысында біздің ағайындарды алға салатыны сияқты, бұл жерде де ең қатерлі тәжірибелерді «тегі төмендерге» жасатады екен. Мен сондағы ядролық орталықта қазақтың бір ғаламат жігітімен ұшырастым. Сөз ыңғайынан байқағаным, Ақмоладан, Москва университетін бітіріпті, жиырма жеті жасында ғылым докторы, отызында – СССР Мемлекеттік сыйлығы, мен көргенде отыз төртте, басы аппақ құдай, өңі – сүлік сорғандай, қаны ... ақшыл, яғни, үнемі алғы шепте болған себепті, тиесілі сыбағасын алған. Атақтан не пайда, сыйлықтан не қайыр, керек десеңіз, таяу төңірек, шектеулі кісілер ғана біледі, бар еңбегі құпия, тіпті, аты-жөнінің өзі. Искандер Искандерович дейтін. Аты Ескендір болса керек, ал әкесі, әрине Ескендір емес. Сол ағамыз айтты, бір тұста, қалт екткенде. Кандидаттығыңды ала салысымен қаш. Тамырыңа балта шабылмай тұрғанда туған еліңді тап» [6] - деп, баяндалған. Осылайша, шығармадағы кейіпкерлердің ой-өрісі, мінез-құлқы, көңіл-күйі арқылы сол кезеңдегі әлеуметтік өмір мен сыртқы жағдайлар туындап айшықталған. Олардың рухани әлемінде өзгеріс, биік сезім, асқақ қиял бір-бірімен түйісіп, кейіпкер жан дүниесінің, мінез-құлқының, сезім қимылының диалектикасын жеткізетін әдемі өрнек қалыптастырады. Яғни, иррационализмнің сипаттары басым, иррационализм рухани құндылықтарды сезіммен қабылдау, нәзік иірімдермен ұғыну, жүрек пен ақылды қатар ұстау сияқты дүниетаным тұтастығымен ерекшеленеді.

Мистикалық әдебиет адам бойында үрей туғызу ғана емес, қорқыныш пен үрей арқылы адам санасының түкпіріндегі шынайы болмысын көрсету шеберлігіне ие. Қазіргі қазақ прозасында заман талабына сай жаңашыл формада жазып жүрген Қ. Мұбарактың «Суретші» әңгімесі мен Н. Гогольдің «Портрет» повесіндегі үндескен тұстарын байқауға болады. Таңғажайып талантты суретші мен ұстазының арасындағы ерекше байланыс желі тартады. Суретшінің қаламынан туған суретіне жан бітіре өрнектеуі, сұлу қыздарды бейнелеген портретін шарайнаның алдына қойса болғаны, айнадан сол сұлу шығар еді. Өрі оның құзырында болатын.

Бірде суретші көне мұрағаттан мыс табақтың бетіне салынған ертедегі бір ханшаның суретін көріп суретке түсіреді. «Осы заманнан он бес ғасыр бұрынғы ханшаның қызығына батқысы келді. Сурет үстеліне отырды да, жайлап сала бастады. Салып болып, қайта

қарады. Қыз қолындағы не? Бәлкім айна шығар деп ойлады да, шарайнаның алдына әкеп қойды. Айнадан шәлі жібекке оранған ханша өзіне қарай тәкаппар басып шығып келе жатты. Ханшаның айдай жамалы оны есінен тандыра жаздады. Ерекше бір құштарлықпен ханшаның қолынан бас салды. Оқыс қимылдан шошып қалған ханшаның қолындағы зат тарс етіп шарайнаның алдына түсті. Ханша бөлмені айнала қашты. Ұзын бұрымы суретшінің қолына енді ілінгенде шарайнадан арыстандай ақырып сақтың қияқ мұртты сарбазы шығып, беліндегі қанжарын жұлып алды да, суретшінің басын шауып тастады. Ханшамен жылап қоштасты. Мүрдені шар айнаның алдына әкелген сарбаз қолқа тамырдан атқақтап жатқан қанға бармағын малып: «Өнеріңе рахмет! Біз бостандыққа келдік!» [7, 235 б.] деп жазды. Бұл адамдардың қанағатсыздығы мен тойымсыздығы еді. Шағын әңгімеде қазіргі рухани қажеттілік туындаған заманда, ғажап бір тылсым күштің болғанын қалағандай.

Ағылшын жазушы Оскар Уайльдтың әлемге есімін әйгілі еткен туындысы «Дориан Грей портреті» [8] романы мистикалық мотивтерге толы. Шығарма идеясы адамның сыртқы сұлулықтың астарында жасырын жатқан, шынайы келбетін танытуды мақсат тұтқан. Яғни, адамның қалауы мен «Мен» қабаты ашылған. Н. Гогольдің «Портрет» [10] атты повесінде реализм мен мистика желісінде зұлымдықпен, адамның тойымсыз пиғылымен күресі туралы жазылған. Өмірі жоқшылықпен өтіп жатқан талантты суретші Щукин ауласынан шал портреті кестеленген картина сатып алғаннан бастап жағдайы күрт өзгереді. Суреттегі адамның таңғажайып көздері тірі адамның көзінен кесіп алғандай көрінеді. Түнде суретші Чартов суреттегі адамның қорқынышты екі көзі өзіне қарап тұрғанын көреді. Портрет ішінен шығып, қасына отырады. Қолындағы қапшықтан көп бүктемелерін ала бастайды, әр көк қағазға оралған бүктемелерде «1000» алтын монет деген жазбаны байқайды. Картинадағы адам суретшіні байлыққа кеңелтеді, өмірі күрт өзгереді. Байлық Чартовты әлемге танытады, көзін шел басады. Жаратқанның берген ең қымбат сыйы – талантын жалған мақтанға ауыстырады. Бірақ еңбексіз келген байлықтың сұрауы мен жаратушы алдындағы парыз жанын жай таптырмайды.

Шетел әдебиеті тарихында мистикалық прозаның негізін салушылардың бірі – 19 ғасыр жазушысы Эдгар Аллан По. Жазушының мистикалық туындыларының ерекшелігі оқырманды терең ойға, сенуге, армандауға жетелейді. Шығарма желісі оқырманды мистикалық-готикалық әлемге апарады. Сонымен қатар психологиялық, логикалық, ғылыми-фантастикалық және шығармаларында сарказм кездеседі. Эдгар Аллан По қаламынан туған шығармалар: «Ашероветар үйінің құлауы», «Лигейя», «Қара мысық», «Мистер Вальдемармен болған шындық», «Құдық және маятник», «Морг көшесіндегі өлім», «Алтын қоңыз» т.б. Шығармаларындағы мистикалық сарын кейіпкерлердің өлімімен байланысты және жазушыны толғандырған мәселелер көрініс тапқан. Мысалы, жазушы қатты ұйқыға кетіп, тірідей жерленуден қорыққан. Яғни, көрден қайта шыққан әйел, құпия өлім, өлген адам жанының тірі адам тәніне ауысуы, уақыттың тоқтап қалуы секілді оқиғалар жазушы шығармаларында жиі бой көрсетеді.

Американдық жазушы Эдгар По туындылары символдарға толы. Құпияға толы туындылары оқырманды ойлауға, армандауға үйретеді. Жазушы өмірдің жарқын тұстары мен қараңғы түнегін бейнелейді. Оның кейіпкерлеріне өлім рухы әсер етеді, әңгіме идеясын, оқиғаның мәнін ашу жағын оқырманның өзіне қалдырады. Түсініп, қорытындылауға септесетін детальдарды шебер қолданданған. Жазушы шығармашылығында «қара мысық» пен «қара қарға» көп кездеседі. Ежелгі әдебиетінен белгілі қара қарға өлілер әлемінің жаршысы ретінде бейнеленеді.

Ал жалпы қазақ халқында мысыққа қатысты «мысық тілеу», жануар мінезіне қарай «мысық табан» сияқты әралуан ұғымдар кездеседі. Мысыққа бір сақтықпен қарайды, оның тылсым құдіретіне деген сенушілік бой алған. Қазіргі уақытта ғалымдар тарапынан мысықтың адамға қатысты жағымды қасиеттері жайлы көптеген факторлар жызылған. Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың да ерекше жақсы көретін жануары болғаны діннен белгілі.

Қара мысық – эзотерикалық символ. Өйткені, тіпті ежелгі Египетте де олар Құдаймен байланысты болған, құрмет тұтқан және мумияланған екен. Мысықтар басқа әлемнің

«қонақтарын» көреді деп саналады. Эдгар Аллан Поның символдар әлемі өте алуан түрлі және жұмбаққа толы. Жазушының «Қара мысық» әңгімесінде мистикалық қара мысық арқылы бұл жануарларға жұмбақ және басқа әлеммен терең байланыс тән екенін бейнелеген. Мысықтың көркемдік бейнесінде шынайы және мистикалық қасиеттер қамтылған. Басты кейіпкер өмірінде күнделікті болып жатқан сәтсіздікті, үнемі жолы болмау, қиындықтан арыла алмаудың себептерін іздей бастайды. Оның мінез-құлқының күрт өзгеруінің барлығына кінәлі қасынан екі елі қалмайтын мысық досы Плутон деп есептейді.

Бір күні әдеттегідей мас болып келген кейіпкер мысығына ашуланып, тұла бойындағы кек кеудесіне сыймай, аяуандық жасайды, мысықты алқымынан қылаңқындырып қысып ұстап тұрып, бір көзін пышақпен ойып алады. «Бірте-бірте мысықтың жарасы да жазыла бастады. Рас үңірейген көздің ұясын көргенде зәрең зәр түбіне кетеді. Әйтсе де, ауырғаны басылғанға ұқсайды. Ол бұрынғысынша үй ішін кезіп жүреді, бірақ мені көрді дегенше зыта жөнеледі. Менің жүрегім аяушылықтан әлі жүрдай бола қоймаған-ды, сондықтан бір кезде маған үйір мақұлықтың енді өшпенділігін жасыра алмай, зыта жөнелетіндігіне алғашқыда өкініп те жүрдім. Әйтсе де, бұл сезім орнын көп ұзамай өшпенділік басып алды. Содан барып мені мүлдем құрдымға құлдыратып тыну үшін бойымда қасарысқан қарама-қайшылық рухы пайда болды. Философтар оны елемейді. Ал мен болсам, қарама-қайшылықтар рухы әмәнда адам жүрегіне қозғау салатын құдіретті күшке, бөлінбес, бастапқы қабілетке немесе адамның өз табиғатын танытатын сезімге жататынына жан-тәніммен алғаусыз сенемін. Талай мәрте жағымсыз немесе тек олай жасауға болмайтыны үшін ғана еш себеп-сылтаусыз, мән-мағынасыз жүздеген әрекеттер жасамаған кім бар? Ақылға қонбайтын нәрсені, заңды бұзуды тек тыйым салынғаны үшін үнемі аңсап тұрмаймыз ба осы? Сонымен, мүлде менің түбіме жету үшін бойымда қарама-қайшылықтар рухы пайда болды. Адам сырын ұғып болмас өзін-өзі қинауға, азаптауға – өз табиғатын қорлауға деген осы бейімділік, әйтеуір жамандық жасау үшін жамандыққа бейімділік – тілсіз бейшара мақұлықты азаптауды әбден шегіне жеткізуге итермеледі» [10, 205 б.]. Бұл әрекеті жан дүниесіне бәлендей із қалдырмай, кейін мысықты азаптауын тоқтатпай, мойнына тұзақ салып, асып қояды. Мысықтың елесі оның өмірінің сорына айналады. Мысықтың елесімен күресем деп әйелін өлтіреді.

Жазушы ойының ерекшелігі – адам өз тағдырының иесі, оның жүрегінде сенім, өзіне деген сенімділік, жауапкершілік және шексіз махаббат мәселесін алға тартады. Біреуді кінәлау адам санасын тығырыққа, түнекке алып келеді.

Орыс жазушы Г. Злобин «Кезінде дарынды жазушының замандастары да Эдгар Поның шығармаларындағы фантазия, қиял мен фактілер логикасын бір-бірімен астасып, ерекше біте қиюласып жататынын атап көрсеткен болатын. Оның творчествосындағы осындай өзіндік ерекшелікті байқаған Достоевский де, жазушының қиялдау қабілетінде біз бұрын-соңды ешкімде кездестірмеген өзіндік ерекшелік бар, ол-егжей-тегжейлі терең ойлаудың құдіреті деген еді. Шынында да қиялдың өзі де сол егжей-тегжейлі терең ойластыру жүйесі арқылы нақты материалдық сипатқа ие болатын. Жазушы шығармаларында жиі қолданатын мистификациялық әдіс те осыған қызмет етеді» [11, 7 б.] деп Эдгар По туындыларындағы көркемдік тәсілдердің рөлін айқындап берген.

Қойшыбек Мұбарактың «Тарғыл мысығы» мистикамифологиялық әңгімесінен ертегі желісін кездестіреміз. Басты кейіпкер Ерлан мен көрші қыз Мәлике (Мәликенің аяқ жағы жылан денелі) екеуі арқылы әңгімеге өрбіген. Ерлан қанша жыл көрші тұрған үйде бойжеткен қыздың барын білмеген. Ата-анасы ажырасып отырған қыз түнде жыланға айналады. Түнде қыздың өмірі басталады. Су астындағы тіршілілікке барады, жан-жануарлар өмірін көреді. Бірақ адам болып жаралған Мәликені жазушы адам өміріне араластырмайды.

Жазушының қызды жылан кейіпіне енгізудің сыры неде? Жылан – мифологиялық танымның негізі. С.Қондыбай «жылан культі – арғықазақ мифологиясының басты сипаттарының бірі» деп жазған. Сонымен қатар жылан образының кейбір функцияларына

тоқталып, анықтама берілген. Зерттеушінің еңбегіне сүйенетін болса, әңгімедегі Мәлике – жыланның тотемдік сипаттағы образы. Суға байланысты жылан қыз – ол ата-баба рухы ретінде адамдарды қорғайды. Малике – адамзаттың адам қалпын сақтаушысы. Қазіргі кездегі адамдардың өзімшілігі, айналада не болып жатқанын аңғармауы, мән бермеуі.

«Жалпы, адамдар қызық... Жер бетінде тек біз ғанамыз деп түсінеді... Қарашы анау кәрі еменнің басына, нені көрдің?.. – деп сұрады.

Мен таң-тамаша болып көзімді қайта-қайта уқалап, емен басынан жанарымды тайдыра алмай қалдым. Күндегі қалың қарғаның мекені болған емен, үстілеріне жабыстыра қап-қара шағи көйлек киінген қалың канизактар ортада отырған қара сақалды шалды айнала би билеп, той тойлап жатыр.

Бақытсыздар тек адамдар ғана. Адам болғаннан қорқады» деп жылан құйрықты қыз күрсінеді [12]. Қойшыбек Мұбарак әңгімелеріндегі мистикалық кейіпкерлері өмірдегі қилы тағдырлы адамдар жиынтығы. Мистикалық сюжеттері шындықпен астасып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, қоғамның адам өміріне әсері айшықталып, жақсылық пен жамандықты тиек етеді. Жазушы әр әңгімесінде оқырманды тылсым әлеміне алып кетеді. Жат әлем мен реалды өмірді байланыстыра өмір шындығын, айтар ойын ашады.

Әдебиет – адам өмірінің ажырамас бөлігі, әртүрлі күйлерді сипаттап, әр заманға тән белгілер мен ерекшелігін көрсетеді. Сол себептен, қоғамның даму процесінде әдебиет те өзгерістерге ұшырап, оның өзгерістеріне жауап береді.

Жалғыздық феномені ежелгі дәуірден әрқилы формада бастау алды. Қазақ әдебиетінде жалғыздық мәселесіне философиялық тұрғыдан тереңінен толғаған Абай, одан әрі Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ә.Кекілбаев, О.Бөкей, Т.Әлімқұлов, т.б ақын-жазушылар шығармаларына өзек болды. Қазіргі қазақ прозасында жалғыздық тақырыбын көркем шығармаларына арқау еткен жазушылар баршылық. Мысалы, қарастырып отырған тақырыбымызға орай Н.Ораздың «Түнгі жалғыздық» әңгімесінде жалғыздық сарыны мистикалық тәсіл арқылы көркемделген.

«Түнімен бірге ере келген Тыныштықтың жетегінде Жалғыздық бар еді. Ол өзі бір, қол-аяғы шидей, басы қазандай, бадырақ көз, арық балаға ұқсайтын-ды. Міне, сол бала-жалғыздық қазір жан-жағына ұрлана көз салып, әлі шамы сөне қоймаған терезелерден ішке сығалап қарап келеді...» [13, 246 б.] деп бастау алатын туынды қазіргі қоғамдағы жалғыздықты әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде бейнелейді. Жазушы әрқилы тағдырға байланысты адамдардың жалғыздық кейпін суреттейді. Ұлы мен кемпірі қайтыс болып, қызы хабарласпай жүрген қарияның, сағынышы жолдас болған келіншектің, көше кезіп жүрген мас еркектің соңынан ерген жалғыздық. Жазушы жалғыздық сырын мистикалық кейіпкер әрекеті арқылы баяндайды.

«Алқаракөк аспанның түнгі бояуы өзгеріп, таң нұрына малына бастады. Қараң-құраң етіп көшеге шыққан жүргіншілердің қарасы көбейіп, қаланың шуы қалыңдай түсті. Таң алдында Тыныштықтан қапелімде көз жазып қалған Жалғыздық жан-жағына алақтап жүргенде, тасқын судай ағылып, тұс-тұстан көбейе түскен нөпірдің арасында қалып қойды. Бірақ оған ешкім назар салып, бұрылып қараған жоқ. Бәрі де өз тірлігін ойлап, өз бағытымен асығып кетіп барады.

Таңды ұйқысыз қарсы алған әдемі келіншек дастарханын тез жинап, үсті-басын ретке келтірген соң, қызметіне қарай асықты. Түндегі торығу да, түңілу де білінбейді жүзінен. Таңмен бірге оянып, таңмен бірге тіршілігін қайта бастаған сияқты.

Құс ұйқылы қарт та терезенің ар жағы ағара салысымен ескі тапочкасын аяғына іліп, тырп-тырп басып әжетханаға кірді, ваннаға кірді. Ас бөлмесінде жападан-жалғыз отырып шай ішті. Бірақ өзінің жалғыздығын сезінбейді... Енді, міне, бір бөлме ыстық нан, бір пакет сүт алу үшін дүкенге қарай келе жатыр.

Көше кезіп, әркімнің жүзіне бір жауаңдап қарап жүрген Жалғыздықты ол да танымады...» деп әңгімесін аяқтайды. Адамдар күнделікті күйбең тіршілікпен өзін де, өзгені де ұмытып, оқшауланып, өзіндік өмірден ажырап қалғандарын, ең бастысы жақындарымен байланысын үзе бастағанын да сезбей қалады.

Көркем туындылар мен зерттеу еңбектерді түйіндеп, философиялық тұрғыдан келетін болсақ, сана мен ой – адамды басқаратын күш. Ал мистика адам санасындағы қорқыныш, үрей, қуаныш сезімдерінен қалыптасады. Дәлірек айтсақ, мистика сананың өзгеріске ұшыраған көрінісі мен формасы ретінде қарастыруға болады. Жазушылар адам бойындағы осындай сезімдерді түбегейлі әрқилы тәсілдер тұрғысынан шығармаларына арқау етеді.

**Қорытынды.** Тылсымдық әңгімелерден негізінен әр халықтың ақиқатын көреміз десек те болады. Адам өміріндегі қайшылықтар мен қақтығыстардың мәнінен көрініс береді. Мистикалық жанрдағы қазақ-шетел прозасын салыстырмалы түрде қарастыру барысында, кейіпкердің эволюциясы мен өзгеруін, ерекше типологиялық бағыт бойынша, дәстүрлі түрде заман қаһарманы және оқиға ұқсастықтарын байқауға болады. Сонымен қатар, әр жазушы өзіне тән өнер кеңістігі болатынын да ескеруіміз керек. Қазақ-шетел мистикалық прозасында үндестіктің бірі – кейіпкерлері мен сюжеттік жағдайлар. Соған қарамастан, әр әдебиет қаһармандары мен сюжеттерінде елге, заманға тән ерекшеліктері болады.

Қорыта келе, «мистика – күрделі жанр, мысалы, мистикалық шығарманың кейіпкері дегеніміз кәдімгі кейіпкер, қаһармандарға ұқсай бермейді, кейіпкер су перісі әлде елес болуы, оқиға орны аспан не жердің жетінші қабаты болуы мүмкін, демек кейіпкер дерексіз, әлем тылсым деген сөз, содан шығар, бірыңғай мистикалық жанрда жазатын, ерекше мифтік кейіпкер тудырған жазушы аз. Жалпы мистика жазатын жазушының өзі қазақ әдебиетінде саусақпен санарлық, тіпті жазды дегеннің өзінде оны бастан-аяқ мистикалық шығарма деп тану қиын, сондықтан мистикалық элементтері бар десек әділірек болар еді» [1].

Қазіргі әңгіме жанрында жаңа тақырып аясында, соны кейіпкерлер бейнесі жасалды. Шығармалар тақырыбында ел, халық, қоғам, ұлт мәселесі қамтылды. Елі үшін күресетін, ұлттың көкейкесті мәселесі жолында жан аямайтын кейіпкерлер туды. Жоғарыда зерттеу объектісіне арналған шығармаларды осы тақырыпта жазылған деп айтуға болады. Жаңа заман көркем туындылары шындық дүниенің, қоғам мен адам тіршілігінің ақиқатын бейнеледі. Сонымен қатар, қазіргі таңда мистикалық туындылардың бірінші орындағы мақсаттарының бірі – адам санасына бағынбайтын табиғаттан тыс күштер әлемін зерттеу; адамның өз түсінігінен тыс әлемдегі орны мен мүмкіндіктерін анықтауға талпыныс; жақсылық пен жамандықтың мәңгілік қақтығысын ашу; оқырман әлемді ақылмен емес, жанмен қабылдауы; фантастикалық кейіпкерлер мен құбылыстардың көмегімен шындықтың жабық сипаттамасы; фонды, ерекше түстерді жасау; оқырмандардың қызығушылығын арттыру болып табылады.

## Әдебиеттер тізімі

1. Асқарова А.Ш. Қазақ және шетел прозасындағы мистика. // Керуен - 2021. - № 4. - Т. 73 [Электрондық нұсқа]. - URL: <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/96> (Accessed: 17.08.23).
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Құр.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. - 640 б.
3. Бөкей О. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: «ҚазАқпарат» баспасы, 2013. - 1050 б.
4. Аймауытов Ж. Елес [Электрондық нұсқа]. - URL: <https://abai.kz/post/6818> (Accessed: 30.01.23).
5. Мағауин М. Елес [Электрондық нұсқа]. - URL: <https://magauin.com/angimeler/eles> (Accessed: 14.07.23).
6. Мағауин М. Қуыршақ [Электрондық нұсқа]. - URL: <https://magauin.com/angimeler/quyrshaq> (Accessed: 20.07.23).
7. Мұбарак Қ. Жат құшақ:әңгімелер жинағы. – Алматы: Атажұрт, 2012. – 272 б.
8. Уайльд О. Портрет Дориана Грея. Роман / Пер. с англ. Д.Целовальниковой. – Москва: АСТ, 2021. – 320 с.

9. Гоголь Н. В. Записки сумасшедшего: сборник. – Москва: АСТ, 2022. – 256 с.
10. По Э. А. Шөлмектен шыққан қолжазба. Әңгімелер. Ауд. Б. Баймаханов. – Астана: Аударма, 2003. – 256 б.
11. Злобин Г. Эдгар По – романтик и рационалист. \ \ Эдгар По стихотворения, проза. Пер. с англ. – М., 1976.
12. Мұбарак Қ. Тарғыл мысық [Электрондық нұсқа]. - URL: <https://www.minber.kz/2012/05/qoishybek-mubarak-targyl-mysyqanggame/> (Accessed: 05.05.23).
13. Ораз Н. Сиқырлы көл: Әңгімелер – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. –324 б.

## References

1. Askarova A.Sh. Kazak zhane shetel prozasyndagy mistika [Mysticism in Kazakh and foreign prose], Keruen [Caravan], 4 (73) (2023). Available at: <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/96> (Accessed: 17.08.23). [in Kazakh]
2. Baityrsynyly A. Adebiet tanytkysh. Comp.G.Anes [Literature guide] («Abzal-ai», Almaty, 2013, 640 p.). [in Kazakh]
3. Bokei O. Tandamaly shygarmalar zhinagy [Collection of tandem works] (KazAkparat, Almaty, 2013, 1050 p.).
4. Aimayov Zh. Eles [A ghost] [Electronic resource]. Available at: <https://abai.kz/post/6818> (Accessed: 23.05.23). [in Kazakh]
5. Magauin M. Eles [A ghost] [Electronic resource]. Available at: <https://magauin.com/angimeler/eles> (Accessed: 10.01.23) [in Kazakh]
6. Magauin M. Kuyrshak [The doll]. [Electronic resource]. Available at: <https://magauin.com/angimeler/quyrshaq> (Accessed: 20.04.23). [in Kazakh]
7. Mubarak Q. Zhat qyshaq: angimeler zhinagy [The alien hug:a collection of stories] («Atazhurt», Almaty, 2012, 272 p.). [in Kazakh]
8. Uaild O. Portret Doriana Greja [Portrait of Dorian Gray]. Novel. Translated from the English by D.Tselovalnikova («AST», Moscow, 2021, 320 p.). [in Russian]
9. Gogol N.V.Zapiski sumadshedshego:sbornik [Notes of a madman: a collection] («AST», Moscow, 2022, 256 p.). [in Russian]
10. Edgar Po. Sholmekten shykkan qolzhaba [A manuscript from a bottle]. Translated by B.Baimakhanov («Audarma», Astana, 2003, 256 p.). [in Kazakh]
11. Zlobin G. Edgar Po – romantik i razionalist [Edgar Allan Poe - romantic and rationalist]. Jedgar Po stihotvorenija, proza [Edgar Allan Poe. Poems, prose]. Transl. from English (Moscow, 1976). [in Russian]
12. Mubarak K. Targyl mysyk [A wild cat] [Electronic resource]. Available at: <https://www.minber.kz/2012/05/qoishybek-mubarak-targyl-mysyqanggame> (Accessed: 05.05.23).
13. Oraz N. Sikyrly kol [Magic lake] («KazAkparat», Almaty, 2011, 324 p.).

### А.Ш.Аскарова, К.С. Құлманов

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан*

### Мистические мотивы в казахских рассказах

**Аннотация.** Статья посвящена анализу мистических мотивов в казахских рассказах. Авторы на основе сравнительно-исторических, герменевтических, историко-функциональных принципов исследовали особенности использования мистических мотивов в малых жанрах современной казахской прозы - в рассказах. В основу исследования легли мировые и отечественные литературные образцы, последовательно показаны их истоки, эволюция и современная трансформация. Проанализированы основы иррационального познания - системы мифического, эзотерического, религиозного освоения мира, исследованы относящиеся к ним мистические мотивы. В качестве отличительной черты казахских мистических мотивов было предложено, что его истоки лежат в обрядах тенгрианского познания и мусульманско-суфийских традиций. Были изучены мистические мотивы в рассказах казахских писателей XX века и начала XXI века, определены их типология, особенности, методы.

Кроме того, в статье раскрывается общая природа и сущность мистики посредством описания мистических линий в казахских и зарубежных произведениях. Рассматривая связь мистики с литературой, ее художественная деятельность определялась на основе казахских рассказов. Выявлена деятельность мистического метода в рассказах Оралхана Бокея, Мухтара Магауина, Нургали Ораза, Койшыбека Мубарака, в которых описаны казахское общество, психология человека, судьба человека. На основе сравнения с зарубежными произведениями сделан своеобразный вывод о сходстве общей идеи и переходе мистических сюжетов.

**Ключевые слова:** мистика, мифология, иррационализм, литературный метод, типология, рассказ, мистический сюжет, мистицизм, нравственная ценность, явления жизни, зарубежная мистика.

**A.Sh.Askarova, K.S. Kulmanov**

*L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **Mystical motives in Kazakh stories**

**Abstract.** The article is devoted to the analysis of mystical motives in Kazakh stories. The author, on the basis of comparative historical, hermeneutic, historical and functional principles, explored the features of the use of mystical motifs in small genres of modern Kazakh prose - in stories. The study is based on world and domestic literary samples, their origins, evolution and modern transformation are consistently shown. The bases of irrational knowledge - the systems of mythical, esoteric, religious exploration of the world - are analyzed, the mystical motives related to them are investigated. As a distinctive feature of Kazakh mystical motifs, it was suggested that its origins lie in the rites of Tengrian knowledge and Muslim-Sufi traditions. Mystical motifs in the stories of Kazakh writers of the 20th century and the beginning of the 21st century were studied, their typology, features, methods were determined.

In addition, the article reveals the general nature and essence of mysticism through the description of mystical lines in Kazakh and foreign works. Considering the connection of mysticism with literature, its artistic activity was determined on the basis of Kazakh stories. The activity of the mystical method was revealed in the stories of Oralkhan Bokey, Mukhtar Magauin, Nurgali Oraz, Koishybek Mubarak, which describe the Kazakh society, human psychology, human destiny. Based on a comparison with foreign works, a peculiar conclusion was made about the similarity of the general idea and the transition of mystical plots.

**Keywords:** mysticism, mythology, irrationalism, literary method, typology, storytelling, mystical plot, mysticism, moral value, life phenomena, foreign mysticism

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Асқарова А. Ш.** – ф.ғ.к., доцент, Гуманитарлық зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы, «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты, Астана, Қазақстан.

**Құлманов Қ. С.** – ф.ғ.к., профессор, Практикалық қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, Астана, Қазақстан.

**Askarova A.Sh.** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Head of the Department of Coordination of Humanitarian Research, «Abay Academy» Research Institute, Astana, Kazakhstan.

**Kulmanov K.S.** – Candidate of Philological Sciences, Professor, Head of the Department of Practical Kazakh language, Astana, Kazakhstan.



**Ұ.Жанбершиева, Г.С.Оралова, А.Т.Төлебаева, Г.А.Камешева**

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан  
E-mail.ru: ulzhan1954@mail.ru, Gulzi-oralova@mail.ru, aidyn42@mail.ru,  
kamisheva\_gulnur@mail.ru*

## **Сыр сүлейлерінің (Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар) мысал өлеңдеріндегі Шығыстық дәстүр**

**Аңдатпа.** Мақалада Сыр сүлейлері Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлы т.б. мысалдарындағы Шығыстық дәстүр сөз болады. Сүлейлер мысалдарындағы Шығыстық дәстүрге талдама жасалды. Қазақ поэзиясы мен Шығыстық ұқсас сюжеттер, сарындық қайталаулар, сабақтастық айқындалады. Мысалдардың танымдық қызметі сараланады. Ойды айқындай түсетін шығыстық сюжетке құрылған мысалдар арқылы Сыр сүлейлері дүниетанымының даралығына дәйектемелер келтіріледі.

Сыр сүлейлері ұстаған Шығыстық дәстүрдің маңызы ашылады. Әдебиет зерттеуші ғалымдардың Сыр сүлейлері туралы пікірлерін салыстыра отырып, тың тұжырымдар айтылады. Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар мысалдары назарға алынып, тәрбиелік мәніне баға беріледі. Осы үш шайырдың мысал өлеңдерінің шығармашылық ерекшелігі Сыр сүлейлері әдеби мұраларының өзіне тән сыр-сипатын аңғартады. Мақалада мысал өлеңдердегі шығыстық сипатты талдай отырып, Сыр сүлейлерінің шығармашылығы ұлт әдебиетінің құрамдас бөлігі екендігін айқындай түседі.

Қазақ ғылымындағы фундаментальды зерттеулерді негізге ала отырып, шығыстық мотивтерді кешенді түрде ашу көзделді. Әлемдік және ұлттық әдеби-мәдени байланыстар мен Шығыстық дәстүрдің маңызы айқындалады. Нәзирагөйлік дәстүріндегі ақындардың үлесі айқындалып, ақындық көркемдік ойлау жүйесі сараланды. Мысалдардағы Шығыстық үлгі мен гибраттық ойлар танымдық тұрғыдан анықталды. Сыр сүлейлері мысалдарындағы Шығыстық дәстүрдің мағыналық ерекшелігі ашылып, ұлттық құндылық екені дәлелденеді.

**Түйін сөздер:** Сыр сүлейлері, шығыстық мотив, шығыстық дәстүр, рухани мұра, ұлттық құндылық, гибраттық ойлар, нәзирагөйлік әдіс, шығыстық ықпал, мысал жанры.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-121-131>

**Кіріспе.** Қазақ сөз өнерінің көркемдік жалғасы болып табылатын Сыр сүлейлері шығармаларында Шығыстық үлгідегі гуманистік ойлар қалыптасып, қазақ әдебиетін тақырып, мазмұн, форма, жанр жағынан байытып отырған. «Сүлей» сөзінің беретін мағынасына назар аударсақ, бұл атау – халықтың жырауларға берген бағасы, «өлең-жырдың құдайы» деген ауыспалы мағынада қолданылатын термин ретінде қалыптасқан ұғым. «Сүлей» сөзі арабша-орысша сөздікте «салауи» яғни «табиғи дарын иесі, тума талант, шешен» деген мағынаны танытады [1, 591].

Әлем әдебиетінде ұқсас сюжеттер, сарындық қайталаулар әдеби ықпалдастықтар мен алмасулар болатыны сөзсіз. Қазақ әдебиетіне Шығыстық ықпалдың әсері ұлттық сананың кеңеюіне жол салды.

Сыр сүлейлерінде Шығыстық дәстүр қалыптасуына себеп болған жағдайларды айрықша атауға болады. Біріншіден, Сыр бойынан шығып, Орта Азиядағы медреселерден

білім алған ағартушы ғалымдардың бәрі де шығыстық үрдіс, дәстүрді ұстаған. Екіншіден, ислам дінінің қазақ поэзиясындағы адамгершілік-имандылық тақырыбын көркемдік ойлау жүйесі аясында дамытқан. Үшіншіден, географиялық орналасуы жағынан бір-біріне жақын орналасқан елдердің экономикалық қарым-қатынасы түрлі сауда-саттық арқылы араласуы негіз болды. Осылайша, Сыр бойын мекендеген халықтар, оның сөз өнерін ұстаған ақын-жыраулар сонау ежелгі дәуірден бастап, бүгінге дейін шығыстық классикалық әдебиеттің ықпалымен әдеби дәстүр қалыптастырған.

XIX-XX ғасырда Орта Азияның қалаларында білім алып, бай кітапханаларымен танысқан Сыр сүлейлері шығармаларында шығыстық дәстүр қалыптасып, шығыстық мотивтер көрініс тапқан. Сондықтан да болар Сыр сүлейлері шығыстық үлгіні ұстай отырып, адамгершілік-дидактикалық, гуманистік шығармалар қалдырды. Сондай шығармалардың бір саласы біз зерттеу нысаны етіп отырған мысал өлеңдердегі шығыстық мотивтер болып отыр.

Сыр сүлейлері Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Жүсіп Қадірбергенұлы шығармашылық мұраларындағы ислам дінінің қағидаларын арқау еткен жанрдың бір түрі – мысал-хикая үлгілері екендігін байқауға болады.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында қазақ әдебиетінде нәзирагөйлік әдіспен Шығыстық сюжетке құрылған шығармалардың үлгілері жасалып, Шығыстық дәстүр қалыптасты. Мұсылмандық және Шығыстық классикалық әдебиетпен қаруланған Сыр сүлейлері исламдық мазмұндағы әдеби дәстүрдегі мысал үлгілерін жазып, имандылыққа тәрбиелеуге бет бұрған. Исламдық мәдениет тағылымымен танылатын мысал Шығыстың классикалық әдебиетінде тәлім-тәрбие, имандылық-адамгершілік тағылымын нысана ететін дәстүр болып саналады.

Шығыстық дәстүр сипаттарын әңгімелегенде әдеби байланыстар заңдылықтарын негізге ала отырып, ұлттық сипатта болғанына көз жеткіземіз.

Бүкіл қоғамдық ой-сананы қайта құрып жатқан бүгінгі таңда қазақ әдебиетінің өзге елдердің сөз өнерімен сан ғасырлық байланысын, тарихи тамырластығын танып білудің мәні ерекше. Ғасырлар бойы қалыптасқан Сыр әдебиетінің даму жолы халқымыздың рухани дүниетанымының көркемдік ойлау жүйесін танытады.

Сыр сүлейлері поэзиясы бұрын да зерттеліп жүр. Әдебиеттану ғылымында М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, А.Қыраубаева, М.Байділдаев, Т.Тебегенов, Ө.Күмісбаев, Б.Кәрібозұлы, Ұ.Жанбершиева, Ғ.Тұяқбаев, М.Қаржауов, Б.Жүсіпов, Ұ.Байбосынова, Г.Оралова т.б. еңбектерінде Сыр сүлейлері шығармаларының жанрлық, тақырыптық, көркемдік ерекшелігі, ұлттық сипаттылығы қарастырылған. Десек те, әлі де болса зерделей түсетін мәселелер бар. Сыр сүлейлерінің лирикалық өлеңдеріндегі бәйіт, ғазал, қасида, назым, төрттаған, шығыстық сюжеттерге негізделген қисса-дастандар, олардың нәзира үлгісінде жырлануы бүгінгі талғам мен талап тұрғысынан зерделеуді қажет етеді. Зерттеуші ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, шығыстық дәстүр мен шығыстық мотивтерге талдама жасауды жұмыстың негізгі нысаны етіп алдық.

Белгілі ғалым Б.Кәрібозұлы: «Сыр өңіріндегі әдебиет өкілдері Шығыс әдебиетінің дәстүріне ерекше ден қойып, Шығыстық классикалық әдебиетінің үздік туындыларын нәзира дәстүрімен немесе Шығыс сюжетіндегі аңыздар мен ертегілерге өз жандарынан қосып, қисса-хикаяттарды дүниеге келтіріп отырған», -деп ой түйеді [2, 30]. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, Сыр сүлейлері жазған мысал өлеңдер нәзира дәстүрімен Шығыстық сюжетке құрылғанын растайды. Нәзира дәстүрінде мысалдар жазып, шығыстық классикалық туындыларды жаңаша сөйлетіп, әлем әдебиетіндегі гуманистік идеяларға өзіндік үн қосқан Сыр сүлейлері Шығыстық дәстүрді қалыптастырып, ұрпақтан-ұрпаққа осы дәстүрді жалғастырып отырған.

Академик М.Базарбаев тұжырымымен айтқанда: «Дәстүр деген мағынаны жеке алып қарасақ, оның тек форма сыртқы түр, әшекеймен ғана бітпейтінін көруге болады, дәстүр сонымен бірге өзінен-өзі ұлттық сипатты бере алмайды. Тек ұлттық сипаттардан, ұлттық ерекшеліктерден дәстүрді шығаруға болады», - дейді [3, 121].

Олай болса, біздің зерттеу нысанымыз болып отырған ақындар мысалдарындағы Шығыстық дәстүр классикалық әдебиет үлгісінде халықтық дәстүрге негізделіп, ғибраттық, өнегелік идеяларға өзіндік үлес қосқан қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүрді байыта түскен.

Шығыстық сюжетке құрылған мысалдардағы көркем мотивтер ортақ сарынға құрылады.

**Зерттеу әдістері.** Тақырыпты зерттеу барысында қол жеткен тұжырымдар мен түйінді нәтижелер Сыр сүлейлері мысалдарында кеңінен насихатталды.

Өмірдің шындығын, ондағы келеңсіз көріністерді, адам мінезіндегі түрлі мінез-құлық, іс-әрекеттерін сынай отырып, ізгілік, адамгершілік насихатын үлгі ететін туындылар жасауда Сыр сүлейлері осы эпостық жанрдың шағын түрін шығармашылықтарында ұтымды пайдалана білген шеберліктерін таныту тақырыптың өзектілігі болып табылады. Зерттеу нысанындағы тұлғалар шығармаларын жинақтау, тақырыптық-жанрлық тұрғыда топтастырып, мысал өлеңдерінің мәнін айқындауда шығыс сюжеттерін пайдалану, оны ұлт топырағына тән ырғақтармен, ұлт психологиясына жақындастыра суреттеуде сараптау, аналитикалық-талдау әдістері басшылыққа алынды. Жыр үлгісіндегі мысал өлеңдерінің көркемдік тәсілі мен мазмұндық бірлігін талдауда әдеби-теориялық талдаулар жасалды. Сыр сүлейлерінің мысал өлеңдерінің негізгі идеясы ғибраттық, гуманистік идеяға негізделген шығармалар екендігін айқындауда салыстырмалы-типологиялық талдау әдістері басшылыққа алынды. Мысал өлеңдерінде халықтың тұрмысын, әлеуметтік, қоғамдық қайшылықтарды қозғай отырып, халықтың мұң-мұқтажын, талап-тілектерін мысалдау тәсілдерімен көркем түрде бере білген ерекшеліктерін талдауда танымдық әдістер қолданылды. М.Иманғазин: «Мысал-әріден келе жатқан, эпостың шағын да өткір жанры. Мысал жанры көне дәуірден біздің заманымызға дейін әлемнің іргелі ақын-жазушыларының назарында болған, қызықты форма, ұғымды идея, халық тұрмысына ет жақын суреттеулерге толы әдеби жанр», [4, 251]-деген пікіріне сүйене отырып, Мысал өлеңдердің ишарат, тұспалмен берілетін жанр екендігін танытуда, Сыр сүлейлері шығармаларында жазба әдебиеті мен ауыз әдебиеті үлгілерін қолдану, шығыс сюжетіне сүйене отырып, қоғамға пайдалы болуды насихаттау, тәлім, өнеге берудегі ойларын ашып, дәлел келтіруде зерттеу, талдау, баяндау, талдау әдістері қолданылды.

Мақаланы жазуда осы тақырыпқа қатысты зерттеу еңбектері бар ғалымдардың ой-пікірлері, мысал жанры турасындағы тұжырымдары теориялық және әдістемелік негіз ретінде қолданылды.

**Тақырыптың өзектілігі.** Сыр сүлейлерінің мысал өлеңдері бұрын-соңды жеке зерттеу объекті болған жоқ. Демек бұл тақырып айрықша қарастыруға, арнайы зерттеуге лайықты. Қазақ әдебиетінде Шығыс поэзиясының әсері, ықпалы, рухани байланыс, ықпалдастық келелі мәселе болып отыр. Сондықтан Сыр сүлейлері мысалдарындағы Шығыстық дәстүрді әдебиеттану қисындары аясында қарастыру жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Ғалым Ө.Күмісбаев: «Шығыс поэзиясында бір тақырыпты бірнеше ақындардың жарысып жырлауы әбден қалыптасып қалған әдеби дәстүр «Нәзира», «Татаббу» (жауап) тәсілі бізде әлі зерделі зерттеу нысанасына айналған жоқ. Әлі М.Әуезов айтқан цитатаның айналасында жүрміз», -деп келелі пікір айтқан [5, 129].

Сыр сүлейлері қолданған шығыстық дәстүр мен мотивтерді зерттеп, ерекшеліктерін ашу әдебиеттануда ғылыми ізденісті қажет ететін өзекті мәселе екені сөзсіз.

Тұрмағамбет, Қаңлы Жүсіп, Шораяқтың Омары мысалдарын арнайы қарастыру себебіміз осы үш ақын Сыр сүлейлеріне мысал жазудың үлгісін көрсетті.

**Нәтиже мен талқылау.** Сыр сүлейлері мысал өлеңдерінде әдеби ықпалдастық арқылы туындаған ортақ мотивтерді дидактикалық, философиялық, дүниетанымдық ойлармен бере білген. Қазіргі әдебиеттану ғылымында ерекше көңіл бөлініп жүрген мысал өлеңдердің композициялық бірлігіндегі шығыстық мотивтердің ұқсас келуі заңды құбылыс. Себебі тақырып та, идея да, кейіпкер де өмір шындығынан алынады. Өмір сүру

салты ұқсас, жақын халықтардың танымдық қасиеттері де ұқсас келеді. Мысал өзегі етіп пернелеп айтуды ұрпақ санасына ізгі қасиеттермен сіңіруде Сыр сүлейлерінде тәлім-тәрбие тағылымын нысан ету үлгілері мол.

Мысал өлеңдер тарихы өте ертеден басталады. Ертедегі VI ғ. Эзоптың грек әдебиеті мен XI ғасырдағы М.Қашқаридің «Диуани-лұғат-ат түрік» сөздігінде және орыс әдебиетінде И.А.Крылов мысалдарында айқын көрініс берген.

В.Г.Белинский: «Өлең сөздің бұл тегі француз бен орыс сөз өнерінде ғана кемелдене жетіп өркендеді. Французда мысалшы Лафонтен, ал орыста мысал жазған данышпан И.А.Крылов болды», - дейді [6, 63]. Қазақ жазба әдебиетінде мысал жанры XIX-XX ғасырда А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, С.Көбеев, С.Дөнентаев, Б.Өтетілеуовпен қатар Сыр сүлейлеріде мысал жанрының тамаша үлгісін жасағандығын аңғарамыз. Сыр сүлейлері мысалдарында Шығыстық сарынды қазақ халқының тұрмысына жақындата суреттеу басым. Т.Ізтілеуовтің «Лұқпан Хакім», «Сүлеймен және кірпішешен», «Көкқұтан мен шымшық», О.Шораяқұлының «Жарлы Талип», «Қара шекпен», «Бір пиала май», «Хақ Сүлеймен», Жүсіп Қадірбергенұлының «Ана мен бала» және т.б. туындыларында адам мінезін, халықтың жай-күйін, надандық, алауыздыққа байланысты ойларын тұспалмен бере отырып, халық даналығының тәлім-тәрбиелік тағылымын ұғындырады.

Мысалы: Т.Ізтілеуов «Көкқұтан мен шымшық» мысал өлеңінде адамдар арасындағы мақтаншақ, менмендік, бақай есеппен өмір кешетін қасиеттерді тұспалдай сынап, оқырманға ой салады. Шымшықты Көкқұтаннан жеңілдірмей аллегориялық тәсіл арқылы адам бойындағы түрлі мінездерді көрсете білген:

Сен маған айтпа ұнамсыз кеп,  
Онан да бірігейік, болмайық шет!  
Таптырмас татулықты қолдан беріп,  
Кетпейік қапелімде өкініш жеп, - деп шымшықты өзі кішкентай болса да ақылды, ойлы етіп суреттеп, ұлттық ділге лайықты түйінді ғибраттық ойға жинақтаған.

Әдебиеттің көне жанры болып келетін мысалдар әлем әдебиетінде бар дегенмен үнемі бір-бірімен алмасып, әдеби ықпалдастыққа түседі.

А.Байтұрсынов «Әдебиеттанытқыш» еңбегінде «Адамның ғамалын, мінезін, құлқын, жанды-жансыз нәрселер арқылы салт-санасына сәйкес көрсетіп өнегелеу-мысалдау болады. Мысалдар көбінесе хайуанаттар турасында шыққан ертегілерден алынады» [7, 125], - деген пікірі мысал жанрындағы шығармаларға өмірден алынған түрлі байсалды тұжырым, қорытындылардың негіз болатынын аңғартады. З.Қабдоловтың «Мысалдың мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясы астарсыз ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма шымыр келеді» [8, 294], - деп әдеби тек жанрларының мысал үлгілеріне жіктеме беріп, адамзат тарихында қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастар жан-жақты, сан қырлы қасиеттерімен саралана талдануын астарлап, тұспалдай сөйлеу, соңында адам мінезіне баға беру сипатымен ғибраттық, өнеге берерлік сарындағы шығарма үлгісіндегі жанр екенін танытады.

Сыр сүлейлері Шығыстың классикалық туындыларындағы ғибрат берерлік сюжеттерді өз халқына мысал арқылы жеткізіп, адам бойындағы, әлеуметтік ортадағы кездесетін кемшіліктерді сықақпен сынап дүниетанымдық, ғибраттық көзқарастарын бере білген. Ертегі-аңыз, діни дүниетаным, ғибраттық үлгі беруде Шығыстық дәстүрді сақтап, ортақ желі идея бірлігін исламдық мәдениетке тән ерекшеліктермен негіздеген.

Мәселен, Т.Ізтілеуовтің «Лұқпан Хакім» мысалында «Үлгісіз іс, күлкіге түс етеді екен» - деген жігіт сөзімен шешіледі. Лұқпанның ұлына айтқан үш нақылы Құранның 91 сүресінің негізінде, ислам дінінің адам тәрбиесіне ықпалын насихаттаумен баяндап, Шығыстық әдебиет үлгілерін елге тарата отырып, шығыстық дәстүр қалыптастырған. «Ізгілікке ұмтылу, адами қасиеттерге баулу, жақсылық, қайырымдылық жасау, жомарттық таныту, сабырлы, парасатты болу сынды асыл қасиеттер маңызды болса, Сыр сүлейлері мысалдарында осы асыл қасиеттер ерекше дәріптеледі» [9, 43].

Тұрмағамбет ақын құранның 31-Лұқман сүресінің кейіпкері дананың өсиетін насихаттай отырып, ислам дінінің адам тәрбиесіндегі ықпалы, қуатты құрал екенін дәлелдейді.

Біздің пайымдауымызша, Тұрмағамбет ақын мысалда шығыстық мотивтерді сақтай отырып, ғибрат үлгі беруді ұтымды қолданған. Мысалдарды өсиет мысал, аңыз мысал деп бөліп қарастыратын болсақ «Лұқпан Хакім» мысалы мысал аңыз екенін айқындап тұрғандай. Рухани қазынамыздың ішінен тәрбиелік мәні бар мысалдарға ден қояр болсақ, О.Шораяқұлының мысалдарының орны ерекше. Мәселен, О.Шораяқұлының «Маймыл» атты мысалында бір патшаның үш ұлы болыпты, екеуі бәйбішеден, біреуі тоқалдан екен. Үшеуі бір қызға ғашық болып, соңында жауласып, әскер жинап соғыспақшы болады. Сонда патша ұлдарына үш тарапқа оқ атыңдар оқ түскен үйдің қызына үйленесіңдер деп шарт қояды. Екі үлкен ұлдың оғы түскен үйдің қызына үйленді де, кішісі Әділбектің оғы айдалаға түседі. Патша Әділбекті оғын тауып келуге жұмсайды. Көп қиналып оқты табады, бірақ оқты бір маймыл тістеп отырады. Оқты алып жүре бергенде маймыл атының артына секіріп мініп алады. Жігіт маймылды өлтірмекші болады, сонда маймыл мені пайғамбарлар саған некелеген деп қалмай қояды. Елге маймылмен оралғанда патша үш ұлына тағы да тапсырма береді, сапарға шығатынын айтады. Әйелдеріне жылдам мың шатыр мен мың үй тігуді бұйырады. Кімде-кім орындамаса дарға асылатынын түсіндіреді. Осы шартты тек маймыл ғана орындайды. Маймыл болып жүрген ақылды сұлу қыз-Айни Камал атты перілердің патша қызы екен. Әділбек соған қосылады [10, 136].

Етсе егер қай уақытта ізгі талап,  
Өлшеусіз өміріне пайда табар,  
Еңбегі талапты ердің босқа кетпей,  
Тап болған Әділбекке маймыл Камал [11, 149].

Сюжеті шығыстың қиял-ғажайып ертегісінен алынған мысалдағы ғибраттық, нақылдық түйін – адамгершілік, адалдық істердің ұлағатын насихаттау.

Мысал сюжеті шығыс халықтарына ортақ аңыздық желіге құрылған ондағы көркем мотивтер:

- Патшаның үш ұлы бір қызға ғашық болу мотиві;
- Патшаның үш ұлына шарт қоюы;
- Түс көріп, аян беру мотиві;
- Кіші ұлдыңүнемі жары ақылды болу мотиві;

Бұл мысалдағы оқиғалар шығыста көп кездесетін сарын десек, шығыстық үрдіс, дәстүрді ұстаған О.Шораяқұлы қазақ ұғымына жақындата жырлап, шығыстық дәстүрді қалыптастырған. Сөйтіп шығыс поэзиясындағы адамгершілік-имандылық тақырыбын көркемдік ойлау жүйесінде дамытқан. Аталған мысалдағы авторлық идея сөз өнері шығармаларының халықтығын дәлелдейді, адамгершілік ұлағатын бойға сіңіру адамзаттық құндылық екендігін насихат етеді.

Әдебиет зерттеушісі М.Қаржауов: «Омар ақын өмір сүрген ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Сыр елінің мәдени, рухани өсуі негізінен ауыз әдебиетіне және Шығыс әдебиетіне сүйенген ақындық және жыраулық өнер арқылы жүріп жатты», - деп пікір айтқан [12, 105].

Ғалымның осы пікіріне сүйенсек, Омар ақын Шығыстық жауһар жырларды жақсы білген және рухани өсу жолында Шығыстық гуманистік ойларды мысалдарына негіз еткен. О.Шораяқұлының «Қанағат», «Бір пиала шай», «Қойшы мен ұры» және аңыздық сюжетке құрылған «Жарлы Тәліп», «Қара шекпен», «Маймыл», «Үш күлше» мысалдары ғибраттық, нақылдық үлгіде жазылған шығармалар.

О.Шораяқұлы «Қойшы мен ұры» мысал өлеңінде:Өмірдегі адал, ешкімнің ақысын жемейтін, сенгіш адам болмысын ұрыға алданған қойшы бейнесінде алып:«Ал,- деді,- керегіңді өзің қалап», -деп, аңғалдығы танылған қойшыны арыстан терісі арқылы қорқытып, оған тамаққа қойларын бергізген ұрының жымысқы әрекетін:

Кетуші ет кез келгенді зар еңретіп,

Жанынан жазатайым өтсе жанап,- деп өмірде кездесетін арамза, жемқор, айлакер қасиеттерді сынға алып, жаманнан жирендіруді мақсат етеді.

Сыр сүлейлері мысалдарының тақырыбы алуан түрлі, ғибраттық үлгіге құрылып, бәрінде ортақ желі, идеялық бірлік байқалады. Ойымызды ғалым Ө.Күмісбаевтың пікірімен түйіндейтін болсақ: «Мысалдың тақырыбы сан алуан кейіпкерлері аң, құс, балық, өсімдік дүниесі, кейде оқиғаға адам да қатыстырылады. Негізгі сюжетке қоса нақыл түрінде түйіндемесі де болады», - дейді [13, 145].

Сыр сүлейлерінің мысал өледері өсиет-насихат үлгісінде, аңыз, шығыстық сюжетке негізделген үлгіде, дастан, хикая үлгісінде кездесетінін аңғарамыз.

Омар Шораяқұлының мысал өлеңдерін өсиет мысалдар және шығыстық сюжетке құрылған аңыздар мен дастан жанрында жазылған мысалдар деп топтастыруға болады.

«Жарлы Тәліп» туындысында кедей Тәліпке патша қызын бермей, гаухар әкелуге жұмсайды:

Жарқырап су түбінде жатыр екен,

Болғандай небір асыл көзге күйік!

Жарбиып жар жағада отыр «күйеу»,

Дарияны барлық суын меске құйып.

Нұрланған шамшырақтың сәулесімен

Таңырқап таудан келді құлан, киік.

Қасыңда сайран еткен сансыз әскер,

Патша да келді дереу хабар тиіп.

«Жылатып, жанды, жансыз мақұлықты,

Отырмын дарияның суын тыйып.

Шамшырақ-інжу, гаухар, жақұттардан -

Ал, шахым, керегіңді шапшаң жиып!», - [14, 42] көл суын тартып отырған Тәліпті көріп, ойға қалған патша:

Патша да басқасы да кетті бұйып.

Падиша кереметке қайран қалып,

Ақыры қызын берді неке қиып,

Күйеу ғып қызметке отырғызды,

Жармасы талапты ердің болмас сұйық,-[14, 42] Тәуекелдің тонын киіп, еңбектеніп жұмыс жасаған жігітке су мен батпақ сүттей ұйып, көмегін беріп, дегеніне жеткізеді. Мысалдың ғибрат алар тұсы:

Тастамас талапты ерді, тәңірім шөлге,

Жатқанның пайдасы жоқ, бекер жасып,-[14, 42] деп адал еңбек өрге жетелейді деген ойды ұғындырады.

Сыр сүлейі Т.Ізтілеуовтің шығыстық үлгіде жазған «Лұқпан Хакім», «Төрт дос», «Үш бәңқор», «Дарақ пен сая», «Сүлеймен мен кірпішешен» т.б. мысалдары ислам мәдениетіне тән заңдылықтар көлемінде жырланған.

«Төрт дос» деген мысалы Шығыстың «Кәмила мен Димна» атты шығармасынан нәзіраланып жазылған.

«Лұқпан Хакім» мысалы Құранның 31-сүресіндегі кейіпкерлер арқылы берілген. Мысал сюжетінде Лұқпан өмірден өтер алдында ұлына үш насихатты мысалы еткен. Біріншісі жаңа байыған адамнан қарыз алма, екіншісі жандаралмен дос болма, үшіншісі жасырын сырларыңды әйеліңе ашпа» - деген. Шығыс халықтарына ортақ Лұқпан Хакімнің ұмытылмастай үш насихатына құрылған.

Әке өсиетін сынамақ болған баласы жаңа байыған досынан қарыз алады, сонан соң бір қойды сойып қапқа салып сарайға іліп қояды да әйеліне кісі өлтіріп алдым дейді, жандаралмен дос болады.

Бір күні әйелімен ұрсысып қалып, ұрып жібереді. Сол кезде әйелі жандарал шақырып, адам өлтірген деп ұстатпақшы болады. Жандарал досы қолын байлап алып кеткелі

жатқанда, қарыз берген досы ақшасын сұрап жағадан алады. Бұның бәрі әке өсиетін сынамақ екенін айтып, жігіт жаладан құтылады [15, 338].

«Лұқпан Хәкім» мысалында ақын патшаның ұлына айтқан өсиеті арқылы халқына әділдік, адалдық, достықтың беріктігін сақтаудың мазмұнын мына жолдар арқылы берген.

Жасырын сырыңды айтпа қатыныңа,

Жаңа мал біткеннен қарыз алма.

Патшаның жентетімен жақын болып,

Жаныңа зақым қылар, жүргізбе ықтан [16, 114].

Мысалдың тақырыбы – адамгершілік, адалдық, достыққа беріктікті көрсету. Идеясы – мысал кейіпкерлері арқылы ақын оқырманға ой салған, яғни, адамға тән абзал қасиеттерді мойындау. Ұ.Байбосынова: «Т.Ізтілеуов «Лұқпан-Хәкім мысалында» Лұқпанның ұлына айтқан үш насихаты мысал етіледі. Ақынның ұсынып отырған қағидасы – Құрандағы 31-Лұқпан сүресінің кейіпкерлері дананың өсиеттерін насихаттау. Сол арқылы Ислам дінінің адамзат тәрбиесіндегі ықпалы қуатты құрал екендігі дәлелденеді» деген [17, 20].

Осы пікірге сай Тұрмағамбет ақын Лұқпанның үш өсиеті арқылы адамды адамгершілікке баулу, достықты қадірлеу, жасырын сырыңды жұртқа жаймау, ақын ұстаған позиция да осы еді. Гуманистік ойлар, халық арманын негізгі мотивке айналдырған. Шығыстық дәстүрді қазақ әдебиетінде қалыптастыра отырып, Т.Ізтілеуов ұлттық санаға ықпал еткен. Шығыстың ең үздік шығармаларын ел игілігіне айналдырып, рухани-адамгершілік ой-пікір дамытқан. Сөйтіп қазақ пен шығыс мәдениетінің тоғысып, ықпалдасуы арқылы ұлттық әдебиетте шығыстық дәстүрді қалыптастырған.

Шығыстық «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» сияқты классикалық шығармаларды қайта жырлап, қазақ әдебиетіне жаңалық енгізді, сол жаңалық дамып келе дәстүрге айналды. Өнегелік тағылымы бар даналардың үлгілерін ғана ескеру керектігіне назар аударып отырған.

Сыр сүлейі Жүсіп Қадірбергенұлының шығыстың «Жауһар» атты кітабынан алынған «Ана мен бала» мысалында. Бір жесір әйел баласына шелек беріп, суға жұмсайды, бала ойнап жатқан балалармен кездесіп, ойнап қалады. Кешке шелекті үйіне бос алып келеді. Анасы ашуға мініп баласын үйден қуады. Сонда балалықпен ойнап қалдым деп бала анасынан кешірім сұрайды. Ана баласын кешіреді. Ақын мысалда ана мен баланың сүйіспеншілігін келешек ұрпаққа жеткізіп, ой түйіп, қорытынды жасаған. Мысал – хикаядағы ана мен бала оқиғасын баяндау, адамзат тағдырының белестерін, мейірімділікті өнеге ете отырып, ғибраттық-нақылдық түйін жасаған. Ғ.Тұяқбаев: Қаңлы Жүсіптің «Ғибрат кейінгіге патша ісі» атты мысалында әділ, іскер, иманды патшаның ел басқару ісін үлгі етіп алады», - дейді [18, 40].

Бұл шығыстық үлгіде жазылған мысалда Қаңлы Жүсіп мейірімділік пен әділдік, имандылық пен адалдықты сөз етеді. Ел басқарған патшаның әділ істерін үлгі ете отырып, кейінгіге ғибрат қалдырады. Патшаның 40 уәзірі, 30 қызметшісімен тату болып, ел басқаруы иманды, ынтымақты болуы деп тұжырым жасаған. Ақын Шығыс әдебиетінің інжу, маржандарын халқымыздың төл мұрасына айналдырып, дидактикалық-ғибратшылдық сарында танымдық, тәрбиелік мақсатта жырланған.

«Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларына негіз болған Шығыс классикалық поэзиясы аясындағы жалпытүркілік әдеби дәстүрлер ықпалдастығы философиялық-педагогикалық ұстанымдар бойынша көркемдік жалғастықты дамытты. Шығыс поэзиясы мен халықтық поэзияға тән небір образды айшықтар қалыптастырған ақындар ұлт, ұрпақ тәрбиесінде үлгі боларлық мұра қалдырған» [20].

Сыр сүлейлері деп аталатын өнер иелерінің мысалдарын толық зерттеу бір мақалада мүмкін емес, ол шолу жұмысынан аспайды. Сондықтан екі-үш ақынның шығыстық үлгіде жазылған мысалдарына ғана тоқталдық. Қызықты форма, ұтымды идеямен жазылған мысалдар – ғибраттық үлгі адамгершілік-гуманистік сезімдерді тануға жетелейтін тәрбие құралы.

Сыр сүлейлері шығармаларындағы мысал өлеңдердің тақырыптық-идеялық, мақамдық үлгілерін әдебиеттану тұрғысынан қарастыру арқылы ұлттық болмысты тануға Шығыстық дәстүрдің қалыптасуына көз жеткіздік.

**Қорытынды.** Шығыстық үлгідегі мысалдардың қазақ әдебиетіне бойлапену құбылысын және Шығыстық дәстүрдің қалыптасуын әлемдік көркемдік дәстүрдің типологиялық ұқсастығымен сараладық. Бүгінгі ұлттық тарихымыздың жаңа беттері жазылып жатқан уақытта қазақ поэзиясының нәзира дәстүрінде қалыптасқан Шығыстық дәстүрдің Сыр сүлейлеріндегі көрінісін сөз еттік. Сүлейлер мысалдары арқылы қалыптасқан Шығыстық дәстүрдің орны да айқындалды.

Р. Нұрғалиевтің мына пікірі ойымызды дәлелдей түспек: «Еш уақытта ешбір елдің әдебиеті мен өнері томаға тұйық қалыпта, ұлттық шеңбердің ішінде ғана өсіп жетілген емес. Өзге жұрттың озық, асыл қазыналарынан нәр алып байығанда ғана өркен жаймақ» - дейді. Олай болса, біз сөз еткен ақындар шығыстық сюжетке құрылған мысалдарда өзге елдің асыл қазыналарынан нәр алып, Шығыс ақындарының көлеңкесінде қалмай, өздерінше дамытып, тың мотивтер қосып отырған. Шығыстық үлгіні орынды пайдаланып дәстүр қалыптастырған Тұрмағамбет, Омар, Қаңлы Жүсіп туралы материалдарды сараптауға ұмтылдық.

Шығыс үлгісімен жазылған мысалдарды әдеби дәстүр тұрғысынан бағалау, Сыр сүлейлеріндегі көрінісін айқындау және ғибраттық үлгінің ең бір түсінікті амалын ұтымды идеямен жырлаған деген тұжырымға келдік.

Дәстүр мен жалғастық, әдеби-мәдени байланыстар, әлемдік әдеби ықпалдастық сюжет алмасулар әлемдік әдебиеттану ғылымының аясын кеңейте түсетіні сөзсіз. Олай болса, Сыр сүлейлері мысалдарындағы Шығыстық дәстүр мәселесі де көркем әдебиетті теориялық жағынан айқындау үшін өзекті екенінде дау жоқ.

Ғылыми айналымға енген жоғарыда аталған ақындар мысалдары қазақ әдебиетінің сарқылмас қайнар бұлағына айналатынына еш күмәніміз жоқ.

Сыр сүлейлерінің мысал өлеңдері қазіргі және болашақтың ұлттық сөз өнері дамуында дәстүрлі көркемдік негіз болып қала беретіні ақиқат.

*\*Мақала ҚРҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №АР19680346 «Сыр сүлейлері шығармаларындағы Шығыстық дәстүр» ғылыми жобасы аясында жүргізілді.*

### Әдебиеттер тізімі

1. Арабско-русский словарь. – М: «Советская энциклопедия», 1970. Т.1. - 591 с.
2. Кәрібозұлы Б. Беталыс. - Алматы: «Арыс», 2005. - 200 б.
3. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөзсарасы. - Алматы: «Жазушы», 1973. - 256 б.
4. Күмісбаев Ө. Алтын қазық. - Алматы: «Қайнар», 2012. - 512 б.
5. Иманғазин М.М. Антика әдебиеті. - Талдықорған, 2006. - 253 б.
6. Белинский В.Т. Шығармалар жинағы. - Алматы: «Жазушы», 1987. - 263 б.
7. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. - Алматы: «Атамұра», 2023. - 208 б.
8. Қабдолов З. Сөз өнері. 4 бас. - Алматы: «Қазақ университеті», 1992. - 361 б.
9. Кәрібозұлы Б., Игенбаева Р. Сыр сүлейлері шығармаларының ұлттық, тәлім-тәрбиелік тағылымы. - Алматы: «Арыс» баспасы. 2019. - 168 б.
10. Омаров Ш. Терме-толғаулары, өсиет мысалдар, айтыстар мен дастандар. - Астана: «Фолиант», 2009. - 336 б.
11. Омаров Ш. Сөйле тілім жосылып. - Алматы: «Рауан», 1996. - 301 б.
12. Қаржауов М. Шораяқтың Омарының әдеби мұрасы. - Қызылорда: «Компос», 2007. - 144 б.
13. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. - Алматы: «Ғылым», 1994. - 176 б.
14. Шораяқов О. Шайыр. Өлеңдер, дастандар, айтыстар. - Алматы: «Жазушы», 1984. - 176 б.
15. Жүсіпов Б. Т. Ізгілеуұлы шығармалары. - Алматы: «Дешті қыпшақ», 2007. - 588 б.
16. Ізгілеуұлы Т. Назым. - Алматы: «Жазушы», 1972. - 265 б.



17. Байбосынова Ұ. Сыр бойы ақын-жыраулар шығармашылығындағы ислам тақырыбы: ф.ғ.к. дәрежесін алу үшін арналған диссертацияның авторефераты. -Алматы, 2006. -23 б.
18. Тұяқбаев Ғ. Қаңлы Жүсіп. -Астана: «Фолиант», 2013. -272 б.
19. Tulebayeva A.T., Aitimov M. K., Oralova G. S., Kamisheva G. A., Serdali B. K. Philosophical Worldview and Pedagogical Perspectives of the Poets-Zhyrau of the Aral Sea and Syr Darya Areas. URL: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57205673196> (accessed: 20.04.2023).
20. Төлебаева А., Айтимов М. Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы дүниетаным. // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. - 2020. - №1(71). -471-477 б.

## References

1. Arabsko-russkiy slovar [Arabic-russian dictionary]. («Sovetskaya entsiklopediya», Moscow, 1970. Vol.1. 591 p.). [in Russian]
2. Karibozuly B. Betalys [Betalys] («Arys», Almaty, 2005, 200 p.). [in Kazakh]
3. Bazarbaev M. Olen – sozdin patshasy, soz sarasy [Olen – sozdin patshasy, soz sarasy] («Zhazushy», Almaty, 1973, 256 p.). [in Kazakh]
4. Kumisbaev O. Altyn kazyk [Altyn Kazyk]. («Kainar», Almaty, 2012, 512 p.). [in Kazakh]
5. Imangazinov M.M. Antika adebieti [Ancient literature] (Taldykorgan, 2006, 253 p.). [in Kazakh]
6. Belinskij V.T. Shygarmalar zhinagy [A collection of works]. («Zhazushy», Almaty, 1987, 263 p.). [in Kazakh]
7. Baitursynov A. Adebiet tanytkysh [Literary presenter] («Atamura», Almaty, 2023, 208 p.). [in Kazakh]
8. Kabdolov Z. Soz oneri [The art of words]. 4-th ed. («Kazak universiteti», Almaty, 1992, 361 p.). [in Kazakh]
9. Karibozuly B., Igenbaeva R. Syr suleileri shygarmalarynyn ulttyk, talim-tarbielik tagylymy [National, educational teaching of the works of Syr Suleyri]. («Arys» publishing house, Almaty, 2019, 168 p.). [in Kazakh]
10. Omarov Sh. Terme-tolgaulary, osiet mysaldar, aitystar men dastandar [Terme and reflections, oracles, aitys and sagas]. («Foliant», Astana, 2009, 336 p.). [in Kazakh]
11. Omarov Sh. Soile tilim zhosylyp [Speak, My Tongue] («Rauan», Almaty, 1996, 301 p.). [in Kazakh]
12. Karzhauov M. Shorayaktyn Omarynyn adebi murasy [Literary heritage of Omari of Shorayak]. («Kompos», Kyzylorda, 2007, 144 p.). [in Kazakh]
13. Kumisbaev O. Teren tamyrlar [Deep Roots] («Gylym», Almaty, 1994, 176 p.). [in Kazakh]
14. Shorayakov O. Shaiyr. Olender, dastandar, aitystar [Shaiyr. Poems, epics, aitys]. («Zhazushy», Almaty, 1984, 176 p.). [in Kazakh]
15. Zhusipov B. T. Iztileuuly shygarmalary [Works by T. Iztileuuly]. («Deshti kypshak», Almaty, 2007, 588 p.). [in Kazakh]
16. Iztileuuly T. Nazym [Nazym] («Zhazushy», Almaty, 1972, 265 p.). [in Kazakh]
17. Baibosynova U. Syr boiy akyn-zhyraular shygarmashylygyndagy islam takyryby [The theme of Islam in the work of poets and zhyrau throughout the Syr]. Abstract of the dissertation for the degree of cand | Idate of Philological Sciences. (Almaty, 2006, 23 p.). [in Kazakh]
18. Tuyakbaev G. Kanly Zhusip [Kanly Zhusip]. («Foliant», Astana, 2013, 272 p.). [in Kazakh]
19. Tulebayeva A.T., Aitimov M. K., Oralova G. S., Kamisheva G. A., Serdali B. K. Philosophical Worldview and Pedagogical Perspectives of the Poets-Zhyrau of the Aral Sea and Syr Darya Areas. Available at: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57205673196> (accessed: 20.04.2023).
20. Tulebaeva A., Aitimov M. Syr boiy akyn-zhyraulary poehziyasynyndagy dunietyanym [Worldview in the poetry of Syr Bayi poets], Abai atyndagy Kazakh Ulttyk pedagogikalik universitetinin Habarshysy. «Filologiya gylymdary» seriyasy [Bulletin of the Abai Kazakh National Pedagogical University. “Philological Sciences” series], 1 (71), 2020, 471-477 p.). [in Kazakh]

**У.Жанбершиева, Г.С.Оралова, А.Т.Төлебаева, Г.А.Камишева**  
*Қызылорда университетінің атындағы Қорқыт Ата, Қызылорда, Қазақстан*

### **Восточные традиции в баснях-стихах сказителей земли Сыра (Турмагамбет, Жусип, Омар)**

**Аннотация.** В статье рассматривается вопрос отражения восточных традиций в баснях таких сказителей земли Сыра, как Турмагамбет Изтлеуов, Шораяктын Омары, Кете Жусип, Канлы Жусип Кадирбергеноулы, Базар жырау и др. Дается научный анализ названных традиций в произведениях поэтов-сказителей Сыра: выявлены сходные сюжеты, повтор мотивов, преемственность; анализируется познавательная функция выразительных средств речи, используемых в баснях для привлечения внимания читателей. На примере басен, созданных на основе восточных сюжетов, делаются выводы о способах мышления сказителей, приводятся аргументы.

В статье раскрывается значение восточных традиций в творчестве сказителей земли Сыра. Дается оценка воспитательному значению басен Турмагамбета, Жусипа, Омара. На примере басен-стихов этих трех поэтов можно выявить художественные особенности литературного наследия сказителей земли Сыра. Анализируя восточный характер басен-стихов, приходим к выводу, что творчество поэтов-сказителей Сыра является составляющей частью национальной литературы.

На основе фундаментальных исследований казахских ученых делается попытка комплексного раскрытия восточных мотивов; выявляются мировые и национальные культурно-литературные связи и значение восточной традиции. Рассматривается вклад сказителей Сыра в развитие данного метода, дается научная характеристика их поэтического мировоззрения. С познавательной точки зрения анализируются восточная модель и поучительные мысли, нашедшие отражение в баснях.

В статье раскрываются особенности восточной традиции в баснях поэтов-сказителей земли Сыра, доказываются их национальная ценность.

**Ключевые слова:** сказители земли Сыра, восточный мотив, восточная традиция, духовное наследие, национальная ценность, поучительные мысли, восточное влияние, жанр басни.

**U.Zhanbershiyeva, G.S.Oralova, A.T.Tulebayeva, G.A.Kamisheva**  
*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

### **Eastern traditions in fables of storytellers of the land of Syr (Turmagambet, Zhusip, Omar)**

**Abstract.** The article deals with the issue of reflecting oriental traditions in the fables of such storytellers of the land of Syr as Turmagambet Iztleuov, Shorayaktyn Omary, Kete Zhusip, Kanly Zhusip Kadirbergenuly, Bazar Zhyrau and others. A scientific analysis of these traditions in the works of poets-storytellers Syr is given: similar plots are revealed, repetition of motives, continuity; the cognitive function of the expressive means of speech used in fables to attract the attention of readers is analyzed. On the example of fables created on the basis of oriental plots, conclusions are drawn about the ways of thinking of storytellers, arguments are given.

The article reveals the meaning of Eastern traditions in the work of storytellers of the land of Syr.

An assessment is made of the educational significance of the fables of Turmagambet, Zhusip and Omar. Using the example of the fables-verses of these three poets, it is possible to identify the artistic features of the literary heritage of the storytellers of the land of Syr. Analyzing the oriental nature of the fables and poems, we come to the conclusion that the work of the poets and storytellers of Syr is an integral part of the national literature.

Based on the fundamental research of Kazakh scientists, an attempt is made to comprehensively reveal oriental motives; world and national cultural and literary connections and the significance of the Eastern tradition are revealed. The contribution of Syr's storytellers to the development of this method is considered, a scientific description of their poetic worldview is given. From a cognitive point of view, the oriental model and instructive thoughts reflected in fables are analyzed.

The article reveals the features of the Eastern tradition in the fables of the poets-narrators of the land of Syr, and proves their national value.

**Keywords:** storytellers of the land of Syr, oriental motif, oriental tradition, spiritual heritage, national value, instructive thoughts, oriental influence, fable genre.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Жанбершиева Ұ.** – ф.ғ.к., профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

**Оралова Г.С.** – ф.ғ.к., қауым.профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

**Төлебаева А.Т.** – магистр, аға оқытушы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

**Камишева Г.А.** – п.ғ.к., қауым.профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

**Zhanbershiyeva U.** - Candidate of Philological Sciences, Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

**Oralova G.S.** - Candidate of Philological Sciences, Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

**Tulebayeva A.T.** – Master, Senior Teacher, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

**Kamisheva G.A.** - Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

**Б.С. Қорғанбеков***Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан**E-mail:bolat64@mail.ru*

## **Дулат Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесінің танымдық және көркемдік мәні**

**Аңдатпа.** Жазушы Дулат Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі сыншылар мен әдебиеттанушылардың назарына көп алынбады. Оның себептері де жоқ емес. Шығарма көлемі ықшам болғанымен, мұндағы характер деңгейіндегі кейіпкерлердің көптігі, біртұтас сюжеттік желінің жоқтығы, характер сомдаудағы образдық синтагматиканың күрделілігі, повестің жанрлық сипатының көпқабаттылығы сияқты күрмеуі қиын көркемдік қолданыстар әдеби талдауды кешеуілдеткен деуге негіз бар. Повесте бастан-аяқ әрекет ететін персонаждар ғана емес, эпизодтық кейіпкерлер де характерлік сипатқа ие болған. Жазушы олар арқылы соғыс кезіндегі қазақ ауылындағы тіршілік иелерінің заман ауыртталығын бірге көтеріскенін, соғыс зардабымен ғана емес, адами қасиеттерді сақтау үшін де күрескенін шебер аша алған. Негізгі тақырып осы кездегі балалар өміріне қатысты болғандықтан, мұнда уақытынан ерте есейген кейіпкерлер мінезі шығарма проблематикасын танытуда жетекші орында көрінеді. Бұл тұста образдық параллелизм мен образдық антитезаның көркемдік үлесі өте күшті болған. Балалар тақырыбы аналар бейнесін де талап ететіні бұл повесте айқынырақ танылады. Авторлық баяндау мен мінездеу, монолог пен диалог түрлері, кейіпкер әрекеті идеялық жүк арқалаған детальдарға толы. Шығарманың эмоциялық әсері өте күшті, лирикаға тән медитациялық бастауларға өте бай. Шығарма атауы әрі монтаждық фраза ретінде де көрініп, одан әрі лейтмотивке айналып кетеді. Мақалада жазушы тәжірибесінің шығармадағы ізі көрсетіліп, шығарманың тақырыбы мен идеясы, образдар жүйесі, тартыс сипаты, оның сюжетке қатысы, бейнелеу түрлерінің идеяға қызмет ету деңгейі, авторлық хронотоп пен көркемдік қатынас жайы талданады.

**Түйін сөздер:** Дулат Исабеков, соғыс тақырыбы, «бейшара адамдар», монтаждық фраза, әлеуметтік характер, лиризм, деталь.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-132-142>

**Кіріспе.** Классик жазушы Дулат Исабековтің жазушылық даңқын барынша асқақтатқан повестерінің ішінде «Біз соғысты көрген жоқпыздың» орны бөлек. Бұл – жазушының аталмыш жанрда әбден машықтанып, оның қыр-сырын терең меңгерген кезде жазған туындысы. «Гауһартас» 1967 жылы, «Сүйекші» 1972 жылы, «Дермене» мен «Тіршілік» повестері 1974 жылы жарияланса, бұл повесть бұлардан соң біршама үзілістен кейін, 1978 жылы шыққан болатын. Алайда жазушы шығармашылығын зерделеген зерттеушілер де, ой-пікір қозғаған сыншылар да көбіне «Біз соғысты көрген жоқпызды» назарларынан қағыс қалдырып келген. Олар «Сүйекші», «Тіршілік», «Дермене» повестерін көбірек талқылаған. Бұдан «Біз соғысты көрген жоқпыздың» көркемдігі мен әдеби мәні алдыңғы повестерден төменірек деген ой тумаса керек, бәлкім керісінше де болар. Біздіңше, зерттеуші-сыншылардың «Біз соғысты көрген жоқпызды» айналып өте беретіні – бұл повестің көлемі шағын болғанымен, дәстүрлі талдаудың «илеуіне» оңай көне бермейтін күрделілігінен. Повестің көркемдік әсері айрықша. Жазушы повестерінің

дәстүрлі желісіне айналған «бейшара адамдар» өмірін бейнелеуге мұнда да біршама орын берілгенімен, оны бірлі-екілі характер төңірегінде емес, көптеген тағдырлас кейіпкерлер шоғырында өрбітеді және оның бәрі тағдыр алдында тізе бүккен жандар емес, күрескерлік сипатымен танылатындары да бар. Шығарманың осындай оқшау белгілері жазушы шығармашылығындағы өрлеуді де айқындайды. Демек бұл повесті талдау шығарма құндылығы мен көркемдік жетістігін ғана емес, жазушы шеберлігінің шыңдалу деңгейін де танытатындығымен мәнді.

«Біз соғысты көрген жоқпыз» повесін жеке қарастырудың мәні бар. Бұл шығарманы жазушы шығармашылығындағы бір белес деп есептеуге болады. Оның тақырыптық ауқымдылығы, жазушы өмірбаянымен тығыз байланыстылығы, көркемдік түрлерінің алуандығы жалпы қазақ әдебиетінде сирек кездесетін құбылыс ретінде де танылады. Шығарманың танымдық, дүниетанымдық, тағылымдық, эстетикалық қасиеттерін ашудың зәрулігі бар.

**Зерттеу әдістері.** Мақалада антропологиялық, психологиялық, құрылымдық талдау әдістері қолданылды.

**Талдау мен нәтижелер.** Мақала жазушы Дулат Исабековтің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында жоспарланды. Талдауға негіз болған «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі жайында айтылған сыни және әдебиеттанушылық пікірлерге шолу жасалды. Шығармадағы әсер тудырушы көркемдік факторлар іріктелді. Талдау теориялық еңбектерге сүйене отырып жазылды.

«Біз соғысты көрген жоқпыз» повесінің жанрлық сипаты да, құрылымы да, сюжеттік желісі де, тартыс сипаты да өзгеше әрі тосын. Ол туралы арнайы зерттеулер жүргізілмесе де, аз-кем айтылған. Сыншы-ғалым Құлбек Ергөбек повестің жанрын публицистикалық-философиялық [1, 203] десе, филология ғылымдарының докторы, сыншы, әдебиеттанушы В.В. Бадиков оның автобиографиялық және нақыл-өсиеттік сипаты бар деп көрсетеді [2, 22]. Алайда бұл айтылған жанрлық түр мен берілген сипаттардың аясына повесть сия қоймайтындай. Өйткені мұндағы тұнып тұрған лиризм оны публицистикалық деген атауға мүлдем жолатпайтындай түйіледі және мұнда автобиографиялық нақтылықтан гөрі көркем ойдан шығарылған шарттылық пен көркем жинақтаудың молдығы айқын. В.В. Бадиков шығарманың тақырыбын «Соғыста жүргендер, сондай-ақ бейбіт өмірдегілер – балалар, әйелдер және қарттар тағдырындағы соғыс» деп көрсетеді [2, 23]. Повестің ең басты тақырыбы – соғыс кезіндегі қазақ ауылындағы балалар өмірі. Шығарма бірінші жақтан, Оңғардың атынан баяндалады.

Шығарманың көркемдік әлемі Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі (Ұлы Отан соғысы) қазақ ауылындағы балалар, әйелдер мен соғыстан мүгедек болып оралған ерлер, сол кездегі тұрмыс-тіршіліктің өзіндік ерекшеліктері, тылдағы өмірдің ауыртпалығынан хабар беретін жағдайлар мен заттық әлем, адамдар арасындағы қарым-қатынас, ірілі-ұсақты оқиғалар құрайды. Баяндаушы-кейіпкер Оңғардың мектепке барар сәтінен басталатын шығарма мектеп партасында тоғысқан сан-алуан тағдырларды, олардың әрбіріндегі қайталанбас қиыншылықтар мен тауқыметтерді, әр түрлі жастағылардың бір класта оқи беретінін, тіпті тұрмыс құратын жастағылардың да өздерінен әлдеқайда кішілермен парталас болатынын, кластан класқа оңай ауыса салатынын, мектептен тыс кездегі үлкендермен иық тіресе атқарған ауыр бейнетін, ауыл адамдарының соғыстың мән-жайы туралы хабарды зарыға күтуін, майданнан оралған әрбір жауынгердің отбасымен, ауылдастарымен қауышу сәтіндегі қуанышын, олардың ауыл тіршілігіне араласып кетуін, жас балалар арасында енді ғана қауыз жарып, ояна бастаған ынтызарлық сезімдерді, тіршілік тауқыметін, жетіспеушілікті, тіршілік кешкен жандардың өміріндегі, көңіл-күйлеріндегі, санасындағы даралықтан гөрі заман туғызған ұқсастықтардың молдығын т.б. заман келбетін танытатын деректерді кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас, кейіпкер әрекеті, диалог, монолог, ішкі монолог, авторлық түсіндірулер арқылы жеткізеді.

Жазушы Жақсылық Түменбаев: «Аталған повестердің ішіндегі оқшау бір туынды – «Біз соғысты көрген жоқпыз». Мұнда өзге повестердегідей орталық яки басты кейіпкерлер

жоқ десе де болғандай. Орталық кейіпкер – бүкіл бір ауыл, сонан соң уақыт, соғыс» [3, 7], – деген ой айтыпты. Бұл айтылғанмен келісуге болатын жақтары да бар. Өйткені повестегі кейіпкерлер саны көп емес, эпизодтық кейіпкерлер мен шығарманың басынан аяғына дейін әрекет ететін кейіпкерлердің айырмашылықтары да бірден аңғарыла қоймайтыны шындық. Дегенмен, үңіле қарағанда, санаулы кейіпкерлердің бәрі дерлік характер дәрежесіне жеткен деп тұжырымдауға болады. Оңғармен үнемі қарым-қатынаста көрінетін Құлман мен Гүлжамал ғана емес, шығармада сирек көрінсе де өзіндік мінезімен, тағдырмен айқын танылған Оңғардың әпкесі Еркінай мен Құлманның қарындасы Зеркүл де характерлік сипаттарға ие болған. Соғыстан мүтедек болып оралған Сейду мұғалім, Гүлжамалдың анасы Орынша, аяқ-қолынан айырылып, жалғыз қолмен ғана келген әкесі Бәрібай, Құрман мен Зеркүлдің өгей шешесі Панзайдың бәрі де дара мінездерімен оқшауланады. Тіпті шығарманың белгілі бір эпизодында ғана, жекелеген әрекетімен көрінген Мәден сияқты жасөспірімнің де өзіндік бет-бейнесі оқырманның жадында ұзақ уақыт қалып қояды. Майданнан келген жауынгерлерге сүйінші сұрап, елеусіз тұста көрінетін бақташы бала мен Оңғардың класстасы Жапсарбаевтың қарындасын да жазушы сол күйі ескерусіз қалдырмайды. Бақташы бала кейіннен Құлманның түсіне енсе, Жапсарбаевтың қарындасының ағасының орнына сабаққа келіп, ешкім күпеген жағдайда оқу озаты болып кеткені айтылады. Оларды да шығарманың идеялық жүгін белгілі бір дәрежеде «көтеріскен» кейіпкерлер деп айта аламыз.

«Біз соғысты көрген жоқпыз» повесінде жазушы тылдағы өмірдің ауыртпалығын ғана емес, ауыл адамдарының аз-кем болса да жылт ететін қуаныштан, адамға тән қажеттіліктердің бәрінен, әр қилы жақсылықтардан үміт үзбейтіндігін әрдайым еске салып отырады. Ең бастысы, рухани тазалық үстем болған қоғамда қиындықтың адамдарды аздыра алмайтынын, керісінше, намыс, сүйіспеншілік, ізгілік, достық, ерлік, ынтымақ, әділет, Отанды, Елді сүю сияқты ізгі қасиеттер мен дағдыларды шыңдай түсетінін жарқырата көрсеткен. Жазушының осы идеясы әлеуметтік және ұлттық сипатымен айқындалатын характерлер арқылы жеріне жеткізілген.

Ұлттық және әлеуметтік характер дегенде, жазушы мұндай образды сомдауды басты мақсат етіп қойған дей алмаймыз. Алайда, тақырып етіп алынған жағдай, уақыт пен кеңістік характерлерді әлеуметтік және ұлттық ерекшеліктерімен сомдалуға мәжбүрлеген. Бұны реализмнің жетістігі деп қарауға болады. Әр кейіпкердің өзіндік дара бітімі, түр-тұлғасы, өзгеге ұқсамас мінез-құлқы бар. Бұның барлығы жазушының образдарды қатар және қарама-қарсы қойып салыстыруы арқылы айқындалып отырады. Құлман – өзге қатарластарына, әсіресе, Оңғарға қарағанда, әлдеқайда байсалды, өмірдің әрбір құбылысын ересектерше байыптай алатын, шындыққа тікке қарауды үйренген, жалғандыққа жаны қас, ең бастысы, өте намысты жеткіншек. Құлманның айрықша айтатын ерекшелігі – оның ерте есейгендігі. Әдетте, әлеуметтік характердің жазушы даралап көрсететін қасиетінен шығарманың проблематикасы да танылады [4, 94]. Жас балалардың өз жасынан ерте есеюі – соғыс әкелген зұлматтардың, қиындықтардың жемісі. Соғыс кезіндегі балалардың бәріне дерлік ортақ қасірет – балалықтан айырылу болса, шығармадағы ерте есейген кейіпкерлер – балалықтан саналы түрде бас тартқандар. Құлманмен салыстырғанда, Оңғар – өз-өзіне қатал сынмен қарауды меңгере қоймаған, балалықтан арылып бітпеген жан. Оның Құлманға деген қатынасынан досқа деген адалдық, жанашырлық сезілсе, Гүлжамалмен арасындағы байланыстан оған деген балалық пәк сезімнің бір ұштығы жылт етеді. Қатар қойып салыстырудың нәтижесіне үңілсек, Гүлжамал – Құлман мен Оңғардың арасындағы аралық тұлға. Басында аңғал, сенгіш, көңілі кіршіксіз көрінген Гүлжамал жынданып кеткен анасын ауруханаға алып кеткен күні-ақ Оңғар сияқты ересекке тән қимыл-әрекетпен, сөйлеу мәнерімен көрінеді. Жас баланы санаулы сағаттарда адам танымастай өзгертіп жіберетін нәрсенің тағдыр тәлкегімен арпалысқан жігер күші екені Оңғар мен Гүлжамалдың бейнесінен нақты көрініс табады.

Қарама-қарсы қойып салыстырудың нәтижесі ретінде Нұралы бейнесі туған. Балалықтан мүлдем арылмаған жалғыз бала сол ғана. Ол да жағдаймен тығыз байланыста

алынған. Оның әкесі, ағалары майданнан дін аман, мүгедек болмай оралған. Осы жағдайға байланысты, Нұралы ғана емес, оның отбасы да ауыл тұрғындарынан көзге шыққан сүйелдей оқшауланады. Ақыр соңында бұл отбасы басқа жаққа көшіп тынады. Ауылдан кеткім келмейді деп мұғалімге, класстастарына шағына жылаған Нұралыға бұрын қызығып та, қызғанып та қараған басқа балалардың бір сәтте оған деген адам айтқысыз аянышы оянады. «Әкесі мен үш ағасы бірдей соғыстан аман келген балаға әкесіз баланың жаны ашитын тұсы боларын алғаш аңғардық» [3,430-431], – дейді баяндаушы-кейіпкер.

Шығармадағы аналар бейнесі ұқсас шыққан. Барлығы да өзінің жарын сарыла күткен, тынымсыз ауыр еңбектен белі қайыспай, бүлдіршіндерін асырап, тәрбиелей білген аналардың көңіліндегі алаң да, қуаныш та, қайғы да бір-біріне өте жақын. Шығармада ең ұнамсыз бейнеде көрінетін Панзайдың өзінің кінәлары мен күнәсін ақтап алатындай себептері барын оқырман шығарма соңында бір-ақ біледі. Оқырман мен кейіпкерлердің ұнатуы мен жек көруі үнемі үйлесе бермейтіндігі де шығарманың басты ерекшелігі болып табылады. Нұралының әке-ағаларының түгелдей аман оралуын шығармада бүкіл ауыл дұрыс қабылдай алмаса, оқырманның оған деген қатынасы мүлдем басқа. Олар оқырманға аяушылық, жылылық сезімін оятқаннан басқа, жағымсыз әсер бермейді. Бұл қатарда Панзайды да айта кетуге болады. Оның жұмбақ болып келген барлық әрекетінің сыры шығарма соңына қарай ашылған кезде, оқырманның оған деген де кешірімі мен ықыласы оянады. Өгей балаларының әкесінен, яғни кейінгі күйеуінен қара қағаз алса да, балалардың жетілуін күтіп, оны айтпай жасырған. Құлманның ашу-ызасын туғызған, Зеркүлді шырылдатып суық бөлмеге қамап қоюға себеп болған, Құлман жоқта жасырын үйге келетін жұмбақ арбаның иесі оның бұрынғы күйеуі екен. Құлманмен екеуінің арасында болған қақтығыстан кейін бар сыр ашылған соң ғана, Панзай бұрынғы күйеуіне кетеді. Өйткені одан басқа жол қалмаған еді.

Тіпті повестегі жануарлар бейнесінің де уақыт тынысын танытарлық өзіндік орны бар. Мұндағы сары сиыр мен көк есектің бейнесі кейіпкерлер характерін ашуға және дәуір тынысын айқындауға зор септігі тиген. Қасқырлардан қорғанып арпалысып жүргенде өлі туылған бұзауының терісіне сабан тығылған тұлыпқа иіп, шелек-шелек сүт беріп тұрған сары сиырдың бейнесі қатыгездік пен мейірім қатар жүрген дәуір сипатының заттық бейнесіндей болып көрінді. Етігі жыртқық, қар кешуге жарамайтын Құлманды мінгестіріп алып сабаққа барып қайтатын Оңғардың көк есегінің де аштықтан қиналып, ілініп әзер жүруі соғыс тұсындағы қазақ ауылындағы қиындықтың жаңа беттерін ашқандай болып көрінеді.

Характерлерді сомдауда бейнелеу компоненттерінен айрықша қолданылатыны авторлық баяндау, авторлық мінездеу, монолог, диалог, және ішкі монолог, сондай-ақ кейіпкер әрекеті. Автор кейіпкер сомдаудың кіші бөліктерін де барынша ұтымды пайдаланып, оқырманға таныс-бейтаныс шындықты жайып салған. Оқырман әрбір эпизодты өз басынан өткізгендей сезінеді. Жазушы кейіпкердің әр сөзін, әр қимылын, бейнеленіп отырған шындықты жан-жақты ашатындай етіп береді. Шығарманың әр бетін оқығанда, оқырман бей-жай қалмайды, айрықша сезімге, әсерге бөленіп отырады. Шығарманың ең басты құндылығы да осында. Кеңес дәуірі тұсында жазылғанымен, повесте социалистік идеологияның ізі мүлдем байқалмайды. Ол кездегі саясаттың ең басты ұстындары таптық көзқарасты, атеизмді, интернационализмді насихаттау мен дәріптеу, космополитизмді, буржуазияны қаралау, терістеу сияқты науқандық қоспалар жоқ. Керісінше, мұнда кеңестік саясаттың жасандылығын, ұлттық танымға қонымсыздығын әшкере қылатын емеуріндік иірімдер бар. Әрине мұны автор мақсатты түрде жасаған деуге болмас, бірақ шынайылықтың өзі соған алып барған. Мәселен, Сейду мұғалім балалардың сабаққа қатысуын түгелдегенде, бірнеше оқушы жоқ болып шығады. Бірінің әкесінен қара қағаз келген, бірі қырға шаруамен кеткен екен, енді бірі сүндетке отырғызылған:

«– Боқаев.

– Сүндетке отырғызылған.

– Онысы несі? – Сейду наразылық білдірген болды. Балаларға көз қылып шошынғаны, айтпесе ұлдарының бәрі сүндет көрген.

– Жапсарбаев.

– Ол да несі? О да...нетілген бе?

– Иә.

– Бұларға не болған? Осындай ел аласапыран боп жатқан кезде... – ол ашу шақырды» [5, 399].

Осы эпизодта оқырманның ғана өзі аңғарып, біліп, танып алатын қаншама шындық жатыр. Бұлар – үстемдік құрған кеңестік идеологияның қарапайым қазақтың санасына әлі де сіңе қоймағанынан хабар беретін суреттер.

Автордың әрбір бейнелеу компоненті детальға өте бай. Детальді біз бейнелеудің идеялық жүк арқалаған ең кіші бөлігі деп есептейтін болсақ [6, 31], повестегі детальдар авторлық баяндаудан да, сыртқы әлем бейнесінен де, кейіпкер әрекетінен де, монолог, диалогтан да жиі орын алып отырады. Жазушының өзі берген бір сұхбатында шығарманың құнын түсіретін нәрсе көп сөзділік екенін айтқан болатын. «Бір ғана дастарқанның басын бес бетке дейін суреттеу әлі жалғасып келеді. Осының бәрін сылып тастап, мәселені төтесінен бастайтын уақыт жетті. Айтматов неге танымал? Өйткені оның шығармаларында ұзын-сонар баяндау жоқ, нақтылық бар. Идеялардың бәрін образ арқылы береді» [7], – дейді ол. Шынында да, жазушы әрбір кіші бейненің семиотикалық ауқымдылығын, яғни өмір шындығынан барынша көп ақпарат беруін көздей отырған. Шағын диалогтың өзінен, жазушы үнсіз қалған арғы-бергі тарихты оқырман өзі аңғарып алады. Мәселен, Құлман мен қарындасының диалогін алайық:

«Біз шығуға ыңғайландық. Құлман табалдырықтан аттай берді де, кері қайтып қарындасының бетінен сүйді.

– Ана сандықта жүгері бар, соны қуырып же, жарай ма?

Ол үндемеді.

– Жарай ма деймін?

– Апам ұрысатын шығар.

– Ұрыспайды. Ұрысса маған айт!

– Мақұл! Жүгері қуырсам, саған апарып берейін бе?

– Керегі жоқ. Тоңасың» [5, 398].

Осы жерде ағалы-қарындастың бір-біріне деген қамқорлығы, махаббаты айрықша көрініс табуымен бірге Зеркүлдің әлденеден қорқатындығы, Құлманның ол нәрсеге деген қарсылығы және анасының бұл екеуіне қандай да бір жаттығы, оның Құлманнан аздап ығатындығы сезіліп тұрады. Оқырманға жұмбақ күйінде қалған осы шындық шығарма барысында біртіндеп ашылады. Бұның барлығы оқырман ынтасын арттырудың айрықша көркем тәсілдері.

Бір қарағанда, сендіре қоймайтындай болып көрінетін Орыншаның жынданып кету себебі де жазушы «үнсіздігімен» жеткізіледі. Соғыстан сыңар қолмен ғана келген Бәрібайдың өзін сарыла күткен жұбайына жар қызығын сыйлай алмағаны, қуаныш орнына қайғысына ауыртпалық қосқаны, соны көтере алмастан, түтек боранды боранды пайдаланып, өз өмірін қиғаны, жан тапсырар алдында ағыл-тегіл жылағаны жайында автор-баяндаушы ләм демейді. Бірақ Бәрібайдың қатып қалған мәйітін, сол кездегі Орыншаның әрекетін суреттеген шағын бейнеден сол айтылмаған тарихтың бәрін оқырман ойша қисындап алады. Мұндай шығармашылық үдерісті Аристотель «тану» деп атап, оның көркемдік маңызын да көрсеткен болатын [8, 91-93].

Повестегі авторлық баяндауларда да лирикаға тән медитациялық бастаулар мол. Медитация – нақты бір жағдайға бар болмыспен еніп, шығармашылық қуатты сарқа жұмсау нәтижесінде, сол жағдайдағы сезіммен астаса ойлану болса [9, 173], шығармадағы авторлық баяндауларда сонау өткен шақтағы, бала күнгі бұла мінез бен сезімді дәл жеткізе білудің мысалдары өте көп.



Авторлық хронотоп екі түрде көрінеді. Көбінесе бала шақтағы ой мен сезім қаз-қалпында беріліп отырса, енді бір тұстарда өткенін еске алушы ретінде, бейнеленіп отырған шындықтан уақыттық-кеңістік алшақтығы бар ересек авторды да кездестіріп отырамыз. Мұндай қарама-қарсылық шығарманың эмоциялық қуатын әрлендіре түседі. Автор көп жағдайда балаша ойлап, балаша бағалау жасайды. «Бірде біздің үйдің ортақ етігі секілді жас шамамыз әр түрлі» [5, 399], – десе, енді бірде: «Бір кластың ары-берісі жоқ және айналып келгенде бір үйге баратын білім» [5, 404], – дейді ол ағасының орнына оқуға келіп жүрген Жапсарбаевтың қарындасы жайлы ой толғағанда. Автордың кейіпкерлерден оқшауланып, одан уақыттық тұрғыдан алшақтап, өткенді еске алушы сипатында көрінетін кездерінде оқырманмен сырласып отырған бейне көз алдымызға келеді. Сейдудің соғыстан келгендегі жұрттың ерекше қуанып жасаған тойына қатысты ойлардың көбінде осы сипаттар көрінеді. «Балалық шағы жаралы бір топ бала есік жақта үнсіз отырамыз. Бізге ешкім көңіл бөлмейді, көңіл бөлмеді деп намыстанбаймыз, жасымаймыз. Солай болуы керек. Біз баламыз. Бізді ешкім елемейі керек» [5, 403], – дегенде автор сырттан қараушы, өтіп кеткенді еске алушы бейнеде қабылданады.

Лиризм мен эмоциялық бояуға қанықтықпен қатар, кейіпкер арасындағы қатынастан психологизм де анық көрінеді. Оңғардың Гүлжамалмен аз ғана сөйлесуінен соң, бәрін бақылап тұрған Құлман оған сен Гүлжамалды жақсы көресің дейді. Өзгелерден барынша жасырып жүрген өзінің ішкі сырын Құлманның біліп қойғанына ызаланған Оңғар оның айтқанын мойындамай, біраз дауласады. Ерегіс қыза келіп, ақыры Құлманды есегінен түсіріп кетеді. Сол сәттегі ширыққан қарым-қатынасты жазушы былайша шағын суретпен беріп өтеді:

« – Түс есектен, дедім.

Ол дәм деместен түсті де, қала берді. «Түс» деген кезде қарнының аштығын, жолсызбен жүруге болмайтынын, жыртық етігің, онсызда дірілдеп, қолтығының астында да жылу қалмағанын ойлап, «кешір, Оңғар» дейтін шығар деп ойлап ем, «түс» деп айтуым сол екен, аузымды жиып болғанша сыпырылып қала берді. Қайтадан мін деп айтуға кеш қалды. Кім біледі, қайтып мінгізсем ол мені жеңілдіге санауы мүмкін» [5, 407].

Құлманның Оңғардың көк есегінен бір ауыз сөзге келмей түсіп қалуының себептерін де оқырман өзі ойша тауып алады. Ойша табылатын бірнеше себеп бар. Ең алдымен, ол – Құлманның тағдырға деген ішкі қарсылығы: ол ешкімге міндет артпайтындығын, тағдыры өзіне ғана тиесілі екендігін сезіндірудің нышаны болатын. Сондай-ақ Гүлжамалды Оңғар сияқты өзінің де жақсы көретіндігі. Оңғардың Гүлжамалмен еркін сөйлесуі қыз алдындағы артықшылығына (киімінің бүтіндігі, астында көк есек сияқты көлігінің болуы) байланысты екенін біле тұра, оларсыз да күн кеше алатынын дәлелдегісі келгендей. Қайтсе де Құлманның көліктен оп-оңай түсіп, қайтадан жалынса да мінбей қоюы әлденеге деген іштей қатқан кек пен ызаның барлығынан хабар береді.

Повесте біртұтас сюжет жоқ. Мұнда бейнеленген оқиғалардың хронологиялық реті әрдайым айқын емес. Дегенмен де, уақыттың үнемі алға жылжығаны, соғыстың ауыртпалық артқан күндерінен жеңіске қарай жақындағаны, сол аралықтағы уақыт тынысы айқын аңғарылады. Шығармадағы сюжеттік тұтастық, оның кезеңдері: басталуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі, аяқталуы үздіксіз жалғастық тауып отырмағандықтан да, бұл жөнінде талдау жасаудың қиындығы туады. Зерттеуші-сыншылардың повесті көп тілге тиек ете бермейтінінің де бір себебі осында шығар. Сюжет кезеңдерін жіктеп-жіліктеп көрсету қиын болғанымен, Панзай мен Құлманның арасындағы ерегіс шығарманың шарықтау шегінде болып түйілетіні рас. Алайда мұнда қатар өрілген бірнеше оқиға бар. Олардың бәрі өзінің кезеңдік бөліктерін сақтай қоймаған. Сюжеттің негізгі қозғаушы күші тартыс десек, ол да повесте айқын күйде көрінбейді. Дегенмен мұнда тартыс жоқ деген ой тұмауы керек. Повестегі ерекшелік, мұндағы тартыс кейіпкерлер арасында емес, кейіпкерлер мен тағдыр арасында жүріп отырады. Әрбір кейіпкердің жан толқытар әрекет-мінездерінің барлығы тағдыр мен адам арасында тартыстың нәтижесінде жүзеге асқан. Тартыстың кейіпкерлер арасында ғана болмайтыны, оның сан алуан түрлері болатыны аян [10, 17].

Шығарманың композициялық құрылымы өзгеше. Сыртқы композицияның да рөлі өте зор. Жазушы шығарманың жиырмаға тарта бөлігін жұлдызшалар арқылы бөліп берген. Бұл – сюжет құраушы эпизодтардың дербестігін танытатын белгі. Шығарманың атауының да поэтикалық жүгі үлкен. В.В. Бадиков бұл атауда полемикалық сипат бар екенін атап өтеді [2, 22]. «Оның (Д. Исабеков – Б.Қ.) повесі ілікпе сөз (реплика – Б.Қ.), ұрпақтар, әкелер мен балалардың таласы мен дәйегі сияқты көрінеді. Шығарма атауы лейтмотивке айналады және онымен «Біз соғысты көрген жоқпыз ... біз оны білген жоқпыз» деген қарсылықты келісім түріндегі көркемдік дәлел бірге жүріп отырады», – дейді. Шынында да, шығарма атауы екінші компоненті көрінбей тұрған қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем түрінде қабылданады. «Біз соғысты көрген жоқпыз, бірақ...» деген қарсылықты шылаудан басталатын екінші компонент көп вариантты болып кете беруі мүмкін. Міне, сол екінші компоненттің кең тарқатылған түрі ретінде повесть оқырман алдына жайылып салынады. Түпкі ойды айқындауымен және лейтмотивке айналып кетуімен повесть атауының атқарып тұрған көркемдік жүгі барынша салмақты. Сонымен қатар, бұл атаудың мәтін ішіндегі көркемдік қызметі де елеулі. Ол әрі монтаждық фраза ретінде де әрекетке түскен. Монтаждық фразаның қажеттілігі монтаждық композиция орын алған жерде туындайды. Повестегі бір-бірімен себеп-салдарлық байланысы жоқ оқиғалардың кезегімен бейнеленуі – монтаждық композицияның ең басты ерекшелігі [11, 331]. Бұл композицияның ұтымдылығы – бейнелеп отырған шындықты барынша ауқымды түрде қамти алуында. Көптеген оқиғалардың өзге бөліктермен себеп-салдарлық байланыссыздығы, дербестігі соғыс кезіндегі ауыл өмірінің шындығын әр қиырдан танытуға, ұғындыруға, сезіндіруге таңдап алынғаны анық. Міне, осы себеп-салдарлық байланыстың жоқтығынан оқырман ойы шашырап кетпеуі үшін әңгіменін не жайында екенін еске түсіріп отыратын «Біз соғысты көрген жоқпыз» деген сөйлем елеулі көркемдік міндет атқарып тұр. Айрықша композициялық құрылымның нәтижесінде жазушы шағын повесте көлемді романдарға тән эпопеялық шындықты жеткізе алған. «The composition, the plot of confrontation, the richness of events, the beauty of the language and other scientific terms as conditions serving one purpose are written a good thing. In this regard, the author is carefully neat. Each event has a beginning and an end. In the novel there are no forgotten, or superfluous event and movement. This reflects the ability, accuracy of the writer» [12, 1279] деген пікір повестің ең басты жетістігі ретінде саналмақ.

Аз сөзбен көп ақпарат беру, шығармаға өзек болған өмір шындығын барынша мол қамту және шығарманы бастан-аяқ эмоциялық бояудан бір сәтке арылтпау хас шебердердің ғана қолынан келетін жетістік деуімізге болады. Ғасырлар бойы феодалдық, рулық-патриархалдық жүйеде өмір сүріп келген, қауымның қадірін жетік білетін, жеке бастан ел мүддесін жоғары қоятын қазақ халқының жандарына жалау еткен көпшілдік, отаншылдық сезімін Ұлы Отан соғысы ауыртпалығының одан әрі бекемдеп, нығайта түскенін көрсеткен санаулы туындылардың бірі – «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі. Ол – қаралы, азалы күндерге сөзбен қойылған ескерткіш.

Қауымдасып өмір сүруді көрмеген, соғысты көрсе де, тыл майданының қиыншылығын сезінбеген халықтарға да шығарманың эмоциялық әсері күшті болғаны оның өлмейтін өміршеңдігінен хабар береді. Автор өзінің сұхбатында: «Кітаптың тұсаукесері кезінде аудармашы «Біз соғысты көрген жоқпыз» деген кітаптан аударма оқыған кезде, көзінің жасын тыя алмай тұрды» [5], – дейді. Демек повесть сыйлайтын эмоциялық нәр – таныс өмір шындығының ғана ықпалы емес, шығарманың таза көркемдік әлеуетінің де жемісі.

Идеологиялық тапсырыстың қатаң міндеттелген заманында туғанына қарамастан, саяси ықпалдан ада, қайсы дәуірде оқылса да қоспасыз шындық ретінде қабылданатын, оқырманның жан-дүниесінде ең нәзік иірімдерді үздіксіз ойнатып, сезімдік әсерден бір сәт ажыратпайтын бұл шығарманы өлмес, ескірмес дүние деп бағалау керек.

Дулат Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі – жазушының бұл жанрдағы жинаған елеулі тәжірибесінің негізінде жазылған күрделі көркемдік түрлерге құралған туындысы. Шығарманың жанрлық ерекшелігін зерттеушілер публицистикалық-

философиялық, автобиографиялық, дидактикалық деп көрсеткенімен оның бұдан да өзге ерекшеліктері бары аңғарылып тұрады. Мұнда лиризмнің алдыңғы орынға шығуы оның жанрлық сипатын күрделендіре түседі. Шығарманың басты тақырыбы – Отан соғысы кезіндегі қазақ ауылындағы балалар өмірі.

Шығармадағы кейіпкерлердің барлығы дерлік характер деңгейіне жеткен деуге болады. Ондағы басты проблематика – соғыс кезіндегі балалардың балалық шаққа тән бар қызықты құрбан етуі. Ол проблема өз уақытынан ерте есейген кейіпкерлер арқылы айқынырақ танылады. Шығармадағы кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас пен тартыс түрлері характерлердің айқынырақ көрінуіне үлкен септігі тиген. Эпизодтық кейіпкерлер мен жан-жануарлар бейнесінің де идеялық жүк көтерген көркемдік қызметі зор. Шығарманың ең басты көркемдік құнын арттыратын эстетикалық қуат – ондағы лиризм. Балаларға деген жанашырлық, аналарға, сәбилерге деген мейірім өмірдің өзінен, яғни көркемдіктен тыс шындықтан туатын көңіл күй болғандықтан, мұндағы мәнерлеу жазушылық шеберлікке емес, материалдың өзіне қатысты болып көрінетіні рас. Тап осындай жағдайға байланысты ой айтқан әдебиеттанушы В. Гусев «шеберлік туралы басын қатырмаған» жазушының материалды іріктеп алуының өзін лиризмді тудырушы басты фактор есебінде көрсетеді [13, 236].

Повестің сюжеті мен композициясы да өзгеше. Мұнда біртұтас желіге құрылған сюжет жоқ. Себеп-салдарлық байланысы жоқ немесе мүлдем аз дербес оқиғалар монтаждық тәсілмен беріледі. Бұл тәсіл бейнеленіп отырған өмір шындығын жан-жақты әрі ауқымды қамтуға қызмет еткен. Шығарма атауының поэтикасы да өзгеше. Ол әрі монтаждық фраза ретінде көрініп, соңынан литмотивке айналып кетеді. «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі – Отан соғысы кезіндегі қазақ ауылындағы балалар өмірінің айнасы.

**Қорытынды.** Д.Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі жазушы шығармашылығының осы жанрдағы елеулі жетістігін танытады. Мұны ең бірінші кезекте шығарманың дара сипаттарынан көреміз. Шығармадағы кейіпкерлер орталық және қосалқы болып бөліне бермейді. Олардың дені характер дәрежесіне жеткен. Кейіпкерлер характері қатар және қарама-қарсы қойып салыстырудың нәтижесінде жан-жақты ашылады. Бұл екінші жағынан композициялық тәсіл ретінде де ұтымды болып шыққан. Жазушы повестерінің көбіне ортақ «бейшара адамдар» бейнесінің де бұл жердегі сипаты басқашалау. Олардың кейбірі күрескерлігімен дараланады. Тақырыптың балалар өміріне құрылғаны, баяндаудың кейіпкер атынан жүргізілетіні де повестің басты өзгешеліктерінің қатарынан орын алады. Басты орындағы тартыс сипаты да тың. Адам мен тағдыр арасындағы тартыс сюжеттің қозғаушы күші ретіндегі орны айрықша көрінбегенімен, эмоциялық әсер туғызуда шешуші рөл атқарады. Характерлердің әрі ұлттық, әрі әлеуметтік сипаты қатар көрінеді. Өз уақытынан ерте есейген балалар бейнесі (Оңғар, Гүлжамал) заман шындығының өң өзекті мәселесін айқындауымен құнды. Желісі үзілмейтін лиризм де шығарманың мәнерлеушілік қасиетін барынша күшейткен. «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі – автордың ғана емес, қазақ әдебиетінің елеулі жетістіктерінің бірі.

## Әдебиеттер тізімі

1. Ергөбеков Қ. Баянғұмыр: (Сын мақалалар). – Алматы: Жазушы, 1991. – 232 б.
2. Бадиков В.В. Прикосновение брата (Художественный мир Дулата Исабекова) // Исабеков Д. Жеті томдық шығармалар жинағы. I том. Роман, повесть. – Алматы: Альманах, 2018. – 390 б.
3. Түменбаев Ж. Беташар сөз // Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. I том. Повестер. Алматы: Жазушы, 1993. - 3-10 б.
4. Введение в литературоведение: учеб. для филол. спец. ун-тов. / Под ред. Г.Н.Поспелова. – Москва: Высшая школа, 1988. – 258 с.
5. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. I том. Повестер. Алматы: Жазушы, 1993. – 515 б.

6. Сатылханова Г.А. Қазақ новеллаларындағы детальдың көркемдік қызметі. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: 2019. – 169 б.
7. Аханбайқызы А. «Гауһартас» қаралағаннан құлап қалмайды // Егемен Қазақстан. –2019. –№80. – 10 б.
8. Аристотель. Об искусстве поэзии. – М.: «Государственное издательство художественной литературы», 1957. – 181 с.
9. Говинда А. Творческая медитация и многомерное сознание. Пер.с англ. – М.: «Беловодье», 2006. – 320 с.
10. Смағұлова Н.Қ. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. - Алматы: 2006. – 28 б.
11. Эйзенштейн С. Избранные произведения в шести томах. Т. 2. – М.: Искусство: 1964. – 568 с.
12. Satylkhanova, G., Tanzharykova, A., Khudaibergenov, N., Tokshylykova, G., Taimanova, S. Artistic function of detail in Kazakh prose // OPCION Especial, No. 15/2018. P. 1265-1294. - URL: 85059319002&partnerID=40&md5=2ac9f53cc0003c3832dba0467f2d765a (Accessed: 5.01.2023).
13. Гусев В. В предчувствии нового. О некоторых чертах литературы шестидесятых годов. – М.: Советский писатель, 1974. – 328 с.

## References

1. Ergobekov K. Bayangumyr: (Syn makalalar) [Bayangumyr: (critical articles)] (Zhazushy, Almaty, 1991, 232 p.).
2. Badikov V.V. Prikosnovenie brata (Hudozhestvennyj mir Dulata Isabekova) [The Touch of a Brother (The Artistic World of Dulat Isabekov)], Isabekov D. Zheti tomdik shigarmalar zhiynag. I tom. Roman, povest [Collection of works in seven volumes. Volume I. Novel, short story] (Almanah, Almaty, 2018, 390 p.).
3. Tumenbayev Zh. Betashar soz [Betashar word], Isabekov D. Eki tomdyk tandamaly shygarmalar. I tom. Povester [Selected works in two volumes. Volume I. Stories] (Zhazushy, Almaty, 1993, 3-10 p.).
4. Vvedenie v literaturovedenie: ucheb. dlya filol. spec. un-tov [Introduction to literary science: book for philological specialties of universities]. Ed.: G.N.Pospelov («Vysshaya shkola», Moscow, 1988, 258 p.).
5. Isabekov D. Eki tomdik tandamaly shygarmalar. I tom. Povester [Selected works in two volumes. Volume I. Stories] (Zhazushy, Almaty, 1993, 515 p.).
6. Satylhanova G.A. Kazak novelalaryndagy detaldyn korkemdik kyzmeti [Artistic activity of detail in Kazakh novellas]. Dissertation prepared for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) (Almaty, 2019, 169 p.).
7. Ahanbaikyzy A. «Gauhartas» karalagannan kulap kalmaydy [«Diamond» does not fall out of black], Egemen Kazakstan [Egemen Kazakstan], 80, 10 (2019).
8. Aristotel' Ob iskusstve poezii [About the art of poetry] (State Publishing House of Fiction, Moscow, 1957, 181 p.).
9. Govinda A. Tvorcheskaya meditaciya i mnogomernoe soznanie [Creative meditation and multidimensional consciousness]. Transl. from English (Belovod'e, Moscow, 2006, 320 p.).
10. Smagulova N.K. Kazirgi kazak angimelerindegi tartys tabigaty [The nature of conflict in modern Kazakh stories]. Abstract of the dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences (Almaty, 2006, 28 p.).
11. Eizenshtein S. Izbrannye proizvedeniya v shesti tomah [Selected works in six volumes ] Vol.2. («Iskusstvo», Moscow, 1964, 568 p.).
12. Satylkhanova, G., Tanzharykova, A., Khudaibergenov, N., Tokshylykova, G., Taimanova, S. Artistic function of detail in Kazakh prose, OPCION Especial, no. 15/2018. P. 1265-1294. Available at: 85059319002&partnerID=40&md5=2ac9f53cc0003c3832dba0467f2d765a (Accessed: 5.01.2023).
13. Gusev V. V predchuvstvii novogo. O nekotoryh chertah literatury shestidesyatyh godov [In anticipation of the new. About some features of the literature of the 60th] («Sovetskij pisateli», Moscow, 1974, 328 p.).

**Б.С. Корганбеков**

*Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан*

**Познавательное и художественное значение повести Дулата Исабекова  
«Мы не видели войны»**

**Аннотация.** Повесть писателя Дулата Исабекова «Мы не видели войны» не получила особого внимания критиков и литературоведов. На это есть ряд причин. Несмотря на компактный размер произведения, есть основания говорить о сложных художественных приложениях, таких, как большое количество персонажей на уровне характера, отсутствие единой сюжетной линии, сложность синтагматики в изображении персонажей и многослойный характер жанра, которые помешали литературному анализу. Характерными чертами обладают не только главные герои рассказа, но и эпизодические персонажи. Через них писатель мастерски показал, как жители казахского аула во время войны вместе переносили тяготы того времени и боролись не только с последствиями войны, но и за сохранение человеческих ценностей. Поскольку основная тема связана с жизнью детей того времени, характер героев, повзрослевших раньше своих сверстников, живших в мирное время, берет на себя ведущую роль в проблематике произведения. В изображении этих моментов был очень силен художественный вклад параллелизма и антитезы образов. Авторское повествование и психологизм, типы монологов и диалогов, а также действия персонажей насыщены деталями, несущими идейную нагрузку. Эмоциональное воздействие произведения очень сильно, оно богато лирическими интонациями и медитативным началом. Заглавие повести также выступает в качестве монтажной фразы и впоследствии становится лейтмотивом. В статье раскрывается след писательского опыта в произведении, анализируются тема и идея произведения, система образов, природа конфликта, его связь с сюжетом, роль компонентов изображения в изложении идеи, авторский хронотоп и художественная коммуникация.

**Ключевые слова:** Дулат Исабеков, тема войны, «маленький человек», монтажная фраза, социальный характер, лиризм, деталь.

**B.S. Korganbekov**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

**The cognitive and artistic value of Dulat Isabekov's story  
«We Have Not Seen War»**

